

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ғылыми-көпшілік журналы

Научно-популярный журнал Павлодарского
государственного университета имени С. Торайгырова



2001 жылы құрылған
Основан в 2001 г.

ӨЛКЕТАНУ

КРАЕВЕДЕНИЕ

3-4' 2018



ӨЛКЕТАНУ – КРАЕВЕДЕНИЕ

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 17028-Ж

выдано Министерством информации и коммуникаций

Республики Казахстан

9 апреля 2018 года

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Акишев А. А., д.полит.н., профессор (главный редактор)
Марданова З. Ж., к.и.н., ассоц. профессор (заместитель главного редактора);
Рахимов Е. К., доктор PhD (ответственный секретарь);

Члены редакционной коллегии:

Аяган Б. Г., д.и.н., профессор;
Кабульдинов З. Е., д.и.н., профессор;
Абусеитова М. Х., д.и.н., профессор;
Күмеков Б. Е., д.и.н., профессор, академик НАН РК;
Михаил Адамиак, доктор PhD (Польша);
Артыкбаев Ж. О., д.и.н., профессор;
Пивовар Е. И., д.и.н., профессор (Россия);
Жан Люка Банора, доктор PhD, профессор (Италия);
Абдулвахан Кара, доктор PhD, профессор (Турция);
Токо Фудзимото, доктор PhD (Япония);
Уильям Фиерман, доктор PhD (США);
Мамытова С. Н., д.и.н., ассоц. профессор;
Жусупова Л. К., д.и.н.;
Мерц В. К., к.и.н.;
Ельмуратова Б. Ж., д.и.н., ассоц. профессор;
Торайгыров Е. М., к.и.н.;
Азербайев А. Д., доктор PhD;
Шокубаева З. Ж. (технический редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.
Рукописи и дискеты не возвращаются.

При использовании материалов журнала ссылка на «Өлкетану – Краеведение» обязательна.

© ПГУ им.С.Торайгырова

МАЗМҰНЫ

Адилова Е. А. <i>Қазақ қыздар гимназиясы – ұлттық тәрбие жүйесінің моделі</i>	6
Әлмұхамбетов Б. А., Берікбол Р. Р. <i>Этнокоркем мәдениеті қалыптастырудағы саяхатшы графиктердің этнографиялық суреттерінің құндылығы</i>	12
Аубакирова Р. Ж., Тайболатов Қ. М. <i>«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында ЖОО студенттерінің әлеуметтік интеллектісін дамытуда ұлттық сәйкестіктің әсерін зерттеу</i>	20
Мархабаева Г. М. <i>Әл-Фараби шығармаларындағы әлеуметтік интеллект мәселесі</i>	25
Болкеева М. Л. <i>Ингуш халқының этикеті</i>	30
Елемесов Ә. Қ. <i>XIX ғасырда Баянауыл аумағы бойынша тау-кен өндірісінің дамуы</i>	37
Қайрат Б., Зейнолаев Д., Ельмуратова Б. Ж. <i>Қазақ елінің тәуелсіздігін сақтау тарихынан</i>	44
Қалыш А. Б., Аққалиева А. Ш. <i>Ақтөбе облысының ойыл ауданының тарихи-мәдени мұрасы</i>	50
А. М. Кульмаганбетова, З. Ж. Марданова <i>«Дауа» газеті – өлкетану туралы құнды дерек</i>	56
Сейтов Н. М. <i>Павлодар облысы Тереңкөл ауданының БЖСМ-нің тарихы беттерінен</i>	61
Темірханова А. Б. <i>Ақ орда – қазақтың алғашқы мемлекеті</i>	68
Шарипов А. Т., Жусупова Л. Қ. <i>Салжұқ билігінің тарихнамасы</i>	75
Шарипов А. Т., Жусупова Л. Қ. <i>Оғыз тайпасының тарихнамасы</i>	80
Авторлараға арналған ережелер	84

СОДЕРЖАНИЕ

Адилова Е. А. <i>Казахская женская гимназия – модель национального воспитания</i>	6
Алмухамбетов Б. А., Берикбол Р. Р. <i>Ценности этнографических рисунков графиков путешественников в формировании этнохудожественной культуры</i>	12
Аубакирова Р. Ж., Тайболатов К. М. <i>Исследование влияния национальной идентичности на развитие социального интеллекта студентов Вуза в ходе реализации программы «Рухани жаңғыру»</i>	20
Аубакирова Р. Ж., Тайболатов К. М., Арунова Ж. А., Мархабаева Г. М. <i>Проблемы социального интеллекта в наследии аль-Фараби</i>	25
Болкочева М. Л. <i>Этикет ингушского народа</i>	30
Елемесов А. К. <i>Развитие горнорудного производства на территории Баянаульского региона в XIX веке</i>	37
Кайрат Б., Зейнолаев Д., Ельмуратова Б. Ж. <i>Из истории сохранения независимости Казахстана</i>	44
Калыш А. Б., Аккалиева А. Ш. <i>Историко-культурное наследие Уильского района Актюбинской области</i>	50
Кульмаганбетова А. М., Марданова З. Ж. <i>Газета «Дауа» – ценный источник по краеведению</i>	56
Сейтов Н. М. <i>Из страниц истории ДЮСШ района Теренколь Павлодарской области</i>	61
Темирханова А. Б. <i>Ак Орда – первое в истории государство казахов</i>	68
Шарипов А. Т., Жусупова Л. К. <i>Историография эпохи царствования сельджуков</i>	75
Шарипов А. Т., Жусупова Л. К. <i>Историография племени огузов</i>	80
Правила для авторов.....	84

CONTENTS

Adilova E. A. <i>Kazakh Women's High School – a model of national education</i>	6
Almukhambetov B. A., Berikbol R. R. <i>The value of ethnographic pictures of traveler's graphics in forming ethnoart culture</i>	12
Aubakirova R. Zh., Taybolatov K. M. <i>Study of the influence of national identity on the development of social intelligence of university students during the implementation of the program «Rukhani zhangyru»</i>	20
Aubakirova R. Zh., Taybolatov K. M., Arunova J. A., Markhabaeva G. M. <i>Problems of social intelligence in the heritage of al-Farabi</i>	25
Bolkoeva M. L. <i>Etiquette of the Ingush people</i>	30
Yelemesov A. K. <i>Development of mining production in the territory of the Bayanaul region in the XIXth century</i>	37
Kairat B., Zeinollayev D., Yelmuratova B. <i>From the history of preservation of independence of Kazakhstan</i>	44
Kalysh A. B., Akkaliev A. Sh. <i>Historical and cultural heritage of the Uille district of Aktobe region</i>	50
Kulmaganbetova A. M., Mardanova Z. Zh. <i>The newspaper «Daua» – a valuable source for local lore</i>	56
Seitov N. M. <i>From the pages of the history of Children's and youth sports school of the Terenkol district of Pavlodar region</i>	61
Temirkhanova A. B. <i>Ak Orda – the first state in the history of the Kazakhs</i>	68
Sharipov A. T., Zhusupova L. K. <i>Historiography of the reign of Seljuk</i>	75
Sharipov A. T., Zhusupova L. K. <i>Historiography of the Oghuz tribe</i>	80
Rules for authors.....	84

Е. А. Адилова

магистрант, «Қазақстан тарихы» кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы; мұғалім, № 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ., 141200, Қазақстан Республикасы e-mail: adilova.erkem@mail.ru

**ҚАЗАҚ ҚЫЗДАР ГИМНАЗИЯСЫ –
ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ МОДЕЛІ**

Қазіргі Қазақстан білім берудің өзіндік ұлттық моделінің үлгісін құру үстінде. Ертеңгі күнің бүгінгіден гөрі жарқынырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек сапалы білім мен саналы тәрбиеге ғана тән. Мектептегі білім мен тәрбие оқушыларды халқымыздың бай мәдениеті негізінде тәрбиелеп, ғылым негіздерін игертіп, ой-өрісі кең, шығармашыл, іскер, салауатты азамат қалыптастыруды қажет етеді. Біздің мақаламыз қазақ қыздарын гимназияда тәрбиелудің этномәдени аспектілеріне арналған.

Кілтті сөздер: этномәдениет, қыздар тәрбиесі, гимназия, мектеп өмірі, этнопедагогика.

КІРІСПЕ

Қай қоғамның болсын жедел жаңаруы сол қоғамның талап-тілегіне, арман-мүддесіне байланысты. Жедел жаңару немесе халықаралық тілмен айтқанда, модернизация – мемлекеттің жаңа жағдайға сай дамуы мен өркендеуіне себепші кешенді іс-шаралардың жүйесі.

Аса көрнекті қазақ педагогы, ойшыл Жүсіпбек Аймауытов: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен, ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімділердің көздейтін түпкі мақсаты – осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек», – дегеніндей, бүгінгі таңдағы гимназияның алдында тұрған өзекті мәселе – нәтижеге бағытталған білім мен тәрбиені қоса бере отырып, жалпы азаматтық құндылықтарға сәйкес мінез-құлқы, құзіреттілігі қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу [1].

Этнопедагогика мен этнопсихология негізін қалаған идеялардың бірі – ер адам мен әйел адамның әлеуметтік қызметтерін сұрыпталу факторын ескеру. Бұл идеяның ұмытылуы қоғамда бірқатар жағымсыз әлеуметтік құбылыстар туғызды. Олар: ажырасу, толық емес отбасылардың, жалғыз басты әйелдердің, әкесіз балалардың, жетімдер мен қарттар үйінің көбеюі, жыныстық ауытқулар, есірткіге құмарлық т.б.

Халықтық педагогикалық идеяларды зерттей келіп, әрбір ұлттың рухани байлығы – Әйел-Ананың білімділігімен, әлеуметтік позициясымен, қоғамдағы ролімен анықталатынын көруге болатыны дәлелденді. Ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов әрбір қазаққа ең қажеттісі «туған жер, туған тіл, туған дәстүр, салт – сана, тауған тарихты білу, құрметтеу, меңгеру, ұрпақтан-ұрпаққа көздің қарашығындай жеткізу» деп ескертеді [2].

Қазақ қыздар гимназиясы түлегінің моделін құруда ұлы данышпан ойшыл

Жүсіп Баласағұнның «адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды» деген тұлға мәні туралы ой-пікірі негізге алынды [3].

Ұлттық мектепте ана тілімен қатар сол халықтың рухы, оның тарихы, географиясы, экологиясы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, елдік дәстүрі жайында жүйелі түрде білім берілуі қажет. Осы бағытты басшылыққа алған қазақ қыздар гимназиясы 1993 жылы Павлодар облысының Екібастұз қаласында ашылды.

Гимназия түлегінің моделі «Төрт құбыласы – Парасаты, Қанағаты, Әділет, Дәулеті тең, ұлтының тарихын, салт-дәстүрін, тілін, туған жерін жақсы білетін, құрметтейтін қыз бала» деген ұғымға тең. Әр сатының жас ерекшеліктеріне сай бастауыш мектеп түлегі, негізгі мектеп түлегі, гимназия түлегі модельдерінің сипаттамалары жасалған. Гимназия тәрбие жүйесінің ерекшеліктеріне сай қыздар ережесі, эмблемасы, гимназия ұстаздарының тоқтамы жасалып, әнұраны жазылған.

Оқу-тәрбие жүйесінің негізі – К. Ж. Кожаметова, Л. С. Сырымбетова, Қ. Ы. Адамованың құрастырған авторлық 1–11 сыныптарға арналған «Қыздар әліппесі» бағдарламасы және гимназия ұстаздары құрастырған «Қыздар әліппесі» хрестоматиясы. «Қыздар әліппесінің» ғаламтордағы нұсқасын www.kyzdar-alipsey.kz сайтынан табуға болады [4].

Көп жылдардан бері жүргізілген мектептердегі саясаттандыру тәлім-тәрбиенің шеттеуіне әкеліп соқты. Қазақ жастарының арасындағы адамгершілік қасиеттерінің жоғала бастауы, басқа ұлттарға еліктеуі, өз тарихына, әдет-ғұрпына деген нәмісқұрайлықтың тууына негіз болды. Сондықтан бұл бағдарламаның қазіргі кезеңде өте қажеттілігі сөзсіз.

Ұлттық тәрбие мәселелерін шешу үшін жасалған арнайы «Қыздар әліппесі» бағдарламасының мазмұны негізгі 6 бөлімнен тұрады.

– Бағыну заңы

- Тек тәрбиесі
- Қара шаңырақ
- Келін тәрбиесі
- Құрсақ тәрбиесі
- Неке тәрбиесі

«Қыздар әліппесі» аталған бағдарлама қазақ қыздар гимназиясының қыздарын оқытып, тәрбиелеуге арналған. Гимназияның оқу жоспарына жеке пән ретінде енгізілген. Бұл бағдарлама бойынша арнайы дайындықтан өткен Класс Айымдары сабақ жүргізеді. Осы бағдарлама негізінде ата-аналардың педагогикалық білім жетілдіру, толықтыру үшін арнайы Ата-аналар Университетінің бағдарламасы жасалынған.

Қазақ қыздар гимназиясында оқушылар 28 пәннен білім алады, оның 21-і мемлекеттік стандартты орындауды қамтамасыз ететін міндетті пәндер, ал қалғаны гимназияның ізгілік-әсемдік бағытына сай тандалып алынған. «Қыздар әліппесі» бұл жүйенің вариативті бөлімінде бола тұра, оқу пәндерінің жүйесінде басты орын алып, гимназия тәрбие жүйесінің негізгі өзегі ретінде гимназияның өзіндік ерекшеліктерін айқындайды.

Бұл бағдарламаның интегративтік сапасы төменгі принциптерді сақтау арқылы қамтамасыз етіледі:

- тұжырымдамалы-жүйелілік;
- педагогикалық үрдісті оның субъектісінің ментальдігіне ыңғайлау;
- этнопедагогика және этнопсихология әдіснамалық негіздерін ескеру;
- «білімнің қосақталып (жұптасып) кіру» принципі.

Бағдарламаның негізгі мақсаты: ұлттық рухани байлықты жалпы адамзаттың мәдениетімен байланыстыру негізінде ұштастыру арқылы қазақ қыздарын тәрбиелеу және оқыту.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін бағдарлама төмендегі міндеттерді орындайды:

- қоғамдық құбылыстарға тарихи және салыстырмалы талдау жасау қабілетін қалыптастыру;

– адам, қоғам, табиғат жайындағы ұғымдарды игеру арқылы өзін-өзі тәрбиелеу, өз тағдырын өзі шешу, өз ойын жүзеге асыру қабілеттерін дамыту;

– ата-бабаларымыздан сан ғасырлар бойы ұрпағына озық болған ақыл-кеңес, өсиеттерді, асыл мұрасы арқылы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін құрметтеу сезімін жетілдіру;

– өз халқымыздың мәдени мұрасын таныту арқылы әлемдік мәдениетке жетелеу.

Қазақ қыздар гимназиясының педагогикалық үрдісіне «Қыздар әліппесі» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Ұстаздар Токтамы мен Қыздар Ережесі енгізілген. Осы ережелер басшылыққа алынып ресми құжат болып табылады. Бұл бағдарлама бойынша оқытудың соңғы нәтижесі ретінде гимназия түлегінің моделі алынады.

НЕГІЗІ БӨЛІМ

«Бағыну Заңы» – қазақ халқының ежелден қыздарына тәлім-тәрбие беріп келе жатқан жазылмаған дала заңы. Бұл феноменді философиялық негізінде қараған жөн, тек сонда ғана біржақты немесе теріс түсінуден аулақ болуға мүмкіндік туады, себебі карама-қайшылықтың бірлік және күрес диалектикалық заңы осы заңның мазмұнын «күк» және «міндет», «еркіндік» және «қажеттілік» деген категориялармен толық анықтайды. Қазақ халқының бұл көне заңы өзіндік ерекшеліктерін айқын көрсетіп тек әйел затына ғана қолданылған жіне қолданылуға тиіс. Сондықтан қазақтар «біреудің еркіндігі басқа біреудің еркіндігі басталған жерде аяқталады» деген басқа этикалық заңға сүйені отырып, өз қыздарына ерекше жылылықпен қарап, құрметтеп, еркелетіп өсірген.

Расында, өзіне біреудің (қызың, апасың, әйелін, анасын) бағынышты қылатын адам қандай болу керек. Және біреуді өзіне бағынышты ете алатын хұқы бар адам

(баласы, ағасы, әкесі, күйеуі) бойында қандай жауапкершілік болуға тиіс?

«Тек тәрбиесі». Күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан дала тұрғындарының ежелгі заңдарының бірі – «Жеті ата» заңы. Генетикалық заң бола тұра бұл заңның өзіндік терең тамырлы адамгершілік маңызы бар, себебі бұл заңның орындалуы ұрпақтың жан және тән тазалығының сақталуына, ақыл-есінің дамуында кінәраттік жағдайлар болмауына мүмкіндік туғызады. Жеті атаға дейін қан араластырмауға, яғни некелесуге тыйым салынудың әлеуметтік маңызы – некесіз баланың тууына, жетім-жесірге қатыгездік, мейірімсіздік қатынастарға жол бермеуге негіз болды.

Қазіргі қазақ халқы үшін індет болып бара жатқан мәңгірттіліктің бір себебі: некесіз туған бала өзінің өткен тарихын, ата тегін, тамырын білмегендігі. Олай болса, туған халқының тарихын танып білуіне және дүниеде өз орнын табуына жол ашады. Бұны қыз бала, болашақ ана сезініп, түсінуге міндетті. Себебі, ана-ұрпақты ұрпаққа үзбей жалғап тұратын күре тамыр. Жоғарыда айтылғандардың барлығы «Тек тәрбиесі» бөлімінің мазмұны ашады.

Бағдарламада «Қара шаңырақ» бөлімінің ерекше аталып отырған себебі, қазіргі қазақтар ұлттық болмысын жоғалтқандай кезеңде бала санын шектеу, жаппай қалаға көшу (урбанизация) әлеуметтік құбылыстарының пайда болуы.

Қара шаңырақты құт көру, кие тұту – бабалардан келе жатқан бұлжымас дәстүр. Бұл – ата-баба аруағын құрметтеу белгісі. Қазақ дәстүрінде әке-шешесі үлкендерін үйлендіріп, жасауын беріп, бөлек отау етіп шығарып, ал кенже баласын ата мұрасына, сол шаңыраққа ие қылып қалдырады. Кенже баланың әулет алдындағы жауапкершілігі өте зор. Көрі әке-шешені бағып-қағу, өзінен кейінгі қарындастарының болашағына, тағдырына, жай-күйіне ол жауапты болады.

Қайтыс болған әке-шешесін өзі бас болып мұсылманшылықтың жолымен, артын жоқтатпай дұрыстап жөнелту, бастарына белгі тұрғызып, жаназа, ас-суын беру де тікелей кенже ұлдың борышы. «Қара» – әлемнің алғашқы қалпы, ежелгі байырғы, негізі деген ұғымды береді. Демек, «қара шаңырақ» деген ұғым сол әулеттің негізі деп саналады.

Адамның туып-өскен үйі, «әке шаңырағы» ер жетіп бөлек отауға шыққан кезде «қара шаңырақ», «үлкен үй» деп аталады. Ағайынды жігіттердің әке-шешелері қайтыс болса, қара шаңыраққа кенже бала ие болады. Кенже балаға ауысқан бұл ата-анасының түгін түтеткен орны, киелі шаңырақ, барлық ұрпақ үшін қадірлі, қасиетті орда есебінде қалады. Оған барлық отаулар, ұзатылған қыздар, құда-жекжаттар ырым қылып әр түрлі кит, сыйлықтар, соғым сыбағаларын әкеліп тұрады.

Қара шаңырақты қадірлеу – ата-баба аруағын қадірлеу. Кенже баласын әке-шеше «шаңырағымның, барлық жиған-тергенімнің иесі, анық мұрагері» деп те еркелетіп, ерекше жақсы көрген. Қазақтың ұлды құрметтейтіні де осыдан шығар. Егер, ұл бала болмаса шаңырақ құлайды, тек үзіледі. Ұлы жоқ ата-ананың қайғысының себебі орынды. Кенже баласы әке-шешесінің «біздің көзіміздей көр» деп қалдырған естеліктері, сонымен бірге осы жанұяға тән салт-дәстүрді, мұра ны өз кенже ұлына бұлжытпай тапсыруға міндетті. Ал ендеше, сол қара шаңыраққа келін болып түскен қыз бала өзінің мойнына түскен жауапкершілікті түсінуі керек.

«Тек тәрбиесі» мен «Қара шаңырақ» бөлімдерінің мазмұны ата-бабамыздың өткен тарихын танып білу арқылы оқушылардың өзін-өзі түсінуін қарастырса, «Келін тәрбиесі» бөлімінің мазмұны оқушылардың өз тағдырын өзі шеше білетіндей дәрежеге жеткізу жолдарын көздейді. Егер бастауыш сыныптарда қыздардың болашаққа деген ойлары,

армандары мен қиялдарында айқындалатын болса, ал жоғарғы сыныптарда болашақ өмірі жайында нақты ойлары тоғысып өзінің келешегін жоспарлай алатын, болашақ оқуын, мамандығын, жұмысын тандауы, тұрмыс құрып, үй шаруашылығын ұйымдастыруы, балаларына тәрбие беруі жайында түсініктері қалыптасуы қажет. Бұл бөлімнің негізгі мағынасы – қазақ халқы қызына, келініне қандай көзқараспен қарағандығын көрсету.

«Неке тәрбиесі». Жоғары сынып оқушыларына неке тәрбиесін беруде қазіргі мектептің әжептәуір тәжірибесі бар, бұл мәселе ұстаздардың назарынан тыс қалған емес, бірақ осы уақытқа дейін бұл мәселені шешу жолдары жеке халықтың өзіндік ерекшелігімен байланыспай жүйесіз болған. Сондықтан, бұл бөлімнің мазмұны қазақ некесінің ерекшеліктерін аша отырып, қазақ қызының жыныстық тәрбиесін рухани, адамгершілік және дене тәрбиесімен ұштастырып халықтың ілгерінді салт-дәстүріне сүйенеді. Бірақта, бұрынғы салт-дәстүрді дәл көшіруден аулақ болып, қазіргі өмірге лайықтысын (қажеттісін) ескереді.

«Құрсақ тәрбиесі». Қазақ халқы есі кіріп, бұғанасы қата бастағаннан қыз баланы ана болуға дайындаған. Болашақ ананың өмірі мен денсаулығы үшін өздеріне үлкен жауапкершілік арта отырып сол кезеңде әйелдің талаптары мен сұраныстарын орындауға және оның болашақ перзентінің тағдырына негіздеген.

Әр халықтың қыздарды болашақ ана ретінде тәрбиелеу жөнінде ғасырлар бойы жинақтаған өзіндік тәжірибесі бар. Осы бөлімнің мазмұны қазіргі заман ғылымының жетістіктерін есепке ала отырып қазақ халқының тарихи тәжірибесін жариялауды көздейді.

Осы негізде жүргізілген жұмыстың барлығы да оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін ашуға және дамытуға бағытталған. Этнопедагогика, этнопсихология әдіснамалық негіздеріне

сүйені отырып және «Білімнің жұптасып кіруі» біртұтас жүйелі принциптерін негізге ала отырып, «Қыздар әліппесі» бағдарламасы басқа пәндермен байланыстырылды.

Жеке тұлғаға бағытталған тәрбие үрдісін ұйымдастыруды жаңа педагогикалық технологиялар негізінде жүргізу тәрбиеге қатысушы субъектілер арасында жаңа байланыстар мен қатынастар туғызды. Кафедра, шығармашылық топ, класс айымдары институты секілді жаңа құрылымдар тәрбиенің мазмұны мен түрінің, әдіс-тәсілдерінің тереңдеп түрленуіне мүмкіндік береді. Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда класс жетекшілердің әдістемелік бірлестігі – класс айымдары институтының жұмысы маңызды роль атқарады.

Қазақ қыздар гимназиясының психологиялық жүйесінің атқарар істерінің ауқымы мол. Тұлғаның құндылығы, рухани дүниесінің байлығы тәрбие үрдісінде ізгілікті көріністің нақты формасы болып табылады. Гимназияда тәрбие жүйесінің барлық тармақталған компоненттері өзара тығыз байланыста ортақ мақсатқа жұмылдырылған. Құндылықтар, білім-ілім, интеллект және шығармашылық, ынтымақ, денсаулық, әуестену әлемі, болашақ кәсіби маман жүйенің мазмұндық сипатын ашады.

Тәрбие жүйесі педагогикалық жүйенің негізі болғандықтан, жеке тұлғаның дамуына тиімді және мақсатты бағыттағы рухани-адамгершілік, дүниетанымдық-мәдени, азаматтық-саналылық күзінеттіліктерін қамтиды. Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының алатын орны ерекше. Өзін-өзі басқаруды жүйелі ұйымдастыру – оқушыларды басқару ісіне тарту арқылы белсенді субъект ретінде өзін-өзі ынталандыруға, дамытуға, тәрбиелуге жағдай жасау.

Гимназияда бірнеше жылдан бері рейтинг-рангілік жүйе жүргізіліп келеді.

Рейтинг-рангілік жүйенің оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын жүйелі ұйымдастыруда маңызы өте зор. Бұл жүйені оқу-тәрбие көрсеткіштері қамтылған әр түрлі параметрлер бойынша оқушылар жүргізеді де, класс айымдары бақылап отырады.

Нәтижесінде «Таңдаулы ай оқушысы», «Таңдаулы класс», «Таңдаулы жыл оқушысы», «Ең таңдаулы класс» номинациялары шығарылады.

Сонымен қатар оқушылармен тәрбие жұмысы пәндік және эстетикалық үйірмелер мен клубтар, дәстүрлі іс-шаралар («Анаға қарап қыз өсер», «Парасатты Әйгерім», «Анам, айым және мен», «Жүзден жүйрік», «Қасиетті жетілік», «Әнші де биші балапан», «Үкілі домбыра», «Толағай» т.б.), құқықтық білім беру мектебінің жұмысы, тақырыптық тәрбие сағаттары қоғамдық мекемелермен үздіксіз байланыс арқылы жүзеге асады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бағдарламаның міндеттері мен принциптері айқын көрсетілген, мақсаттары өте құнды тәрбие көздеріне бағытталған. Тақырыптары әрбір қазақ қызының тал бойына жарасқан әдемілігі мен болмысына, әдептілігіне, ертеңгі болашақ қазақ отбасының ұйтқысы бола алуына ықпалын тигізеді сөзсіз. Қыз баланың табиғаты мен ана болу табиғатының үндестігі, сыйластық қырлары, тек және неке тәрбиесі, келін және құрсақ тәрбиесі, бағыну заңы, қара шаңырақ түсініктері бағдарламада басымдылықпен көрсетілген. Білім беру жүйесінде қыз бала тәрбиесін дұрыс қалыптастыру арқылы өмір сүру дербестігінің тұғырын бекіту ескеріліп, осы бағдарламада көрініс тапқан.

Бағдарламаның әдіснамалық бөлімінде әлемдік мәдени білім берудің озық тәжірибесін алу және оны пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асыру тиімді қарастырылған.

Гимназияда оқу-тәрбие процесінің негізгі өзегі болып табылатын

ізгілік принципі «Қыздар әліппесі» бағдарламасында жүйелі түрде көрсетілген. Бағдарламаның негізгі мақсатында көрсетілген ұлттық мәдениет арқылы әлемдік мәдениет деңгейіне көтерілу – игі істердің бірі болмақ.

Қорытындылай келгенде, бағдарлама жан-жақты ойластырылып, мемлекеттік стандартқа сәйкес, білім беру жүйесінің алшақ принциптерін ұстанған негізде жасалған, ғылымилығы басым, өмір талабына сай үндестіріле жасалған.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Аймауытов, Ж.** Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы : Ғылым, 1999. – 110–290 б.

2 **Шаханов, М.** «Эверестке шығу» – Алматы : Атамұра, 2003.

3 **Сарбасова, Қ. А.** Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегінің тарихи-педагогикалық мәні // Қазіргі

кезендегі тұлғаның үйлесімді дамуына қатысты өзекті мәселелер : халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана : ҚазМАТУ баспаханасы, 2007. – Б. 32–35.

4 Р www.kyzzdar-alippesy.kz [Электронды ресурс].

Материал баспаға 24.12.18 түсті.

Е. А. Адилова

Казакская женская гимназия – модель национального воспитания

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан; Гимназия № 25 для одаренных девочек, г. Екибастуз, 141200, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 24.12.18.

Е. А. Adilova

Kazakh Women's High School – a model of national education

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan; Gymnasium № 25 for Gifted Girls, Ekibastuz, 141200, Republic of Kazakhstan. Material received on 24.12.18.

Современный Казахстан находится на пути создания самобытной национальной модели образования и воспитания. Будущее станет намного лучше, чем настоящее только при качественном образовании и разумном воспитании. Для формирования всесторонне развитого, грамотного, инициативного гражданина в школе необходимо проводить воспитательную работу на фундаменте богатой этнической культуры казахского народа. Наша статья посвящена этнокультурным аспектам воспитания казахских девочек в гимназии.

Modern Kazakhstan is on the way to creating a distinctive national model of education and upbringing. The future will be much better than the present only with a quality education and a sensible upbringing. For the formation of a fully developed, literate, enterprising citizen in school, it is necessary to conduct educational work on the foundations of the rich ethnic culture of the Kazakh people. Our article is devoted to the ethnocultural aspects of the education of Kazakh girls in the gymnasium.

Б. А. Әлмұхамбетов¹, Р. Р. Берікбол²

¹п.ғ.д., профессор, директор, Педагогика және психология институты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы; ² PhD докторант, «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы, Педагогика және психология институты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹al.berik@mail.ru; ²rahat.berikbol@yandex.kz

**ЭТНОКӨРКЕМ МӘДЕНИЕТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
САЯХАТШЫ ГРАФИКТЕРДІҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ
СУРЕТТЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

Мақалада Қазақ даласына XVIII ғасырда экспедициялар құрамында мекен-жайлардың топографиялық бейнесін түсіретін, картографиялық басқа да жұмыстарды орындауға келген суретшілердің, этнографиялық суреттері талданады. График суретшілердің келуіне ықпал жасаған экзогенді – сыртқы факторлар әсерінен қазақ тақырыбына алғашқы кәсіби графика өнерінің туындауының шығу процесі көрсетілді. Суретші графиктердің этнографиялық суреттері Ресей, Франция, Германия сияқты елдердің баспасөз беттеріне басылып және жеке жинақ альбом болып шыққандығы баяндалады. Қазақ мәдениеті мен өмір тіршілігін бейнелеу өнері құралдарымен Ресей және Европаға танытқан алғашқы өнер туындылары болғандығы айтылады. Этнографиялық суреттердің қазақ тақырыбына орындалған алғашқы кәсіби графикалық туындылар ретінде және болашақ көркем білім мамандарының этнокөркем мәдениеті қалыптастырудағы құндылығы қарастырылады.

Кілтті сөздер: Этнокөркем, мәдениет, графика, суретшілер, этнография, картография, эндоген, экзоген.

КІРІСПЕ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «...замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [1]. Елбасы жолдауында айтылған елдің ұлттық-рухани тамыры ол ғасырлар қойнауынан жеткен мәдениет десек оның ажырамас бір бөлігі өнер.

Болашақ мамандардың этнокөркем мәдениетін графика өнерінің туындылары арқылы қалыптастыруда, графика туындыларын айқындап алу керек.

Қазақстанның көркемөнер мәдениетінің тарихы өзінің түп тамырын ғасырлар қойнауынан бастайды.

А. Сейдімбеков тарих, этнография, этномәдениет, фольклорлық материалдардың негізінде жазған «Күңгір-күңгір күмбездер» атты еңбегінде «Кез келген халықтың алыс заманалардан бері қалыптасқан өзіндік болмыс бітімі, салт дәстүрі, материалдық және рухани мұралары – сол халықтың ғұмыр жолының айнасы» [2, 14 б.] – деген. Біз қазақ халқының болмыс бітімі, салт дәстүрі, өмір тіршілігі көрніс тапқан алғашқы кәсіби график суретшілердің туындыларын қарастырамыз.

Қазақ тақырыбына арналған алғашқы кәсіби суретшілердің орындауында графикалық туындылар XVIII-ші ғасырда көрніс таба бастады. Бұған ұлт тарихында сыртқы факторлардың әсері болды. Қандайда бір ұлтты алсақ оның тарихындағы сыртқы факторлардың араласуы мәдениетіне, қалыптасқан өмір тіршілігіне өз әсерін тигізеді. Біз қарастырып отырған графика өнері мәдениеттің, қоғамның ажырамас бөлігі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

XVIII ғасырдың 30-шы жылдарында Қазақстанға кәсіби график суретшілер келді олардың негізгі мақсаты қазақ даласы мен мәдениетінің этнографиялық тұрғыда зерттеп бейнелеу болды. Өлкені тарихи, археологиялық, этнографиялық және ғылыми-танымдық зерттеу басталды. Ғылыми және елшілік сипаттағы керуендер қазақ даласын кезіп кетті. Көптеген экспедициялар құрамында мекен-жайлардың топографиялық бейнесін түсіретін, картографиялық басқа да жұмыстарды орындайтын суретшілер келді [3, 5 б.].

Қазақстанда болған алғашқы графиктердің бірі ағылшын Джон Кэстль еді. Ол 1736 ж. Орынбордан Әбілхайыр ханның ордасына сапар шекті. 1784 ж. неміс тілінде оның күнделіктері басылып шықты. Онда 13 бет графикалық иллюстрация желімделген. Қазақстанның XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы шынайы көрнісін белгілі дәрежеде бейнелейтін бұл иллюстрациялар ерекше қызығушылық туғызды. Солардың «Әбілхайыр ханның портреті», «Кэстль хан қабылдауында», «Ералы сұлтан, толық қаруланған бұқар ақыны және бас қызметші Күдері батыр», «Қазақтар сәлемі», «Қазақ отбасының көші», және басқалар.

1768–1774 жж. Қазақстанға бірнеше академиялық экспедиция келіп кетеді. П. Паллас отряды Еділ бойын, оңтүстік Оралды, Батыс Сібірді зерттеді (XVIII–XIX-шы ғасырдың басында «Сібір»

ұғымына Қазақстанның бірталай бөлігі кіретін солтүстік – шығыстағы жерлер.

Палластың «Ресей империясының әр түрлі провинциясына саяхат» жұмысы (СПб., 1773) Николай Дмитревтің түп нұсқасы негізінде суретші Г. Г. Гейслер гравюраларынан иллюстрацияланған. Тағы бір зерттеу отрядының басшысы саяхатшы және табиғат зерттеуші И. Г. Гюрги болды (1729–1802). Петербордан 1779 ж. оның «Ресей мемлекетін мекендейтін барлық халықтардың жазбасы» атты кітабы шықты. Онда И. Г. Гюргидің суреттерін гравюралаған «Ат үстіндегі қазақ», «Қазақ әйелі» атты иллюстрациялар келтірілген.

Қазақ жеріне келуші ғалым саяхатшылар еңбектері, қазақтардың сол кездегі мәдениетін, салт дәстүрлерін және сол жерде болып жатқан құбылыстарды бейнелейтін графика техникаларында орындалған суреттермен безендірілді. Саяхатшылармен бірге келуші суретшілер бейтаныс өлкеден өз көргендерін бәз қалпында дәл нышандауға тырысып, сонынан сол нобайлар бойынша суреттр салып гравюралар ойды. Саяхатшы суретшілердің гравюралық жұмыстарының ішінен өнердің үздік үлгілері де кезігіп отырады. Дегенмен «көшпенділер» өміріне үстіртін қараған орыс суретшілері қазақтардың өмірі мен тұрмысын этнографиялық тұрғыдан суреттеп, негізінен салт ерекшеліктеріне, киім үлгілеріне, үй іші жиһазының сыртқы баса көніл аударды [3, 22 б.], – деп жазды.

Қазақстанда болған ең алғашқы кәсіпқой суретшілердің біреуі Емелян Михайлович Корнеев болды. 1812–1813 жылдары француз тілінде екі томдық альбомы Парижде басылып шығады. Оған қазақ халқының тұрмыс тіршілігі бейнеленген «Қазақ сұлтаны», «Қазақ сұлтанының әйелі», «Қазақта бүркітпен аң аулау», «Орал казактарының көтерілісі» жұмыстары кірген. Е. Корнеев шығармашылығы жалпы алғанда бағыты жағынан классицизм дәстүріне көбірек саяды.

Романтизм бағытындағы суретші Александр Осипович Орловский де қазақ тақырыбына қызықпай қалмады. 1807–1811 жж. қазақтарды, олардың аттары мен қару жарағын бейнелейтін үлкен сериялы кескіндемелік жұмыстар жасайды. А. О. Орловский кейінірек орындаған графикалық жұмыстары қазақтардың 1812 ж. Отан соғысына қатысқанын айғақты дәлелі болып табылады. Ол «Салт атты қазақ», «Ат шалдырған қазақтар», «Қазақ отряды», «Қазақ қосы», «Қазақ қонысы» жұмыстарында суретші ұлттық киімнің ұсақ-түйегіне дейін зерделеп, қорамсақтағы әрбір жебені көрсетіп, қолындағы садағын ұстағанына дейін нақтыланған, оның ұлттық сән – салтанаттың ерекшеліктерін тарихи дәлдікпен көрсетуге тырысуының белгісі. Осы жұмыстарда бейнеленген қазақтардың тұрмыс тіршілігі мен киім үлгілері, әшекей бұйымдары, ат әбзалдары туралы мәлімет көзі болды [3, 6–11 б.]. 1-ші суретте Е. Корнеев пен А. О. Орловский жұмыстарынан қазақтың тұрмыс тіршілігін көреміз.



а) Е. М. Корнеев Қазақтардың бүркітпен аңға шығуы



б) А. О. Орловский «Ат шалдырған қазақтар» 1811
Сурет 1 – Қазақ өмір тіршілігі бейнеленген саяқатшы кәсіпкер суретшілер ұмыстары

Қазақ топырағына суретші ретінде алғашқылардың бірі болып (1818–1845) ген.-губернатор В. А. Перовскийдің шақыруымен 1840 ж. Орынборға келді. «Штеренберг Орынбордың табиғатын, үй тұрмысын, бет әлпетін көрсететін тамаша акварелдер мен нобайлар, қарындашпен салынған суреттер толы портфель әкелді» деп жазды. В. И. Штеренбергтің этнографиялық альбомы және «Қазақтар», «Аң аулау», «Киіз үйлі пейзаж» атты акварелдері сақталған. Осының бәрі халықтың өмірі мен тұрмыс-салтының шынайы көрністері бейнеленген дүниелер 1839 ж. Петерборда Штеренбергтің «Орынбор очерктері» деп көрмесі аталды.

Қазақ жерінде қызмет еткен кәсіпкер суретші А. Ф. Чернышовтың мемлекеттік орыс музейінің графика қорында «Қазақ балаларына арналған мектеп», Сырдарияның сол жақ жағасынан «Ақмешіт көрнісі», «Ақмешіт іші» суреттері сақталған [4]. Д. Кэстел, Е. М. Корнеев, А. Орловский, Р. Чередеев, А. И. Штеренберг, А. Ф. Чернышев және т.б. басқалары бейнелеу өнеріндегі Қазақстан тақырыбының алғашқы бастаушылары болды.

Қазақ мәдениетінен мағұлмат беретін графикалық жұмастар жасаған суретші Н. Н. Каразин болды. Белгілі өнер танушы Ф. И. Булгаков Каразиннің – талғамы жоғары, шығармашылық ойы ұшқыр,

техникасы өте жоғары бейнелі [5], – деп баға берді.

Н. Н. Каразин 1884 жылы орындалған Семей мешіті және қала көрнісі атты жұмысында бүгінгі күнге дейін Семейдің қос мұнаралы мешітінің және сол замандағы қала көрнісін бейнелеген. Бұл жұмысы арқы қала көрнісі туралы мәліметтер аламыз. 1885 жылы Н. Н. Каразин «Қазақ даласында емдеу» атты жұмысында қыл арқанды жылқы малының мойнына салы қылқындыру арқылы емдеу рәсімін көреміз.

2-ші суретте Н. Н. Каразин осы аталған екі жұмысы көрсетілген [1, 55–59 б.].



а) Семейдегі мешіт және қала көрнісі 1884



б) Қазақ даласында емдеу 1885
Сурет 2 – Н. Н. Каразинның графикалық суреттері

Украин ақыны, суретші, ойшыл, Т. Г. Шевченко қазақ жеріне жер аударылып (1847–1857), алғашында Омск, кейінірек Маңкыстаудағы Новопетровскө (қазіргі Форт-Шевченко) камалында болған кезінде жазу мен сурет салуына тыйым

салнуына қарамастан кескіндемелік, графикалық еңбектерінде қазақтар өмірін өз тұтастарымен салыстырғанда терең ашып суреттеді.

Қазақстанда болған уақытында Т. Г. Шевченко 450-ге жуық сурет салады. Соның 350-і қазақтардың тұрмысы мен өмір салтына, өлкеңің табиғатына, ескерткіштеріне арналған. Олар Киевтегі Т. Г. Шевченко музейінде сақтаулы. «Қазақ баласы пеш жағып отыр», «Қазақтар от басында», «Ат үстіндегі қазақ», суреттері үлкен сүйіспеншілікпен жылулық сезімге толы. Ол жұмыстар шебер өңделіп, толық аяқталған.

Маңғыстауда суретшінің ғимараттары, құлыптастар мен күмбездер бейнеленген сыбалары көбейді, тағдыр айдап келген жердің мәдениетіне деген ықыласы мен қызығушылығы осы сызбалардан-ақ көрінеді. Бұл суреттердің тарихи мәні ерте дүние ескерткіштерінің сәнін және ұлттық ерекшеліктер бейнеленген шын мәнісінде, Шевченко сол кездегі ең алғашқы және жалғыз суретші болған. Т. Г. Шевченконың замандасы поляк Бронислав Залесский (1820–1880) Қазақстанға саяси жер аударылған адам болатын. Дерптский университетінің студенті кезінде жасырын үйірмелерге қатысқан үшін Орынборға айдалған. 1848 жылдың көкек айында келді. Сурет салуға икемі болғандықтан Т. Г. Шевченкомен Арал экспедициясының материалдарын бірге саралауға жұмырландырады. Осы Маңғыстауда жүріп Қаратаудағы геологиялық экспедицияға қатынасады. «Қазақ әйелі», «Маңғыстау бауы», «Долы апа бейгі» және басқа суреттерін офортқа дайындайды Б. Залесский қазақ өмірін реалистік тұрғыдан бейнелейді. Оның сызбаларында киім мен тұрмыстық заттардың этнографиялық ерекшеліктері нақтылай көрсетіліп, дала көрнісі мен құлыптастар әсерлі беріледі [6, 25 б.].

Осы кезеңді тарихшы ғалым В. З. Ғалиев өзінің «Қазақстан XIX ғасыр

суретшілерінің шығармаларында» атты еңбегінде екіге бөліп қарастырады бірінші кезең «Бастама» XVIII ғасырдың 30-шы жылынан XIX ғасырдың соңына дейін аралық. Ал екінші кезеңді «Ғасырлар тоғысында» деп атады бұл XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өлкенің әлеуметтік экономикалық қатынасы мен мәдени өмірінде үлкен өзгерістер болып жатты. Осы жылдары Орынборда, Оралда, Семейде, Омбы мен Ташкент, Верный қалаларында гимназиялар ашылып, мұғалімдер семинариясы, өлке тану ғылыми қоғамдары ұйымдасып, газет-журналдар және әртүрлі басқару ұйымдарының басылымдары шығатын болды. Барлық оқу орындарда сурет пен сызу пәндері жүрді. Оларды арнаулы білімі бар мұғалімдер жүргізді. Ташкентте ерлер гимназиясында 70–80 жылдары И. А. Титов, әйелдер гимназиясында М. С. Кочуров, Түркістанның мұғалімдер семинариясында Е. И. Пустынин сабақ берді. Ғалиев ол адамдар жайлы мағұлматтың аз сақталғандығын айта отырып олардың халықтың эстетикалық тәрбиесіне қосқан үлестерінің зор екендігін айтады [3, 76 б.].

XIX ғасырдың 90-шы жылдары Омбы қаласында А. Н. Клементьев пен И. В. Волковтың басқаруымен төрт көркемсурет үйірмесі ашылады. 1907 жылға жуық «Далалық өлкенің көркемөнерді сүйошілер қоғамы» құрылып, оның мүшелігіне 20–25-тей адам өтеді. 1916 жылы «Қоғамның» жалпы жиналысы Омбыда осы өңірде туған М. Врубель атындағы көркемсурет өндірістік мектебін ашуға шешім қабылдайды.

Омбының обылыстық бейнелеу өнері мұражайында суретші А. Макконның 1917 ж. деп белгіленген екі жұмысы бар. «Далада» және «Бәйге» – ат үстіндегі қазақтар үйреншікті ортада бейнеленген. Суретші үлкен шеберлікпен киген киімінің матасына дейін анықтап, жануарлардың қимылын нақтылай, тіпті

шөп те өз орнында өсіп тұрғандай әсер қалдыратындай суреттейді.

Александр Эдуардович Макко (1851–1925) Мюнхендегі көркемсурет Академиясында, сосын Петерборда оқыған. 1874 ж. кластан тыс суретші атағын алады. Қазақ жеріне аяқ басқан суретшілердің бірі Николай Гаврилович Хлудов (1850–1925) болды. Хлудов 1877 ж. Верныйға келіп, содан өмірінің соңына дейін тұрады. Н. Г. Хлудов пен Глушковқа Құлжа өңірінің халықтарының этнографиялық альбомын жасауды тапсырады. Артынан Түркістанның генерал-губернаторы Верныйға хат жазып: «1879 ж. басталған этнографиялық альбомды Ташкент пен жалпы Түркістан округі бойынша сақталған ескерткіштердің ерте дүние құрлыстарының сурет сызбаларын толықтыру үшін Ташкентке Жетісу обылысы басқармасының сызушысы Н. Г. Хлудов үш айға жіберілсін» Қорындысында, суретші Ташкент пен Самарқаннан 64 сурет салып келді [7].

Н. Г. Хлудов ұстаздық еткен тәлімгер ол Ә. Қастеев, С. Чуйков, Г. Брылов, Маслецовтар сияқты суретшілерге сурет өнерінің қыр сырын үйретті. 1910 жылдан 1917 жылға дейін суретші Верный бастауыш училищесінде, әйелдер гимназиясында және мұғалімдер семинариясында суреттен сабақ береді.

Н. Г. Хлудов өмірінде ең басты орын алатын іс-сурет өнер шығармашылығы. Ол 1910 ж. бастап, Мәскеу мен Петербордағы көрмелерге тиянақты түрде қатысып тұрған. Суретші туындыларының негізгі тақырыбы – қазақ ауылы көшпелі өмірінің барлық сәттерін қамтып, жергілікті халықтың өмір тірлігін көрсету. Хлудов назары адамдардың шаруашылығы, еңбегі мен зейнетіне ауған: «Отынға бару» (1886), «Әйелдер жүн сабап жатыр» (1889), «Дауылда қалғандар» (1896), «Бұқаға мінген қазақ әйелдері» (1916) және т.б. Хлудов қазақ халқының

мәдени құндылықтары көрініс тапқан 130 шығармасы мұра болып қалды.

Осы кезеңде Семей қаласы көркемөнердің ерекше бір орталығы болды. Мұнда көркемөнер Академиясының түлегі П. М. Давыдов, сурет мұғалімі В. Винокуров және қазақ халқы өнерін зерттеуге үлкен үлес қосқан В. Н. Белослюдов қызмет етеді.

Виктор Николаевич Белослюдов (1883–1916) Семейде туған. 1889–1905 жж. Мәскеудегі Строганов училищесін С. В. Иванов пен М. К. Первуниннен бітіріп шықты. Оқуын аяқтаған соң Белослюдов шетелге бару мүмкіндігінен идеялық пайымдаудың әсерінен бас тартады: қайда болса да, бір жаман қалашыққа да барамын, әйтеуір құдай қолдаса бәрі бір... Тек байларға қызмет жасамасам. Тек өз басыма бөле таппай, алтын көрсем, жолдан таймай жүрсем болды деп, ол Семейге қайтып оралды да, сурет пәнінен мұғалім боп, балалардың эстетикалық тәрбиесіне көп еңбек етеді.

Л. Попов, Г. И. Гуркин, П. В. Кузницов, И. В. Исупов сияқты суретшілер туындылары қазақ халқының мәдени құндылықтарынан мағұлмат береді [8]. Осы кезең суретшілерінің графикалық туындыларына жасаған талдау. Саяхатшы суретшілер қазақтардың өмірі мен тұрмысын этнографиялық тұрғыда бейнеледі. Бізге бұл графикалық суреттер болашақ мамандардың этнокөркем мәдениетін қалыптастыруда ұлт мәдениетінен ақпарат беретін дерек көзі ретінде құнды деп санаймыз. Тарихи кезеңдерде ұлт тарихы мәдениеті бейнеленген туындылар ішкі және сыртқы екі фактордың бір біріне ықпалы арқылы орындалады.

Біз жұмысымызда сыртқы және ішкі факторларды өнертанушы ғалымдар еңбектерінде қолданған экзогендік және эндогендік деп алып отырмыз

1 Экзогенді – сыртқы: орыс реалистік мектебінің тікелей әсері, әлемдік бейнелеу өнерінің жанама ықпалы т.б. Мұнда

әлеуметтік, саяси, идеологиялық, тарихи факторлар да басты рөл атқарады.

2 Эндогенді – ішкі: тарихи қалыптасқан дағдылар, байырғы нышандар, ұлттық бейімделушілік пен талант т.б. Бұл психологиялық, діндік, ішкі сана-сезімнің қуаты арқылы жүзеге асып отырады [9, 21 б.].

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз қарастырып отырған кезеңде Қазақ тақырыбына кәсіби графика өнерінің туындыларының орындалуы 3-ші суретте көрсетілген экзогенді – сыртқы фактор процесі нәтижесінде орындалды. Тарих толқынындағы Қазақ даласында жүргізілген археологиялық, этнографиялық және ғылыми танымдық зерттеу жүргізілу процесстері жүрді. Нәтижесінде Қазақ даласының топографиялық, картографиялық бейнесі және қазақтардың тұрмыс тіршілігі бейнеленген этнографиялық суреттер жасалды. Қазақ даласына келген суретшілер ошақтар ашып сабақ беріп Қазақ даласымен өмірлерін біржола байланыстырды.



Сурет 3 – XVII–XIX ғғ. экзогендік фактордың әсерінен қазақ тақырыбына алғашқы кәсіби графика өнерінің туындыларының пайда болу процесі

Экзогенді – сыртқы фактор процесі нәтижесінде Қазақ тақырыбына орындалған кәсіби графика өнерінің туындылары болашақ көркем білім беру мамандарының этнокөркем мәдениетін қалыптастыру

кұралы ретінде маңызды. Графикалық туындылар қазақ халқының мәдениеті, тұрмыс тіршілігі туралы мәлімет беретін дерек көзі ретінде құнды. График суретшілер Қазақтың киім үлгілерін, салт дәстүрлерін, сол заманда болған оқиғаларды дәлдікпен өз суреттерінде беруге талпынды. Өйткені олар шығармашылық тұрғыда қарамай

этнографиялық суреттер орындады. Графикалық суреттерін өз елдерінде баспа беттеріне басып, саяхат кезіндегі суреттерінің альбомдарын шығарды. Бұл суреттер қазақ даласының мәдениетін, тұрмыс тіршілігін Ресей және Европа елдеріне таныстырған алғашқы өнер туындылары болды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламасы [Электронды ресурс]. – <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>.

2 Сейдімбеков, А. Күнгір-күнгір күмбездер : сұлулық туралы сырлар. – Алматы : Жалын, 1981. – 234 б.

3 Ғалиев, В. З. Қазақстан ХІХ ғасыр суретшілерінің шығармаларында. – Алматы : Өнер, 2005. – 160 б.

4 Щербанов, Н. М. Фольклорно-этнографическая тематика в «Уральских войсковых ведомостях». (Публикации Н. Ф. Савиева за 1867–1885 гг.) // очерки истории русской этнографии, фольклористики и антропологии. Вып. IX. – М., 1982. – С. 48–62.

5 Булгаков, Ф. И. Альбом академической выставки. – СПб., 1867. – С. 7.

6 Паламарчук, Г. П., Судак, В. Е., Жомарт жүрек Қазақстан Т. Г. Шевченконың творчествосында. – Алматы : Өнер, – 1982. – 150 с.

7 ЦГА РК Ф.44. Оп. 1Д.39027. Л.52.

8 Блоков, Ф. Творчество художника Н. Г. Хлудова // Труды Казахского научно-исследовательского института национальной культуры. Вып. I. – Алма-Ата – М., 1935. – С. 138.

9 Қорғабекова, Р., Жұбаниязова, Г. Бейнелеу өнері тарихы. – Алматы : МерСал ЖШС, 2004. – 160 б.

Материал поступил в редакцию 24.12.18.

Б. А. Алмухамбетов¹, Р. Р. Берикбол²

Ценности этнографических рисунков графиков путешественников в формировании этнохудожественной культуры

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, 050010, Казахстан Республикасы.
Материал баспаға 24.12.18 түсті.

B. A. Almukhambetov¹, R. R. Berikbol²

The value of ethnographic pictures of traveler's graphics in forming ethnoart culture

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan.
Material received on 24.12.18.

В статье анализируются этнографические рисунки художников, которые пришли в составе экспедиции в казахские степи в XVIII веке для снятия топографических образов местностей и выполнения других картографических работ. На появление первых профессиональных графических работ на казахской тематике повлияли экзогенные – внешние факторы, которые способствовали появлению графиков художников. Также рассказывается, что этнографические рисунки графиков художников были опубликованы в прессе таких стран, как Россия, Франция и Германия, и был выпущен как личный сборник альбом. Также говорится о том, что они были первыми произведениями искусства, которые демонстрировали России и Европе культуру и образ жизни казахов. В формировании этно-художественной культуры у будущих специалистов художественного образования, рассматривается ценность этнографических рисунков в качестве первых профессиональных графических произведений на казахскую тему.

The article analyzes the ethnographic drawings of artists, who came as part of an expedition to the Kazakh steppes in the XVIII century, to take topographic images of localities and to perform other cartographic works. The emergence of the first professional graphic works on the Kazakh theme was influenced by exogenous – external factors that contributed to the appearance of the graphic artists. It is also said that the ethnographic drawings of the graphic artists were published in the press of such countries as Russia, France and Germany, and were released as a personal collection of the album. It is also said that these were the first works of art that showed the culture and lifestyle of the Kazakhs to Russia and Europe. In the formation of ethno-artistic culture in future specialists of art education, the value of ethnographic drawings is considered as the first professional graphic works on the Kazakh theme.

Р. Ж. Аубакирова¹, Қ. М. Тайболатов²

¹п.ғ.к., профессор (ҚР), п.ғ.д. (РФ), «Психология және педагогика» кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;
²магистр, оқытушы, «Психология және педагогика» кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы
 e-mail: ²kuandik_94@inbox.ru

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТІСІН ДАМУДА ҰЛТТЫҚ СӘЙКЕСТІКТІҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Мақалада авторлар, әлеуметтік интеллект пен ұлттық сәйкестік арасындағы байланысты аша отырып, жастардың ұлттық сәйкестігін дамытуда әлеуметтік интеллектті қолданудың жолдарын айқындауға әрекет жасаған. Ең алдымен, әлеуметтік интеллект ұғымына әдіснамалық тұрғыдан анықтама берілген.

Кілтті сөздер: әлеумет, интеллект, ұлттық сәйкестік, тәрбие ісі.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда жастардың бойындағы патриоттық сезім мәселесі құлдырап бара жатқаны сезіледі. Осы орайда Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы еліміздің рухани дамуына оң серпін берді. Осы мақалада «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиеттеріміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» [1], – деп дәп басып айтқаны жаһандану заманындағы өзекті мәселеге айналып отыр. Өйткені қазіргі жастар бойында ұлттық сәйкестігіміз жойылып бара жатыр. Ал жастар біздің болашағымыз екенін жоққа шығара алмаймыз. Көптеген қазақ ұлты орыс тілдерінде сөйлеп, ойлауы да сол тілде қалыптасқан. Яғни, олардың басқа тілде ойлап, олардың менталитеттерін қабылдауы, тәрбие мәселесіне де өз ықпалын тигізеді. Сол себепті де біз жастардың әлеуметтік интеллектін және оның ұлттық сәйкестілікке әсерін зерттегенді жөн көрдік.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Әлеуметтік интеллект» терминін 1920 жылы Э. Торндайк ғылымға енгізді. Әлеуметтік интеллект туралы зерттеген шетелдік, Ресейлік және Отандық ғалымдарды бөліп көрсетуге болады. «Әлеуметтік интеллект» ұғымын шетелдік ғалымдар Дж. Гилфорд, Н. Кэнтон, М. Аливен, Р. Стернберг зерттеген болса, ал Ресейлік ғалымдардан И. Б. Кудинова, Т. В. Манянина, Д. А. Ростовых, Е. В. Беляева, Н. А. Кудряцева қарастырған. Отандық психологияда бұл мәселе тек ХХғ. соңында ғана зерттеле бастаған, салыстырмалы түрде жаңа бағыттағы зерттеулер қатарына жатады. Қазіргі таңда С. К. Кенжебаева «Болашақ педагогтердің әлеуметтік интеллектісінің дамуындағы психологиялық ерекшеліктер» тақырыбында, ал А. Н. Умирбекова «Болашақ бастаушы сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» тақырыбында докторлық диссертация жазған.

Олардың еңбектерінде әлеуметтік интеллектінің қалыптасу, даму мәселесі, оның құрылымы, қызметі, кәсіби іс-әрекеттегі рөлі, академиялық интеллектімен байланысы ашылады. Бірақ ғылыми мектептердің өкілдері зерттеу бағыттарына байланысты әлеуметтік интеллект ұғымын әртүрлі анықтайды: басқа адамдармен сыйыса алу, басқа адамдарды біле алу, басқа адамдармен түсінісуге қабілеттілік, басқалардың жағдайын қабылдай алу, өзін басқаның орнына қоя алу, басқа адамдардың мінез-құлық мотивациясын, сезімдері мен көңіл-күйін дұрыс бағалауға қабілеттілік. Әлеуметтік интеллект ұғымына қазіргі таңда бірнеше анықтамалар беріліп жүр. Соларды талдағанды жөн көрдік (кесте 1).

Кесте 1 – «Әлеуметтік интеллект» ұғымына контент-талдау

№	Анықтама	Автор
1	Әлеуметтік интеллект ұғымына бірнеше анықтамалар беріледі: - басқалармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі; - адамдармен тіл табыса білу қабілеті; - адамдар туралы білім; - басқа адамдардың әрекеттерінің сезімді көңіл-күйін және мотивациясын сыни және дұрыс бағалау қабілеті; - басқалармен оңай түсіну қабілеті, олардың орнына кіру, өзін басқа орынға қоя білу қабілеті.	Н. Крылова [2]
2	Әлеуметтік интеллект – әлеуметтік іскерліктер мен қызметтіліктің бір компонентін құрайтын әлеуметтік құбылыстарды тану қабілеті ретінде.	Д. В. Ушаков [3]
3	Әлеуметтік интеллект – интеллектуалдық, тұлғалық, коммуникативтік және мінез-құлықтық бітістері негізінде қалыптасатын, өзіндік реттеу процесінің қуаттылығын қамтамасыз ететін жаһандық қабілет, ол тұлғаралық жағдаяттың дамуын болжауға, әлеуметтік өзара әрекет пен шешім қабылдауға тұлға дайындығын түсіндіруге көмектеседі.	В. Н. Куницына [4]
4	Әлеуметтік интеллект - коммуникативтік эмпатиядан кешірек дамиды, оның қалыптасуы мектептегі оқумен байланысты болып келеді. Бұл кезеңде балалардың қарым-қатынас шеңбері ұлғаяды, сезитивтілігі, әлеуметтік-перцептивтік қабілеті, өзгенін сезімін тікелей қабылдаусыз-ақ сезіну қабілеті, децентрация қабілеті (өзге адам пікірін ұғыну, өзгелер пікіріне өзе білуі) дами түседі.	С. А. Тукебаева [5]

5	Әлеуметтік зияттылық – әлеуметтік зияттылық адамның ерекше бір мүмкіндігі, ол оның әлеуметтік іс-әрекет аясы, қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттестіктер үрдісінде қалыптасады. Әлеуметтік зияттылық тұлғаның жеке дара сапасы. Осы негізде әлеуметтік зияттылық тұлғаның өз-өзіне қатынасын, өз іс-әрекетінің нәтижесін болжамдап білуді, өзіндік мінез-құлқын тануды көрсетеді.	А. Н. Умирбекова [6]
---	--	----------------------

Осы берілген анықтамаларды талдай келе, әлеуметтік интеллект дегеніміз адамдармен тіл табыса білу қабілеті және қарым-қатынасты зияткерлік арқылы басқару деген анықтама бергенді жөн көрдік.

Қазақ ойшылдары да әлеуметтік интеллект туралы қарастырған. Әсіресе Абай Құнанбаевтың еңбектерінде жиі кездеседі.

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын, Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын. Ақылдылар арланып ұялған соң, Ойланып түзеле ме деп айтқанмын. Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын, Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін. Көздің жасы, жүректің қаныменен Ерітуге болмайды ішкі мұзын. Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін, Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін. Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді, Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін. Адасып аландама, жол таба алмай, Берірек түзу жолға шық, қамалмай.

Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ, Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай [7], – деп жастар бойындағы білімнің таяздығына, яғни жастарды білім арқылы, зияттылық арқылы жағымды қарым-қатынасқа, тәрбиелікке шақырады. Әлеуметтік интеллект ұғымына қазақ халқының мәдениетті, салт-дәстүрі, ырым-тиымының қосар үлесі зор. Сол себепті де әлеуметтік интеллект мәселесіне ұлттың сәйкестігі де маңызды рөл атқарады.

Ең алдымен, ұлттық сәйкестік дегеніміз не? Оған берілген көп анықтаманы сүзгіден өткізіп сипаттасақ, Р. К. Кадыржанов «Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана» деген еңбегінде оған былай

анықтама береді, ұлттық сәйкестік – нақты бір ұлттың жаһандану жағдайында бәсекелестікке төтеп беру қабілеті және сол бәсекелестікте тірек ететін ұлттың күш-қуаты [8].


Қазіргі таңда осы сәйкестік ұлттың өркендеу мүмкіндігінің көрсеткішіне айнала бастады. Егер сен бүгінгі жаһандық экономикалық, техникалық және әлеуметтік-мәдени оң өзгерістерге дер кезінде бейімделе алсаң, алаөкпе уақыттың шаңын қауып қалмайсың. Сырт қарағанда барынша түсінікті. Кімнің жұрттан қалғысы келеді дейсің. Түлкі заманды тазы болып шалуға бәрі пейілді. Алайда сәйкестенудің де қыры мен сыры бар.

Дербес елдер, әсіресе, тәуелсіздікке қолы зорға жеткен бұрынғы отар елдер, ұлттық қадыр-қасиеті ғасырлар бойы үстемдік еткен режімдердің қанжығасында кетіп, түпкі қасиетін қалпына келтіруді күні-түні ойлаған елдер ғаламға ұлттық қанын суытпай бейімделудің жолын іздеп тоқсан толғануда. Дәл осы жерде ұлт пен ұлттың тағдырын қолына ұстаған тұлғалардың саяси-рухани біліктілігі, жаңаша ойлау қабілеті сынға түскен. Адамзаттық жалпыға ортақ өркениетті жатсынып, іштей де, сырттай да тұйықталған мемлекеттер де бар, жаһандық жаңғыруға ұлттық беделін сақтай отырып еркін қосылудың орайлы жолын тапқандар да жоқ емес.

Әлеуметтік интеллект пен ұлттық сәйкестікті зерттеу барысында жоғары оқу орын студенттеріне сауалнама жүргізіп көрген едік. Сауалнамаға педагогикалық мамандық студенттерінен 35 студент қатысты. Зерттеу нәтижесі төмендегідей.


Студенттерде әлеуметтік интеллект деген түсінікті қалыптастыру барысында, сауалнама жүргізген едік. Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің басым көпшілігі білмеймін яғни ұғымды түсінбейді, кейбіреулері жеке қабілеті, ақыл, ойы, жеке көзқарасы, өзге адамдарды құрметтеу, тіпті компьютермен

байланысты шығар дегенде жауаптар алынды. Бұдан көретініміз студенттерде әлеуметтік интеллект ұғымына қатысты түсінік толығымен қалыптаспағандығын аңғартады (сурет 1).



Сурет 1 – «Әлеуметтік интеллект» ұғымына студенттердің берген түсініктері


Сонымен қатар, эмоционалды интеллект ұғымын анықтау мақсатындағы сұраққа студенттердің басым көпшілігі, эмоционалды интеллект ұғымын білмейді, адамның өзінің көңіл-күйі, эмоциясы, адамдардың эмоционалды күйіне бейімделу деп түсінсе, кейбіреулері эмоцияға салынып қабылдайтын шешімдер, ойлау қабілеті жоғары деп түсінеді екен (сурет 2).



Сурет 2 – «Эмоционалды интеллект» ұғымына студенттердің берген түсініктері


Әлеуметтік, эмоционалды интеллект ұғымдарын анықтағаннан кейін, «ұлттық сәйкестік» ұғымын анықтадық. Сауал нәтижесі бойынша, ұлттық сәйкестік дегенді өз ұлтының тілін, дінін білу, патриоттық деп білсе, көпшілігі білмейтін, ал кейбіреулері екі ұлттың бір біріне сәйкес

келуі, адам мен қоғам сәйкестігі деп жауап берді (сурет 3).




Сурет 3 – «Ұлттық сәйкестік» ұғымына студенттердің берген түсініктері

«Әлеуметтік интеллект ұғымы мен ұлттық сәйкестік ұғымы арасында байланыс бар ма?» деген сауалға студенттердің 23 % байланыс бар, 17 % байланыс жоқтығын, 40 % білмегендерін айтса, ал 20 % жауап беруге қиналатындарын көрсеткен (сурет 4).




Сурет 4 – Әлеуметтік интеллект пен ұлттық сәйкестіктің байланысы туралы студенттердің берген түсініктері

Біздің еліміз көп ұлтты екені бәрімізге айқын, бірақ қазақ ұлты өз ұлттығын жоғалтпауы өте өзекті мәселе. Қазақ тобының студенттеріне «қазіргі таңда жастар өз ұлтына сәйкес келе ме?» деген сауалға олардың 37 % сәйкес келеді десе, 48 % сәйкес келмейді, ал 15 % білмеймін деп жауап береді (сурет 5).



Сурет 5 – «Қазіргі таңда жастар өз ұлтына сәйкес келе ме?» деген сауалға студенттердің берген жауаптары

Әр халықтың өз ұлтына сәйкес келуі өте маңызды. Әсіресе әлеуметтік интеллекті дамытуда қазақ ұлтының зияттылығы аса маңызды рөл атқарады. Сол себепті әр жасқа өз ұлтына сәйкес келетіні туралы сауалнамаға 74 % «иә», 14 % «жоқ», ал 12 % «сәйкес болуға тырысамын» деп жауап берген еді (сурет 6).



Сурет 6 – Сіз өзіңіздің ұлтыңызға сәйкесін деп ойлайсыз ба?

ҚОРЫТЫНДЫ

Студенттердің сауалнамаға берген жауаптарын талқылай келе, олардың әлеуметтік интеллект, эмоционалды интеллект, ұлттық сәйкестік ұғымдарын, олардың өзара байланысы мен өздерінің өз ұлттарына сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы білімдерін анықтадық. Яғни, студенттердің көпшігі бұл ұғымдардың мазмұнын толығымен ұға бермейді және маңызын түсіне бермейді. Сол себепті деп әлеуметтік интеллект арқылы ұлттық сәйкестікті, ал ұлттық сәйкестік арқылы әлеуметтік интеллекті дамыту қазіргі таңда одан әрі зерттеуді талап етеді.

Рухани жаңғыру жағдайында қазақ халқының менталитеті, зияттылығы

арқылы әлеуметтік интеллекті дамытып, қазіргі жастардың бойында зияткерлік

арқылы қарым-қатынас үрдісін жақсарту бүгінгі қоғамның өзекті мәселесі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы // Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 ж.

2 Антропологический, деятельностный и культурологический подходы. Тезаурус. – М., 2012. – С. 131–133.

3 Ушаков, Д. В. Мышление и интеллект // Психология XXI века / Под ред. В.Н. Дружинина. – М.: Пер Сэ, 2003. – С. 291–353.

4 Куницына, В. Н., Казаринова, Н. В., Погольша, В. М. Межличностное общение. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 2001.

5 Тукебаева, С. А. Әлеуметтік интеллекті дамытудың тиімді әдістері

[Электронды ресурс]. – http://www.rusnauka.com/11_DN_2016/Psihologia/9_211443.doc.htm.

6 Умирбекова, А. Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту. Философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дай. дисс. – Алматы, 2018.

7 Құнанбаев Абай. Рухнама. – Павлодар, 2003. – 6-кітап. – 252 б.

8 Кадыржанов, Р. К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана / Под общ. ред. З. К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 168 с.

Материал баспаға 24.12.18 түсті.

R. Zh. Aubakirova¹, K. M. Taybolatov²

Исследование влияния национальной идентичности на развитие социального интеллекта студентов вуза в ходе реализации программы «Рухани Жаңғыру»

^{1,2}Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 24.12.18.

R. Zh. Aubakirova¹, K. M. Taybolatov²

Study of the influence of national identity on the development of social intelligence of university students during the implementation of the program «Rukhani Zhangyru»

^{1,2}S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan. Material received on 24.12.18.

В статье авторы, раскрывают взаимосвязи развития социального интеллекта и национальной идентичности. В процессе исследования определены пути использования социального интеллекта для укрепления национальной идентичности студентов вуза. В первую очередь, дано методологическое определение термину социальный интеллект.

In the article, the authors reveal the relationship of the development of social intelligence and national identity. In the process of research, the ways of using social intelligence to strengthen the national identity of university students were determined. First of all, the methodological definition of social intelligence is given.

FTAMP 04.71.21/14.09

Р. Ж. Аубакирова¹, Қ. М. Тайболатов², Ж. А. Арунова³, Г. М. Мархабаева⁴

¹п.ғ.к., профессор (ҚР), п.ғ.д. (РФ), «Психология және педагогика» кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

²магистр, оқытушы, «Психология және педагогика» кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

³аға оқытушы, «Педагогика және психология» кафедрасы, «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., 100000, Қазақстан Республикасы;

⁴студент, «Педагогика және психология» кафедрасы, «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., 100000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ³kuandik_94@inbox.ru

ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі күні зерттеушілер данышпан тарихи тұлғаларымыздың еңбектерін зерделей отырып, бүгінгі күнде қолданысқа еңгізе білуі қажет. Осы орайда, қазіргі жастар арасында өте өзекті мәселелердің бірі – ол әлеуметтік интеллект мәселесі. Өйткені ол жастардың қоғамда өздерін ұстауы туралы, қарым-қатынас үрдісін зияткерлікпен басқара білу, дамыған заман үшін өте өзекті мәселе. Мақала әл-Фарабидің мұрасына арналады.

Кілтті сөздер: әл-Фараби, әлеумет, интеллект, тәрбие ісі.

КІРІСПЕ

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Сондықтан біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек» [1], – деп атап көрсетеді.

Яғни біз ұлы тұлғаларымыздың тарихи еңбектерін зерделей отырып, бүгінгі күнде қолданысқа енгізе білуіміз қажет. Осы орайда, қазіргі жастар арасында өте өзекті мәселелердің бірі – ол әлеуметтік

интеллект мәселесі. Өйткені ол жастардың қоғамда өздерін ұстауы туралы, қарым-қатынас үрдісін зияткерлікпен басқара білу, дамыған заман үшін өте өзекті мәселе.

Әлеуметтік интеллект мәселесі шетелдік және отандық ғалымдар еңбектерінде теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жан-жақты зерттелді. Олардың басым бөлігінде әлеуметтік интеллектіге адамның өзінің және өзгелердің мінез-құлқын адекватты түсіну және бағалау қабілеті деген анықтама беріледі [2].

Ежелгі шығыс ойшылдары да әлеуметтік интеллект туралы ашып, нақты айтпаса да, олардың еңбектерінде де кездесетіні анық. Біз оны Әл-Фарабидың шығармаларынан іздегенді жөн санадық.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әл-Фараби – (870–950 жылдар) – дүние жүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы (арабша: «Муаллими соний») атанған данышпан, философ, энциклопедист ғалым, әдебиетші, ақын. Ол Арыс өзенінің Сырдарияға құя беріс саласындағы ежелгі Отырар (оны қыпшақтар Қарашоқы деп те атаған) қаласында туылған.

Әл-Фарабидің толық аты-жөні: Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн узлағ Тархани - деп жазылатын болған. Мұндағы тархан сөзі екі нәрсені аңғартады: біріншіден, әл-Фарабидің түркі тектес ру-тайпалардан шыққанын білдіреді. Екіншіден, оның ата-бабасы дәулетті, қыпшақтар арасында есімі белгілі кісілер болғанын көрсетеді. Өйткені қыпшақтардың атақтылары ғана дәстүр бойынша тархан деп аталатын болған [3].

Әл-Фарабидің әлеуметтік-қоғамдық және этикалық көзқарастарын танытатын туындылары да аз емес. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, әсіресе «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында» деген сияқты еңбектерінің мәні ерекше зор. Әл-Фараби еңбектерінде әлеуметтік интеллект ұғымы кездеспеседе, оны өлең жолдарынан, нақыл сөздерінен байқай аламыз.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген нақыл сөзінде, адам біліммен қатар тәрбиені де бойына сіңіре алуы қажет деп есептейді. Егер де білім алға шығып, ал тәрбие артта қалып қоятын болса онда толыққанды тұлға қалыптасып шықпайды. Білім – белгілі бір ұзақ мерзімде сақталатын ақпараттық жиынтық қана. Ал, тәрбиеге келетін болсақ, адамның күллі жан дүниесіне әсер етіп қана қоймай, тұлғалық ерекшеліктерді қалыптастырады. Сол ақпараттық жиынтықты дұрыс

қолдана білуге тек тәрбиенің ғана күші жетпек. Сондықтан, екеуі қатар жүрсе толыққанды тұлға қалыптасып қана қоймай, болашағынан көп үміт күттіретін әлеуметтік интеллекті дамыған бәсекеге қабілетті, адамгершілігі мол тұлға болып қалыптаспақ.

«Білім қуған жанның ойы күнделікті күйбеңнен көп алыста жатады», – яғни, бұл жерде айтылмақ ой, біз түкке тұрмайтын заттармен айналысып уақытымызды бей-берекет шашпай, одан да уақытымызды білім іздеумен, оқумен, еңбектенумен жұмсағанымыз абзал. Ақыл-ойы қалыптасқан, білімі дамыған адам өмірдің кез келген қиындығына мойымай, одан шығу жолын іздеп, қарастырып, тойтарыс бере алады. Адам білімді болған сайын қоғамда өзінің ұстау нормалары мен ережелерін де біле түседі.

«Ақыл-парасат күші адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш», – дейді Әл-Фараби. Кез келген іс-әрекеттің дұрыс не бұрыстығын анықтауымыз үшін біздің ақыл-парасатымыз адасқандар үшін темірқазықтай жол көрсетуші, жолда қалғандар үшін – көпір, ал үміті үзілгендер үшін – ашылар есікпен тепе-тең. Адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін аса маңызды қасиет ақыл болса, ойдың мүлдем жаңа таным-білімдерді қорыта алатын және шындықтың аса терең мәнін танып біле алатын жоғары жасампаздық қабілет ол – парасат. Демек, ақыл мен парасат адамның бойында бірдей қалыптасса, жеке ой қабілеті дамыған, оң мен солын ажырата алатын қабілетке ие бола алады.

«Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады», – бұл ойынан, кез келген ортада біз көркем түрде сабыр ете білсек, қолымыздағы барымызға қанағат ете білсек, жамандықтан жиіркеніп, жақсылыққа ұмтылсақ, кез келген істе

шыдамдылық таныта білсек, бақытты адамдардың қатарында болатынымыз айдан анық. «Келген әрбір жақсылыққа игіліктің басы деп, шын жүректен қуана алмау ең қауіпті қасірет», – деп М. Шаханов айтқандай қоршаған ортамыздан тек қана жаман құбылыстарды өзімізге жақын қабылдамай, болмашы көзге көріне бермейтін кішкентай заттардан үлкен жақсылықты, қуанышты көре алуымыз, біздің бойымызда позитивистік көзқарастың басым болуы үлкен рөл атқарады. Күнделікті өмірде, осы қарапайым ережелерді пайдалансақ, басымызға қонған бақ тұрақты болып қалуы сөзсіз.

Ойшыл, данышпан тәрбиелеу туралы былай анықтама береді: «тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту» [4]. Ақын-жырауларымыздың шешендік сөздерін, музыкалық күйлерін және ұлттық құндылықтарды адам бойына дарыта отырып тәрбиелесек, рухани жағынан кемел дамыған тұлға қалыптасары анық. Руханилық – жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды.

«Тіршілікте құрыштай бол төзімді, Сан мәрте ел алдаса да өзіңді Тағдырынды еш уақытта жазғырма Тіпті кейде болса да өзөзіл азғырған. Өрге жүзген өнегелі ісімен Танда да ал дос, өз теңінің ішінен. Жүргендер көп достықатын малданып, Алайда тек қалма оған алданып» [5]. Әл-Фарабидың осы өлеңінде төлім-тәрбие, өсиет, тағылым, достық, сабырлылық туралы жазылған. Өмір болған соң адамзат баласы көптеген қиындықтар мен жағымсыз жағдайларға тап болады. Сол қиындықты төзімділік пен сабырлықтың арқасында ғана жеңуге болады. Әл-Фараби тағдырды

жазғырмауға, өмірде бәріне шыдамдылық танытуға шақырады. Адам баласының басына жақсылық бірден келмейтінін ол үшін аянбай еңбектену керектігін, сабырлы жан қашанда арманына қол жеткізетіндігін жырлайды. Әл-Фараби адам баласының адал дос табуын, жақсы амалмен көзге көрінуін төзімді де, сабырлы болуын қалайды. Әл-Фарабидың адамзаттың мәңгілік проблемаларын көтерген шығармалары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды.

Фараби «Бақытқа жол сілтеу» трактатында бақытқа, оған жетуге бастайтын жолға айрықша назар аударады. Әл-Фараби өлгеннен кейінгі баянсыз бақыт туралы емес, тірі адамның бақыты туралы айтады. Оған жету үшін адам өзін-өзі жетілдіре отырып, қиын жолдан өтуі керек. Адамның табиғи қабілеті өздігінше жақсы қылықты да, жаман қылықты да істеуге бірдей мүмкіндік береді. Адамның жетілуі мінез-құлықтың жетілуімен үйлес келеді, осыдан келіп бақытқа жету мен мінез-құлықтың жетілуі арасында байланыс туады.

«Бақытқа жол сілтеу» трактатында және басқаларда әл-Фараби Аристотельдің әрекеттену мен қайырымды істердегі орта шама туралы пікірін дамытады. Фараби ұстамдылықты жақсы құлық деп есептейді, ал ұстамды болу үшін, шамадан тыс молшылық болса, одан жетіспеушілікке қарай ауытқып, ондай молшылықтан арылуымыз керек және керісінше, жетіспеушілік болса, біз молшылық жағына қарай ауытқуымыз керек, сөйтіп, мінез-құлқымызда ұстамдылықты қалыптастырғанша осылай ете беруіміз керек. Жоғарыда айтылғандар әл-Фарабидің адам өміріндегі «жақсылық» пен «жамандық» «тәңірден» болмай, оларды адамның өзі тандауға болатын жағдайда белсенді әрекет факторына қандай зор маңыз бергенін көрсетеді. Яғни, бұл жерде адамның мінез-құлқыны бақытқа жетудің құралы ретінде қарастырады.

Ақыл туралы ілім Фараби философиядағы ірі жетістіктер санатына қосылады. Мұндағы ақыл ұғымына кең, бүкіл әлемдік мағынада қарастырылып, оның космологиясына тірек болды. Ең жоғарғы сатысы түпкі себепті – Алла иемденеді. Алладан кейінгі екінші сатыны – аспан денелері, болмыстың үшінші сатысы әрекеттегі ақыл және оған сай төрт элементтен (топырақ, су, ауа, от) тұратын ай асты әлемі. Болмыстың төртінші сатысы – адамның жаны. Ең төменгі бесінші сатысын форма мен материя алып жатыр. Бұл схемада бір жағынан әлемнің, аспан мен жердің алшақтығы жайлы ресми мұсылман дінінің қағидаларына сәйкес келсе, екінші жағынан дүниеге материалистік, эволюциялық даму тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Фарабидің философиялық жүйесінде материяға көп көңіл бөлінеді. Ол ай астындағы дүниенің шын мәнінде бар екенін, оның айдан жоғары орналасқан дүниемен, яғни аспан әлемімен бірлікте болатынын мойындайды. Біздің, яғни айдан төмен жер бетінде орналасқан дүниеде материя мен формадан тұратын заттар, нәрселер – ақиқат. Олар негізгі бастапқы материя болып табылатын төрт элементтердің сан алуан әртүрлі қосылыстарынан тұрады.

Фараби өзінің дүниеге деген көзқарасын социология, этика және эстетика мәселелерін қамти отырып жүйелендіре, нақтылай түседі. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Бақытқа жету туралы» трактаттарында ол адам қоғамының шығуы, оның өмір сүру формалары, адамның мінез-құлқы, әділетті әкімнің бейнесі туралы ой толғайды. Ол ең әуелі өмір сүріп отырған қоғамның құрылымын талдайды. Адамдар қауымы өмір сүру ортасы ретінде қала халқын алады. Қалаларды жік-жікке бөле келіп, ол кемел де үлгілі құрылым ретінде «Ізгі қаланы» тандайды, оған жақын келетін және тұрмыстық байланыстағы құрылым

– еңбекшілер тұратын «қажеттілік қаласы» деп қарайды. Фараби әрі қарай «алыс-беріс қаласы», «бақытсыздық пен бұзылғандық қаласын» бөліп ажыратады.

Әл-Фараби өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келіп, оны «потенциалды интеллект», «актуалды интеллект», «жүре келе дарыған интеллект», «Әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фараби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллекттің өзі жүре келе, есітіп, көріп барып қана дамитынын ескертеді. Ғұламаның интеллект жөніндегі философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып барып, қазақ қауымының жана тарихи жағдайында Абай Құнанбайұлы зор білгірлікпен жалғастыра түскен [6].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, Әл-Фарабидың қандай еңбектерін алып қарасақта, адамзатты ізгілікті жолға, адамгершілікке, дұрыс тәрбиеге, көркем мінез-құлыққа шақырады. Қазіргі қоғамымызда болып жатқан түрлі құбылыстармен күресу үшін, біз Әл-Фарабидың шығармаларындағы әлеуметтік интеллекттісінен іздеуді жөн деп санадық.

Біздің қоғамымыздағы барлық адамзат Әл-Фарабидың еңбектерін оқыса, онда қоғамымыз жақсы жаққа қарай өзгерер еді. Мәселен, елімізде сыбайлас жемқорлық азайып, жанымызды жаулап жатқан ашкөздіктен, көреалмаушылықтан, әдепсіздіктен, шыдамсыздықтан, тәрбиесіздіктен арылып, бәрінің сана-сезімі, әлеуметтік интеллекті жоғары болып, бақытты қала тұрғынына айналарымыз айдан анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Нұрсұлтан Назарбаев : Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан, 21.11.2018 ж.

2 **Калаханова, С. Б.** Әлеуметтік интеллекті дамыту арқылы педагог-психологтың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру // [Электронды ресурс]. – <http://library.wksu.kz>.

3 Әл-Фараби. Рухнама. – Павлодар : Кереку-Баян кітапханасы, 2003. – 216 б.

4 Әл-Фараби. Трактат және өлеңдер / ауд. Нысаналин. – Алматы : Жазушы, 1974. – 40 б.

5 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар / Әл-Фараби; Қаз. ССР ҒА, Филос. және право ин-ты. – Алматы : Ғылым, 1975. – 420 б.

6 Екінші ұстаз Әл-Фарабидің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» пайымдамасы // Қазақ : Оқу құралы. – Алматы : Білім, 1994. – 116–129 б.

Материал баспаға 24.12.18 түсті.

P. Zh. Aubakirova¹, K. M. Taybolatov², J. A. Arunova³, G. M. Markhabaeva⁴

Проблемы социального интеллекта в наследии аль-Фараби

^{1,2}Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан;

^{3,4}Академия «Болашак», г. Караганды, 100000, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 24.12.18.

R. Zh. Aubakirova¹, K. M. Taybolatov², J. A. Arunova³, G. M. Markhabaeva⁴

Problems of social intelligence in the heritage of al-Farabi

^{1,2}S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan;

^{3,4}Academy «Bolashak», Karaganda, 100000, Republic of Kazakhstan. Material received on 24.12.18.

Современные исследователи должны изучить сочинения выдающихся исторических деятелей и ввести их в научный оборот. В связи с этим, в молодежной среде весьма важная проблема – развитие социального интеллекта, так как социализация, управление интеллектом в среде актуально для современного общества. Данная статья посвящена наследию аль-Фараби в данном аспекте.

Modern researchers should study the works of outstanding historical figures and introduce them into scientific circulation. In this regard, in the youth environment a very important problem is the development of social intelligence, since socialization, management of intelligence in the environment is important for modern society. This article is devoted to the heritage of al-Farabi in this summary.

М. Л. Болкоева

магистрант, Гуманитарно-педагогический факультет, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан
e-mail: bolkoeva.m@mail.ru

ЭТИКЕТ ИНГУШСКОГО НАРОДА

В статье на основе исторических материалов и этнографических свидетельств рассматриваются вопросы этикета ингушского народа. Представлена характеристика современного состояния культуры этикета ингушской диаспоры Казахстана. На основе чего, сделан вывод, что ингушам удалось благополучно интегрироваться в социально-культурное пространство Казахстана, благодаря сохранению традиционной культуры этикета.

Ключевые слова: ингуши, этикет, этнокультурные процессы, этносы Казахстана.

ВВЕДЕНИЕ

Самидентификация каждого народа Северного Кавказа связана с собственными морально-этическими кодексами, имеющими много общего. Фундаментальным механизмом культуры, в котором выражена кавказская культурная общность, является этикет, представляющий собой коммуникативный алгоритм.

В исторически сложившейся системе ценностей горских народов исследователи выделяют четыре основных комплекса:

- 1) воинский стиль;
- 2) гостеприимство;
- 3) культ старшинства;
- 4) семейные отношения.

В основном они сформировались в условиях традиционного общества и выступают основой культурной и ментальной идентичности до сих пор. Горские ценности воплотились в морали, этике, нравах, обычном праве народов Кавказа, причем в категоричной форме императивов долженствования.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Этикетные правила несут необходимую для социализации индивида информацию.

Самобытная ингушская культура исторически выработала этикет, близкий к культурным константам других народов Северного Кавказа. Традиционные ингушские ценности: «эздел» – благородное поведение, «яхь» – доброе соперничество, «сий» – честь, «эхь» – стыд, «сагIа далар» – милосердие, «майрал» – храбрость, «денал» – смелость, «камаьршал» – щедрость, «кьонахчал» – мужество «сабар» – терпение и т.д. отражали специфику проживания в горах, требующую, прежде всего, храбрости и мужества, и были практическим руководством поведения, а их несоблюдение приводило к отторжению [1].

В понимании ингушей этикет – это проявление нравственной культуры «эздел». Эздел учит человека тому, как следует вести себя в той или иной ситуации, закладывает в сознание основные принципы, учит благородному отношению к человеку. Эздел в понимании ингушей – это этика, нравственные нормы, благородство. Существует понятие «галIгай омал» и «эхь-эздел», что в буквальном переводе означает «ингушское поведение» и «совесть и благородство». В целом этикет выражает требования вежливости, поддерживаемые на общественном уровне, общепринятые

нормы поведения применительно к определенным условиям жизнедеятельности людей. Ревностное отношение ингушей к соблюдению правил этикета столь велико, что нарушение «правил приличия» ставит человека как бы вне закона. Ингушский этикет регламентирует всю сознательную жизнь каждого члена общества, тем самым, сохраняя его.

При всем своём свободолюбии, представитель ингушского общества в то же время не свободен, а обязан. Причём этой обязанностью он не тяготится, а признает ее вполне естественной. Обязан соблюдать традиции, обычаи, системы подчинения (родители – дети, муж – жена, старший – младший). Человек обязан жить по строго определенным канонам, в противном случае ему быть изгоем общества, что равносильно смерти. Таким образом, ингуш не волен, жить никак иначе, чем по строго установленному обычаю, если для него важно признание в среде своего народа.

«Эхь-эздел» – моральный кодекс ингушей, истоки которого основаны на чести, совести и благородстве – в древней истории народа. В нём находят отражение все стороны нравственной жизни ингушей: семейный долг, уважительное отношение к женщине, почтение к людям преклонного возраста, заботливое обращение с младшими, гостеприимство и многие другие. Понятие «галIгай омал» включает в себя все особенности ингушского характера. Сюда включен весь спектр моральных, нравственных и этических норм жизни ингуша. Быть вежливым и уступчивым – это «галIгай омал», быть гостеприимным – это «галIгай омал», быть сильным в преодолении трудностей – это «галIгай омал». Тяжелые условия горной жизни сделали необходимой взаимопомощь и взаимовыручку, которые тоже являются частью «галIгай омал».

В своих наблюдениях ещё в XIX веке исследователь Н. Яковлев отмечал: «Быт ингуша подчинен всяким правилам

тонкой обходительности, в большей мере, чем быт большинства населения наших городов и, во всяком случае, не менее, чем жизнь так называемого «высшего общества» в культурных странах. Этим и объясняется та выдержка, то умение непринужденно держать себя на людях, которыми с первого же взгляда так выгодно отличаются ингуши».

Значимой этической категорией ингушей было и остается «эздел» – благородство. Эта категория достаточно широка, под нее попадают различные проявления следования лучшим обычаям ингушской самобытности. Про человека проявляющего «яхь» ингуши говорят: «Эзди саг ва из» – «Он благородный человек». Похвальной считается характеристика «гулакхаца саг», которая характеризует готовность прийти на помощь, оказать необходимую услугу. «Гулакх» не является лишь внешней формой поведения, ибо нет в сознании ингушей противопоставления внутренней и внешней культуры. «Сих лета эздел – бохаргбоца лоаман берд» – «Внутреннее (не показное) благородство крепче скалистого берега», – говорят ингуши [2].

В ингушском языке аналогичными являются понятия «яхь» (сосязательность в благородном) и «куц». «Куц» – совершенно идеальное, должно в облике, поведении, поступках в представлениях вайнахов о прекрасном в человеке. «Яхь» базируется на категориях «эхь», «юхь», «гулакх»: «эхь хетта» – считаться с человеком, стыдливость; «юхь е» – означает уважить, услужить, удружить, не отказать просьбе; «гулакх лаца» – желание помочь, оказать услугу. Человек, следующий сочетанию этих качеств и получает характеристику «Яхь йола саг».

По сути, «яхь» – одна из самых важных морально-этических категорий этикета. Его содержание – в чувстве «соревновательности» в совершении благородных дел, добрых, общественно-полезных. Каждому ингушу

(особенно мужчине) с детства прививалось осознание того, что он не хуже остальных его соплеменников, «яхь» культивировало здоровое желание вырваться вперед, выделиться среди других людей. Стимул этот часто являлся решающим в жизни и деятельности ингушей, и формировал основные черты их ментальности. Установка «яхь» проникала во все грани ингушской жизни. Постоянное следование «яхь» открывает для личности возможности для совершенствования, ибо является этическим народным кодексом соревнования в благородстве, чести, стыде и совести.

Характеристика «Пулакхаца саг» тесно связана с категориями «эздел», «яхь», и характеризует готовность прийти на помощь, оказать необходимую услугу. Категория «сий» (честь) относится к людям, соразмеряющим свои действия с высокими нравственными требованиями: проявление мужества, стойкости духа, благородства и других лучших черт национального характера.

«Палгай Пулакх» в соблюдении этикета заключался в уступчивости во взаимоотношениях с людьми в соответствии с эхь-эздел. Это проявлялось во взаимном обхождении, в приветствии, в размещении людей за столом, в уступчивости друг другу, в подчеркнутом уважении к старшинству, во внимании к младшим по возрасту людям, в рыцарском отношении к женщине, в готовности оказать услугу человеку.

В ходе общественно – исторического развития в результате взаимодействия с окружающим миром ингуши накопили опыт эстетических отношений, на основе которого сложились каких представления об идеале прекрасного в мыслях, поведении, поступках. Сущность этого заключается в том, что красивое включает форму и их содержание.

Этикет, как и устав, ограничивает и связывает действия ингуша, обязывает считаться с нормами, принятыми в этом обществе. Скромность, сдержанность,

степенность, благородство – основные добродетели ингушского этикета, которые ценятся всегда. Сдержанность, несуетливость, простота в поведении, чуждость зазнайству всегда характеризовали достойных людей: «Сих лета эздел – бохаргбоца лоаман берд», т.е. внутреннее (не показное) благородство крепче скалистого берега. Отличительными чертами ингушского этикета является учтивое обхождение друг с другом. Ингушская этика выше всего ценит «нийсал» – моральное равенство всех людей. Верность моральному кодексу всегда отличали людей чести и достоинства.

Эздел требует вежливости и благородства манер. При этом различаются манеры и манерность, отдаётся предпочтение приоритету простоты, культурной естественности поведения. Если человек поглощён в мыслях тем, чтобы следить за каждой мелочью в своём поведении, то вместо того, чтобы благотворно действовать на его душу, поведение его становится принуждённым, неловким, лишённым всякой грации. Настоящая культура имеет место лишь там, где правила этикета, становятся внутренней потребностью, воплощаются в характере, становятся неотъемлемыми чертами человека [3].

Высокое чувство нравственности и соблюдение этикета проявляют люди благовоспитанные и имеющие денал, проявляющееся в самообладании, в способности к продолжению тягот и лишений, жизненных проблем, неудач, бедствия и горя, противодействия со стороны других лиц и общественных сил в борьбе с ними. Взаимоотношения «духа и тела» делают человека «самоорганизующейся системой». Сабар (терпимость) – это достижение внутреннего спокойствия. Внутреннее спокойствие – это важное условие сохранения ясности ума и четкости поведения. Это терпимость и терпение, как проявление высшей культуры. О значимости этого качества говорят пословицы: «Нилман корта

хьакьбал да, хьакьбал корта сабар да» – «Ученье в силе разума, сила ума в терпении».

Выразительной чертой характера человека, живущего по канонам эздел является эхь – скромность. Скромный человек никогда не стремится показать себя лучше, способнее, умнее других, не подчеркивает свое превосходство, свои качества, не требует для себя никаких привилегий, особых удобств, услуг.

Одним из принципов эздел является убеждение, что общество обязывает его быть образцом высоких нравственных качеств. Чуть ли не главной добродетелью считается честь. В идеале честь является основным законом поведения, безусловно и безоговорочно преобладающим над любыми другими соображениями. Для ингушского кодекса чести традиционно думать об этическом содержании поступка.

Зная о недостойных поступках человека, ингуш – человек достойный – не будет разглашать это, так как самое страшное наказание тот, кто отступил от нравственно должного, уже получил – имя своё растоптал и оставил недостойное наследство потомкам. Человек с добрым сердцем старается скрыть чужие недостатки и слабости.

Не случайно имя в ингушском нравственном кодексе – это чувство долга за дела и поступки свои перед собой, детьми и потомками. «Запомни: имя дороже важнее Богатства, красоты, происхождения...», – писал классик ингушской поэзии Дж. Яндиев.

Как составная часть морали этикет выполняет важную коммуникативную функцию. Знание его принципов и норм облегчает общение, повышает его культуру, позволяет избежать конфликтов и каких-либо недоразумений, связанных с оценкой культуры морального общения. Этикет выполняет свою роль только тогда, когда сочетается с внутренней моральной культурой личности и определяется ею. Чтобы иметь ясное представление об

ингушах, необходимо видеть связь между правилами поведения и этическими установками, принятыми в их кругу.

Этикет непременно содержит элемент эстетики. Внешность и манеры человека оценить куда легче, чем его истинную сущность. В то же время внешний вид и умение держаться, умение вести разговоры, обходиться с разными людьми – это тоже свидетельства нашего воспитания. Часто бывает так, что человек ещё и не заговорил, но уже определенное мнение начинает складываться о нём. В эхь-эздел имеет значение внешний облик человека. Человек должен быть прилично одет, иметь сдержанные манеры, не быть многословным. Какой бы красивой фигурой и чертами лица ни одарила природа человека, этот дар необходимо совершенствовать воспитанием красивых движений, правильной осанки, приятных манер в обхождении с людьми.

Умение одеваться – это есть один из показателей хорошего тона и ума. В исследовании по истории ингушского костюма Л.Тариева обращает внимание на то, что и одежда подчинена этикету. Ношение той или иной одежды регламентировано. Терминологически одежда имеет этикетное содержание «цагала лелаю коч» (повседневная одежда), «хьаша – да воагIе» (одежда к приёму гостя), «венача-вайнача дувхар» (одежда к похоронам, к рождению).

Этикет ингушского народа, как и других народов Кавказа, проникнут духом чести и дисциплины. С самого рождения человек находился в строгой системе общественного регламента. Общество воздействовало на каждого человека внушением, общественным мнением, авторитетом, силой обычая. Становление этикета происходило с динамикой развития жизни народа, когда мальчиков и юношей воспитывали в духе мужественности и стойкости. Честь возводилась в степень нравственного культа.

Основой идеального образа межличностных связей и отношений,

своего рода первоэлементом традиционных принципов взаимного обхождения: уважения старших, почитания женщин, гостеприимства является именно благожелательность.

Если человек выглядит достойным образом и соответственно этому умеет общаться со старшими и младшими, со знакомыми и незнакомыми, с мужчинами и женщинами (в общении с каждой категорией людей существуют свои тонкости), то независимо от образования, от деловых качеств, от уровня компетентности в какой-то области он уже производит самые приятные впечатления. Хорошее воспитание проявляется в умении держаться одинаково в общении с людьми, стоящими гораздо выше тебя по общественному положению, так и неизмеримо ниже. Унижая людей, стоящих ниже по чину, человек ущемляет, прежде всего, свое достоинство [4].

Ни один человек не может избежать нравственной оценки общества. Нравственному человеку важно не только признание его людьми, и оказываемая ему честь, но и внутреннее осознание своей порядочности, нравственной ценности. Согласно сознанию ингушей, быть благородно-воспитанным следует не для того, чтобы достичь каких-либо привилегий в жизни, а потому что должен иметь признание обществом, как «эздий саг» – «благородный человек».

Самым большим богатством и достоянием ингуши считают заслужить уважение общества: «Наха везаш хилар доккха рузкъа да», т.е. быть нужным людям, известный людям. У ингушей ещё говорят: «Наха фу даьд Ia?» – «Что ты для людей сделал?». Ингуши ценили своё положение в обществе и авторитет.

Очень высока была, во взаимоотношениях между горцами, ценность данного слова, которое в ингушском обществе выражается понятием «деша да» (хозяин слова). Это понятие имело для горцев очень высокую моральную ценность. Слово, данное мужчиной в народном

сознании ингушей гораздо значительней всех других ценностей. «Ший деша да ва из», – говорят в народе, что в переводе означает «Он хозяин своего слова», в значении «надежный». Мужчина, нарушивший своё слово, терял всякое уважение и доверие народа. В народе говорят «Дешан да хиллал хъай ди деце, дош ма ле» – «Не давай слово, если не можешь сдержать его».

Как бы не складывалась жизненная ситуация, перед каким бы выбором не стоял мужчина, он был обязан сдержать данное им слово. Крепость данного слова, его мощь и сила утверждалась в сознании ингуша с самого рождения. Даже будучи ребёнком, ингуш понимал, что словами нельзя разбрасываться. К слову должно относиться как к нерушимому, монументальному, должному. Иначе он не будет уважаем и почитаем, он не будет принят этим обществом.

В прошлом за семью, оставшуюся без кормильца, ответственность на себя брало село. Близкие соседи не позволяли себе садиться за трапезу до тех пор, пока не отнесут часть её в соседний дом – семье с малыми детьми, где нет кормильца-мужчины. Относительно «юрт дай» – старшего в селе, что соответствует в современных условиях статусу главы администрации населённого пункта, у ингушей сохранились твердые понятия о том, что юрт дай (глава администрации села) в нравственном и религиозном ответе за каждого члена своего села и, завершая свой рабочий день, не имеет право ужинать, если кто-то в подопечном ему обществе обделён им. Тем самым, освещенные канонами ислама, понятие долга должностного лица усиливается.

Нетерпимое отношение к невыполнению предписаний этикета, являющегося внешним выражением статуса человека, связано с тем, что его соблюдение способствует правильному функционированию общества. Вызывает к себе внимание совершенно особое значение, которое придаётся соблюдению приличий,

строгой регламентации поведения в соответствии с дифференциацией общества. Пороком признавалось многословие. Умение «держаться в руках», «сохранять чувство достоинства», умение избегать конфликтов, ссор, отсутствие враждебности в поведении понимается как чувство хорошего тона и такта.

Этикет северокавказских народов не содержит конкретных предписаний о том, как относиться к представителям иной национальности. Это не по причине недостаточной разработанности, а потому, что люди не ощущали в этом необходимости, ибо национальный признак был не столь важным на Северном Кавказе. Высшими ценностями почитались верность долгу, слову, достоинство.

В Казахстане ингуши смогли реализовать себя и в мультикультурной среде. Люди, особенно творческих профессий, всегда ищут неординарные пути самореализации своих дум и мыслей. Некоторые из них достигли определенного признания в казахстанском обществе. Наблюдение за обычаями и традициями чеченцев и ингушей в Казахстане свидетельствует, что их миропонимание и менталитет основаны преимущественно на наличии общих этнокультурных ценностей, исходящих из земляческих, тейповых и конфессиональных интересов. Нынешнее компактное проживание и сплоченность чечено-ингушской диаспоры оказали сильное притяжение общины на своих соплеменников. Именно поэтому воздействие иной этнокультурной среды оказалось несколько слабее, вследствие этого дольше сохраняется национальное своеобразие.

Воспитание детей было повседневным делом ингушской семьи. Важность этого глубоко осознавалось в народе. В ингушской фольклоре подчеркивалось, что родители, воспитывая детей, тем самым создавали свое будущее: каким

оно будет, во многом зависит от того, какими вырастут их дети. В воспитании детей существовали выработанные в течение нескольких столетий народные устои. Традиционная система воспитания у Ингушей включала такие аспекты, как обеспечение полноценного физического развития, постоянную заботу о здоровье подрастающего поколения, передачу трудовых и хозяйственных навыков, соблюдение норм поведения в обществе, передача знаний об окружающем мире. Все эти основы закладывались в семье.

ВЫВОДЫ

В настоящее время вайнахский народ на территории Казахстана динамично развивается и придерживаются свои устои, этикет, адаты. Сегодня в условиях возрождения национального самосознания, нормы этикета, нравственная культура молодого поколения стали востребованными в связи с повышенным интересом к прошлому и к смыслу традиционных этикетных норм. Известно, что многое утеряно безвозвратно, многие ценности претерпели существенные изменения, но и то, что сохранилось, даже в трансформированном состоянии в памяти людей старшего поколения, имеет положительное значение. За ними проявляются освещенные вековой традицией этические принципы справедливости, толерантности, радушия, взаимности и т.д.

Таким образом, несмотря на тяжелую историю ингушскому народу удалось сохранить свои традиции и культуру. Безусловно, ход времени внес свои коррективы, но обычаи воспитания в семье, гостеприимства, уважения женщин по-прежнему доминируют среди чеченцев. И значит, время меняет все к лучшему, проверяя народ на прочность моральных принципов и подтверждая чеченскую пословицу: «тот, кто не идет в ногу со временем, тот рискует попасть под его колесо».

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Ингуши. Сборник статей и очерков по истории и культуре ингушского народа. – Саратов, 1996.
- 2 **Яковлев, Н.** Ингуши // В Сборнике статей и очерков по истории ингушского народа. – Саратов, 1996.
- 3 **Акимов, З. А.** Свадебные обычаи и обряды чеченцев и ингушей // Сб. материалов по этнографии. – М., 1988. – Вып. III.
- 4 **Нухаев, Х. А.** Чеченцы и ингуши скорее изменят мир, чем изменят традициям. – М., 2002.

Материал поступил в редакцию 24.12.18.

М. Л. Болкоева

Ингуш халқының этикеті

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы.
Материал 24.12.18 баспаға түсті.

M. L. Bolkoeva

Etiquette of the Ingush people

S. Toraihyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.
Material received on 24.12.18.

Мақалада тарихи материалдар мен этнографиялық куәліктер негізінде ингуш халқының этикетінің мәселелері қарастырылады. Бұдан басқа, Қазақстандағы ингуш диаспорасының қазіргі этикет мәдениетінің жағдайы сипатталған. Нәтижесінде, ингуштар Қазақстанның әлеуметтік-мәдени кеңістігіне қауіпсіз араласуға қол жеткізген деген тұжырым жасалған.

The article discusses the etiquette of the Ingush people on the basis of historical materials and ethnographic evidence. A description of the current state of the culture of etiquette of the Ingush diaspora in Kazakhstan is presented. Based on this description, it was concluded that the Ingush managed to integrate safely into the socio-cultural space of Kazakhstan, thanks to the preservation of the traditional culture of etiquette.

FTAMP 03.20/52.01

Ә. Қ. Елемесов

аға оқытушы, «География және химия» кафедрасы, Жаратылыстану факультеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: alibek-ele@mail.ru

XIX ҒАСЫРДА БАЯНАУЫЛ АУМАҒЫ БОЙЫНША ТАУ-КЕН ӨНДІРІСІНІҢ ДАМУЫ

Мақалада, XIX ғасырдағы біздің өлкемізде, нақты айтқанда Баянауылдың Қызылтау, Александровка секілді металлургиялық орталықтар мен Майқобе, Жосалы, Талдықол, Сарықол кен орындарының дамуының тарихына шолу жасалған. Баянауылдың тау-кен орындарының жалпы зерттелу деңгейі, әлі де болса кенжелеп тұрғаны сөз болады.

Кілтті сөздер: өлкетану, тау-кен өндірісі, Баянауыл өңірі, көне металлургия тарихы.

КІРІСПЕ

Баянауыл өңірі Қазақстандағы ежелгі тау-кен өнеркәсібі мен металлургия кәсіпшілігі тараған аймақтардың бірі ретінде саналады. Қазіргі Қарқаралы, Баянауыл өңірінің үлкен көлемдегі ежелгі кен орындары туралы деректер П. С. Палластың, И. П. Шангиннің, Г. Д. Романовскийдің және т. б. еңбектерінде кездеседі.

XX ғасырда Орталық Қазақстанды геологиялық және археологиялық тұрғыдан жоспарлы да, жүйелі зерттеу басталды. 1946 жылдан бастап академик Ә. Х. Марғұлан мен оның әріптестерінің ғылыми ізденістері барысында Сарыарқаның көптеген көне жәдігерлері ашылды, оның арасында қола дәуірінің кен қазған орындары мен қоныстары ретінде Баянауыл өңірі де бар [1].

Аталып отырған өлкелердегі кен орындары көбіне барлау жұмыстарының барысында, қысқаша сипаттамалар мен жазбалар түрінде қарастырылды, кен көлемдегі тиянақты зерттеулер, үлкен қазбалар жасалынбады. Оның үстіне, Сарыарқаның кен байтақ аумағында әлі де барлаулармен қамтылмаған қаншама өңірлер бар. Ал, 2018 жылдың қараша айында жарияланған Елбасының «Ұлы

Даланың жеті қыры» мақаласында Қазақ жеріндегі ежелгі металлургияны зерттеу білу өзектілігі өте жақсы жазылған.

Баянауыл өңірінің тау-кен өндірісі дамуын зерттеу, мәліметтерді жинақтау, көпшілік оқырманға жеткізу қазіргі таңда тек тарихи зерттеу немесе өлкетану бағытында емес, сонымен қатар географиялық-туристік бағытта дамытуда ақпараттық тұрғыда маңыз береді деп сенеміз. Өткен жылдан бері еліміздің басты бағдарламаларының бірі, сакралды географияны дамыту болса, Баянауыл ауданы бойынша 55 астам киелі орындар анықталып, киелі жерлер тізіміне енгізілген [2].

Зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты Баянауыл аймағында XIX ғ. көмір кен орындары мен түсті металлургия кен орындарының ашылуы, Поповтар отбасының атаулы кеніштердегі жергілікті халықпен жұмыс жасау жағдайы, кен орындарын картаға енгізу және т. б. маңызды мәселелерді көздейді.

Қазіргі таңда осы өңірден пайдалы қазбалар ішінен алтын, мыс, қоңыр көмір, әктас, гранит, құрылыс тастары өндіріліп келеді. Павлодар облысында Екібастұз

қалалық аймағынан кейін, тау-кен ісімен ерекшеленген аймақ Баянауыл ауданы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Аталған өңір 1833–1868 жж. аралығында «Сібір қазақтарының облысы» қарамағына кірген Баянауыл сыртқы округы ретінде белгілі болды. Баянауыл кең-байтақ сыртқы округінің құрамында қазіргі облысымыздың Баянауыл, Екібастұз, Май, Ақтоғай, Ақсу және Ертіс аудандарының жерлері кірген болатын [3].

Кәсіпкерлердің өтініштері бойынша 1845 жылы белгісіз автор Баянауыл, Қарқаралы округтарында орналасқан байырғы кен байыту орындарындағы бай кен қоры туралы өте мазмұнды шолу жасаған. М. Белоусов, К. И. Гривнак, И. А. Антипов секілді геологтардың мәлімдеуінше, күні бүгінге дейінгі белгілі болып отырған мыс, алтын, күміс, қорғасын, қола қазба орындарының бәрі сол кездегі сақталған карьерлер мен аса үлкен кен қалдықтары үйінділерінің молдығы – қола дәуірінде ашылғанын дәлелдейді. Қола дәуірінде қазақ даласында кен өндіру жедел қарқынмен, жан-жақты дамығандығы туралы академик В. В. Радлов та жазды.

Поповтар әулетінің Баянауыл-Қарқаралы жеріндегі тау-кен істері бойынша жұмыстары Ә. Х. Марғұланның, С. Жақсыбаев, М. С. Бессонов еңбектеріндегі мәліметтер мақаламызға негізгі арқау болды.

Поповтар әулетінің Ресейдің қазіргі Свердлов облысы, Верхнетура қаласының шыққан. Степан Иванович Попов, Перм қазыналық палатасының бұйрығы бойынша 1822 ж. 23 қарашасында Семей көпестігіне жер аударылады. 1827 ж. бастап Баянауыл-Қарқаралы аймағын игергенге дейін, Сібір өлкелерінде алтыны бар күмдарды іздестіруге және өндіруге рұқсат алған. С. И. Попов өзінің туысқан інісі Ф. И. Поповпен бірге 1830 жж. алтын өнеркәсібі компаниясын құрып, Тобыл губерниясының Түмен және Томск

округтерінде 30 астам алтын кен орындарын ашқан [4].

С. И. Попов Семей өлкесінің көпестер бірлестігінің 1-ші гильдия көпесі, мирасқорлық сословиелік құрмет атағын иеленген. Коряков тұзды көлінен тұзды Тобыл губерниясына жеткізумен айналысқан кездері де болды.

Сонымен, Павлодар облысы аумағында пайдалы қазбаларды өндірудің алғашқы із салушысы Томск губерниясының 1-ші дәрежелі көпесі, алтын өндіруші С. И. Попов болатын. 1833 ж. ол орыс кәсіпкерлері ішінен Омбы облысының барлық жерлерінен пайдалы қазбаларды іздестіруге рұқсат алады [5, 196.]. Солтүстік қазақ даласының тау-кен орындарын игере отырып, Ш. Ш. Уәлиханов, П. П. Семенов-Тяньшаньский мен байланыстары болғандығы жөнінде мәліметтер бар [4].

1834–1836 жж. Баянауыл округінде, жергілікті тұрғындардың көмегімен ежелгі рудниктердің орындарында 8 күміс-қорғасын және мыс кен орындарын ашып, осылардың барлығына С. И. Попов рұқсат қағазды иеленген. С. И. Поповтар отбасына бастапқы уақытта өлкеміздегі алтын кен орындары қатты қызықтырған болатын. Бірақ, жергілікті хандық билік өкілдері мен сұлтандар маңызды кен орындарын құпия түрде ұстап отыруға тырысты [6].

Поповтар әулетінің Баянауыл-Қарқаралы жеріндегі кен орындарының ашуына XVIII ғ. аяғы жартысы және XIX ғ. басындағы Ресей патшалығының қазақ жерлеріне жіберген экспедиция материалдары мен далалық зерттеулеріндегі мәліметтер қызығушылық тудырмай қоймады. Мұндай экспедициялар 1786 жылы орыс өлкетанушы, геологы И. П. Шангин аймақтың пайдалы кен орындарын тамаша меңгерген саудагер Әшір Зариповпен бірге Баянауыл жеріндегі бірқатар кен орындары бағалы тастар таралған жерлерді анықтаған болатын [7] және Баянауыл, Қарқаралы аймақтарының

шығыс бөлігіндегі көне қазба орындарын зерттеуде 1798 жылы Локтев және Кольванск заводтары ұйымдастырған тау-кен инженері Стрижковтың экспедициясы тапқан мәліметтер түрткі болды [8, 12 б.].

Көпес – кәсіпкерлердің кен өндіру әрекеттерімен жақсы таныс инженер А. Е. Влангали: «Қазақстан жерінде көне қазба орындарының көп екендігін естіген көпес-кәсіпкер Степан Попов жергілікті қазақтарға түрлі сыйлықтар беріп, алдап оларды кен орындарын көрсетуге шақырды» – деп жазды.

Баянауыл өңіріндегі көмір өндірісінің дамуы. Металды балқыту үшін тас көмір қажет болғандықтан 1838 ж. бастап тас көмір кен орындарын іздестіруді бастайды. 1838 ж. жазында Талдықөл көлінің оңтүстігінде (қазіргі Баянауыл ауданындағы жұмыс жасап жатқан көмір кен орны), Қазақстанда алғашқы қоңыр көмір кен орны болып ашылады.

Талдықөл қоңыр көмірі ашық әдіспен өндіріліп, өгіз арбамен заводқа тасымалданған. 1851 ж. бастап Қызылтау көмір кен орны іске қосылған соң, Талдықөл көмірін алыстан тасымалдау токтатылады [5, 22 б.]. 1 тонна руда балқыту үшін 1,5 тонна отын жұмсалатын болған.

Заводтың жұмыс жасауына Баянауыл аймағындағы Ж. Аймауытов ауылы маңынан табылған тас көмір және осы ауылға жақын жерден табылған тұз кен орындары өз серпінің берген. Қызылтаудың көмірі күлі аз және қызуы жоғары болса, ашы тұзы флюстер ретінде қолданылды. Шихта құрамында тұздан басқа ескі қалдық күлдер, бірақ басты тиімді флюс Қызылтаудан алынған ашты тұз болып табылды. Оның пешке салынар алдындағы руда құрамындағы үлесі 10 пайыз көлемінде болған. Тұзды пайдалану техникалық тұрғыдан өте тиімді әдіс болып табылды. Шихтаның құрамын дәл анықтау, руданың балқу тәртібін білу балқытушының үлкен шеберлігін талап етті [9].

Майкөбе қоңыр көмір кен орны 1840 жылы 28 маусымда С. И. Поповтың сенімді агенті С. Ташимовпен Майкөбе елді-мекенінде, тұзды көл жағалауында, Талдықөл көмір кенінен оңтүстік-батысқа қарай 15 км қашықта ашылған болатын. Майкөбе кен орнынан 1859–1870 жж. аралығында көмір кені өндірілген. Осы уақыт аралығында барлығы 3784 т көмір өндірілсе, мұнда небары 1868 ж. 53 адам жұмыс істеген. Көмірдің қазба орындарынан суды қол сорғылар арқылы шығарып отырды. Бұл кен орны 1959 ж. Қарағанды геологиялық барлау құжаттарында жаңа Шөптікөл атауымен енген. Көмір кен орны ендік бағытта ұзындығы 70 км, ені 16 км құрайды. Майкөбе көмір бассейнінің құрамына Шөптікөл, Сарыкөл, Талдықөл, Тасқұдық, Тамды, Баянды-Құдық кен орындары кіреді. Атаулы кен орындары мезозой дәуірінің көмір түзілімдері ретінде белгілі.

Сарыкөл көмір кен орны 1839 ж. ашылған Қазақстандағы екінші кен орны болып табылады. Атаулы көмір кен орны бір тоқтап, бір істеп тұрған болатын болса, мұнда 1869–1900 жж. аралығында шамамен 51 тонна көмір өндірілген.

Қызылтау (Жуан-Тобе) кен орнында 9 қабаттан құралған, шамамен 100 млн. т. құрайтын көмір қоры табылған. Кейбір көмір қабаттарының қалыңдығы 10 м-ге жететін. Көмірдің күлі 18–28 %, ұшатын құрамы 9–12 %, күкірт 0,7 %, құрғақ көмірдің жылу бөлу қуаты 6000 ккал/кг. XIX ғ. көмір кен орынында 3 разрез және 2 шахтамен жұмыс істеген. Мұнда 1854–1879 жж. 32722 т. жуық көмір өндірілді [5, 31 б.].

Баянауыл өңіріндегі металлургия өндірісінің дамуы. XIX ғасырдың орта шенінде қазақ даласындағы алғашқы металл балқытатын заводтардың бірі С. И. Поповтың ұйымдастыруымен жұмыс жасаған Благодатно–Стефановский заводы болатын.

Атаулы завод Баянауыл-Қарқаралы өңіріндегі 7 рудникпен жұмыс жасаған. Заводта әуелі қорғасын мен мыс өндірілсе, кейін келе күміс өндіріле бастаған. Заводтың құрылысы 1839 ж. басталып, алғашқы өнімін 1844 ж. берген. Заводтың тез жұмыс жасауына сол кездегі Кеңесары Қасымұлының көтерілісі кедергі келтірген кездері болды. 1865 жылдарға дейін жұмысын жалғастырған. Заводқа алғашында Алтайдың Колыванск-Воскресенск тау-кен орталықтарынан мамандар шақыртылып жұмыс жасаған. Ерте көктемде басталған жұмыс күздің соңғы күндеріне дейін жұмысын жалғастыратын. Қара жұмысты жергілікті қазақ жатақтары атқарған болатын. Заводтағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы өте төмен деңгейде болды. Завод Қызылтау таулары – Егіндібұлақ аралығында Түндік өзенінің бойында орналасты. 1845 ж. Алтай тау-кен басқармасы заводтың ресми түрде жұмыс жасауына куәлік береді және 10 жылға жуық салықтан босатылады [9].

1845 ж. жаз мезгілінде Алтай тау-кен басқармасы Барнаул қаласынан тау-кен инженер-гиттерфервалтері Николая Зубаревті екі көмекшісімен бірге көріп, біліп келу үшін Благодато-Стефановский заводуна жібереді. Н. Зубаревтің 5 қыркүйекте жеткізген рапортына сәйкес өзеннің сол жағында жеті пештен тұратындығын тас көмірді коксе дейін қыздырып барып қолданатындығын жеткізеді.



Сурет 1 – Әулие шыны.
Қызылтау таулары

Жалпы пештердің саны 20 жуық болғандығы айтылады. Өзеннің жоғарғы жағында бөген құрылысы басталғандығын және бұл жұмыстар жұмысшыларға Поповтың жалақыларына байланысты берешектері болғандықтан жұмыс тоқтап тұрғандығын атайды. Түндік өзені көктемде тасып, жазда құрғап қалатын өзен. Көктемгі қатты тасқынға байланысты бөгенді арнайы тастарды қалау арқылы тұрғызу оңай шаруа болмаған. Заводтың қасында арнайы зертхана және жұмысшылары тұратын казарма тұрғызылған. Руданы ұсату үшін жел диірменді ұсатқыш қондырғы орнатқан, бірақ кей кезде қатты желдің салдарынан диірмен қалақшалары сынып қала беретін жағдайлар болып тұрған [9].

Благодатно-Стефановский заводы 17 жылға жуық жұмыс жасаған (1844–1861 жж.). Осы уақыт аралығында: 1294,8 т қорғасын, 45 т қара мыс, 23,2 т рафинадталған мыс және – 575 кг алтын араласқан күміс өндірілсе, (Жаксыбаев мәліметі бойынша) көмір өндірісі көлемі 1844–1851 жылдар аралығында 775000 пұтты құрады [3]. 1861 ж. мыс пен қорғасынды балқыту Благодато-Стефанов заводы толығымен тоқтатылса, 1865 жылдың мамыр айында үлкен өрттің салдарынан завод өмір сүруін тоқтатады.

1851 ж. С. И. Поповтың өлімінен кейін оның ұлдары (Александр және Николай) және немересі Степан Александрович оның ісін жалғастырады.

XIX ғ. ортасында Баянауыл округы бойынша Поповтар отбасында шамамен 11 көмір кен орны және 6 қорғасын-күміс және мыс кен орындары болған. Осы көмір кен орындарының базасында 1849–1880 жж. үздік-үздік Александровка қорғасын-күміс және мыс және Иоанно-Предтеченский (Қызылтау) Поповтардың мыс балқыту заводы жұмыс жасады.

Александров заводы (С. И. Поповтың ұлының есімімен қойылған) 1849 ж. 6 қыркүйекте Қанды-Қарасу мекенінде Ащысу өзені жағасында, Баянауыл

тауларынан солтүстікке қарай 10 км жерде тұрғызылды. Заводты тұрғызуға 3 млн. рубль қаражат жұмсалған. Бұл завод Павлодар аумағында түсті металлургияның алғашқы орталығы болды. 1873 ж. дейін жұмыс жасап, әсіресе Қырым соғысы жылдары 1853–1856 жж., Ресейге басты қорғасын жеткізетін орталық болып есептелді. 1856 ж. алты ай ішінде (мамыр-қазан) Александров заводында 144,2 т қорғасын өндірілген. Соғыс жылдары қорғасынға үлкен сұраныс болса, соғыстан кейінгі уақытта мысқа сұраныс артады [5].

Александров заводуна күміс-қорғасын рудасын басты қамтамасыз еткен 1839 ж. 21 тамызда ашылған Александров кең орны болып табылады. Сонымен қатар заводқа жақын жердегі Николаев, Степанов, Аннинск, Ақөзек, Егізқара кең орындарының рудалары тасымалданды.

1850–1870 жж. Поповтардың басты полиметалл басқармасы Александров руднигінде орналасты. Осы жерден олар орындарын басқарып отырған. Сапалы руда түрлері кейде жоғары бағамен Орал және Алтай аймағындағы жеке және қазыналық металл балқыту заводтарына өткізіліп отырған. 1839–1872 жж. қорғасын-күміс рудаларының жалпы өндірілген көлемі 16 мың тоннадан асады.

Николаев күміс-қорғасын-мыс руднигі (С. И. Попов ұлының есімімен) Қара-Адыр мекенінде, Александров руднигінен 8 км жерде орналасты. 1854–1868 жж. аралығында атаулы рудниктен 3154 т қорғасын-күміс және 2013 т. мыс рудасы өндірілген.

Степанов мыс кен орны (С. И. Попов немересінің есімімен) Алакөл мекені, Ат және Су шағын өзендерінің оң жақ жағалауында, Александров руднигінен 5 км батысқа қарай орналасты. 1839 ж. ежелгі кең орнында қазақтардың көмегімен ашылған. 9 жылдың ішінде (1858–1867 жж.) мұнда 3067 т. мыс рудасы өндірілген.

Аннинский мыс кен орны Алтын Тас мекенінде, Александров заводынан солтүстік-шығысқа қарай 13 км. жерде Иманкөл көлінің жағасында орналасты. Ежелгі кең орнында 1839 жылы 11 мамырда ашылған. Атаулы кең орны жөнінде А. Левшин ежелгі адамдар бұл жерден мыс, күміс пен алтын өндіргендігін атап өтеді. 1856–1868 жж. аралығында кең орнынан 320 т. бай мыс рудасы өндірілгендігін жазады [5].

Попов Николай Степанович ағасы Александрмен бірге әкесінің барлық 1500000 рубльге бағаланған тау-кен шаруашылықтарын, қозғалмайтын мүліктері мен жерлерін мұрагерлікке алған. Сонымен қатар, әкесінен банк алдында қалған 500000 рубль көлеміндегі қарызды қайтаруға міндеттеріне алады. Қарызды жабу үшін бірнеше рудникті кепілге қоюларына тура келеді. Бірақ шаруашылықты тиімді жүргізеу салдарынан қарыз көлемі 4000000 рубльге дейін өсіп кетеді. Поповтардың кең орындары мен заводтарының жұмыс жасауына тиым салынады [4].

Келесі бір деректе Поповтар отбасы 6 күміс-қорғасын заводтары, 42 мыс руднигі, 27 көмір кең орындарын иеленгендігін жазылады. Поповтардың табиғи таза мыс рудасы, Париж қаласында (1879 ж.) көрмеге қойылған уақыты болған [10].

Ал қазақтан шыққан тау-кен ісімен айналысқан кәсіпкерлер болды? Бұл мәселе бойынша біраз мәліметті біз қазақтың кеменгер қайраткері, Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны Мұса Шормановқа арналған ұжымдық монографиядан таптық.

Белгілі, Мұса мырза қазақтың дарынды сазгері Тәттімбет Қазанғапұлымен тығыз іскер, кейін туыстық қарым-қатынаста болған. 1856 ж. Тәттімбет Батыс Сібір генерал-губернаторы Г. Х. Гасфортпен хат жазысуда Қарқаралы округін барлауды және алтын қорын әзірледі өтінген. Ұзақ жазысудан кейін, 1857 ж. Алтай таулы зауыттарының басшысы патша үкіметінің

қаржы министрінің рұқсатымен Тәттімбетке алтын өндеуде рұқсат куәлік берген болатын. Бұнда бір сұрақ туу мүмкін: Тәттімбет тау кен өндірісімен айналысты ма? Бұған жауап әлі де жоқ. Белгілі болғаны, сол бір Алтай таулы зауытының басшысы патша үкіметінің қаржы министрінің бұйрығымен Баянауыл округінің «Мұса сұлтанға өз өлкесінде алтын, руда өндіруге тыйым салды» [11, 70 б.].

Бұл кері жауаптың себебі, сол кезде Қазақстанның барлық табиғи руда кендері, ресурс қорларын заңға сәйкес ресейлік тау кен өндірушілерінде болды, бұған сәйкес олар барлау жұмыстарымен айналысты. Осындай жағдай әрине қазақ өлкесін тек шикізат көзі ретінде пайдалануға жол берді, жергілікті ақсүйектерге бұнда қол сұғуға рұқсат етілмеді. 1870 ж. Ресей үкіметі дворяндарға және бірінші гильдиялы көпестерге алтын өндіруге рұқсат бергені белгілі. Мүмкін, Тәттімбетті дворян деп санап, ал Мұсаны санамаған жоқ шығар [11, 70 б.].

ҚОРЫТЫНДЫ

Поповтар отбасының Баянауыл өңірінде тау-кен ісін дамытудағы басты кедергілердің бірі қаражаттың жетіспеушілігі еді. Қаржылай қиындықтарды жөнү үшін көп жағдайда бағалы күміс металын өндіріп отыруды қалағанымен, мүмкіндіктер бола бермеген. Металл балқытудағы келесі бір мәселе технологияның дамымауынан руда құрамында металл толық алынбай, күлмен

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Жауымбаев, С.** Орталық Қазақстанның ежелгі тау-кен орындарын зерттеу // Қарқаралы. – № 2 (40). – 2014.

2 Павлодар облысы Баянауыл ауданының киелі орындары. Жинақ. – Баянауыл, 2017. – 130 б.

3 Баянауыл әкімдігінің ресми сайты [Электронды ресурс]. – [http://](http://www.bayanaul.pavlodar.gov.kz/mobi/index.php?id=96)

бірге шығып отырды. Баянауыл жеріндегі заводтар алыс қашықтықта болғандықтан, металды тасымалдау өз алдына шығын мөлшерін көбейткен.

Сонымен қатар, Алтайдағы орталық басқармаға алыс қашықтықта болуы, толық бақылауға алуға мүмкіндіктер болмады. С. И. Поповтың өзі басқарманың нұсқамаларын толық орындай бермейтін бір жақты адам болған. Қаражаттың аз болуы Благодато-Стефанов заводының жұмыс жасауында барлық жағдайда ақша үнемдеуге, қарапайым жұмысшылардың жалақысын аз төлеуге итермелеген. Сол кездегі жұмысшы жатақтарға айына 1 сом және 2 пұт астықтан беріп отырған. Жұмысшылардың отбасыларынан қашықтығы ескерілмеген. Тәжірибелі металл балқытушылар біршама жалақылары жоғары болды. Кейде еңбек ақыларын ақшамен емес, тауар түрінде беріп үстінен үстеме пайызды да қосып отырған. Сол кездегі жұмысшылар: «Бұл завод емес, түрме» – деп, жауап беріп жүрген кездері болды. Қазақ жатақтары мен қарапайым жұмысшылар Алтай тау-кен басқармасына қаншама рет әлеуметтік жағдайына байланысты шағымдар түсіргенімен, ешбірі қараусыз қалып отырған.

Қортындылай келе айтатынымыз, Кереку-Баян өңіріндегі тау-кен ісі мен өндірісінің тарихы толығымен зерттелмей келеді. Оқтын-оқтын шыққан жарияланымдарды ескермегенде, қомақты зерттеу жоқ. Ал тарихи, архивтік деректерді қоса, археологиялық-геологиялық қазба жұмыстар жүргізі уақыттың талабы.

www.bayanaul.pavlodar.gov.kz/mobi/index.php?id=96.

4 **Бессонов, М. С.** Поповы. Мына кіт. : Сибирские горнопромышленники. – Кемерово, 2014.

5 **Джаксыбаев, С. И.** Минеральное сырьё Павлодарской области. – Павлодар : ТОО НПФ «ЭКО», 2002. – 104 с.

6 **Куприн, В.** Крепкие хозяйевы Майкаина. [Электронды ресурс]. – <http://www.proza.ru/2012/06/09/3016>.

7 Находка купца Ашира Зарипова. [Электронды ресурс]. – http://catalog.karlib.kz/irbis64r_01/Kraeved/Geologiya/Nakhodka_kuptsa_Ashira_Zaripova.

8 **Маргулан, А. Х.** Сочинения. В 14 т. – Т. 2. : Сарыарка. Горное дело и металлургия в эпоху бронзы. Джекказган – древний и средневековый металлургический центр (городище Милыкудук) / Сост. Д. А. Маргулан, Д. Маргулан. – Алматы : Дайк-Пресс, 2001. – 144 с. + вкл. 40 с.

9 Благодатно-Стефановский завод. [Электронды ресурс]. – <http://novikovv.ru/stepan-porov/blagodato-stefanovskiy-zavod>.

10 **Дмитренко, Н. М., Резун, Д. Я., Ноздрин, Г. А.** Краткая энциклопедия по истории купечества и коммерции Сибири. – Новосибирск, 1997. – Т. 3. – Кн. 3. – С. 42–44.

11 **Джаксыбаев, С. И., Нухулы, А., Рахимов, Е. К.** Муса Шорманов: монография. – Павлодар : Издательство ПГПУ, 2018. – 200 с.

Материал баспаға 24.12.18 түсті.

А. К. Елемесов

Развитие горнорудного производства на территории Баянаульского региона в XIX веке

Павлодарский государственный педагогический университет,
Павлодар к., 140000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 24.12.18.

А. К. Yelemesov

Development of mining production in the territory of the Bayanaul region in the XIXth century

Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 24.12.18.

В статье сделана историческая ретроспектива развития горно-рудного производства в родном крае – Баянаульском регионе, конкретно металлургических центров Кызылтау, Александровка, рудников Майкобе, Жосалы, Талдыколь, Сарыколь. Автор, приходит к выводу, что история изучения горно-рудной промышленности до сих пор недостаточно разработана.

The article made a historical retrospective of the development of mining production in the native land – the Bayanaul region, specifically the metallurgical centers of Kyzyltau, Aleksandrovka, the Maikobe, Zhosalys, Taldykol, Sarykol mines. The author concludes that the history of studying the mining industry is still not sufficiently developed.

Б. Қайрат¹, Д. Зейнолаев², Б. Ж. Ельмуратова³

¹студент, «Қазақстан тарихы» кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

²студент, «Қазақстан тарихы» кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

³т.ғ.к., профессор, «Қазақстан тарихы» кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹kajratbahtiar@gmail.com; ²dzeynollaev13@gmail.com; ³e_botagoz@mail.ru

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІН САҚТАУ ТАРИХЫНАН

Мақалада тәуелсіз Қазақстанның қазіргі күнге дейін қол жеткізген жетістіктері туралы, тәуелсіздік жолында қандай оқиғаларды бастан кешіргендігі туралы, егемендігімізді сақтап қалуы үшін қандай шаралар жасалып жатқаны туралы баяндалған.

Кілтті сөздер: Қазақстан тарихы, тәуелсіздік, егемендік, болашақ.

КІРІСПЕ

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты бағдарламалы мақаласы Мәңгілік Ел болуды көкसेген еліміздің тұғырын нығайтатын берік идеологиялық платформа. Осы тұстағы өз ой-пікірін түйіндеген Елбасы «Мен халқымыздың тағлымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» деген сенімін де жасырмай, ашық білдіреді. Сондықтан да, өз елінің тарихын білу, болашақ жастардың қолында деп сенудеміз.

Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтмен жүзеге асты.

Дүниеге жана мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді. 1991 жылдың 17 желтоқсанында

Алматыдағы Орталық аялда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жариялануына және 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митинг болып өтті. Жиналған сан мыңдаған адамның алдына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев былай деп сөз сөйледі: «Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік... Тәуелсіздік табалдырығында тұрған осы жан тебіренер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, туған Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз санаймын.

Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр

қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін» [1, 3 б.].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қуатты саяси, экономикалық, әлеуметтік және демократиялық мемлекетті құру көп ғасырлар бойы келе жатқан ата-бабаларымыздың арманы еді. Тарихымыздың қойнауына үнілсек тәуелсіздік жолында халқымыз қандай қиыншылықтарды басынан кешіргендігін, бұл жолда қаншама батырларымыз, ержүрек қыздарымыз, батыл ұлдарымыз өз өмірін құрбан еткенін ұмытпауымыз керек. Азаттықтың ақ таңына жету үшін халқымыз қандай ауыртпашылықтарды, қиын-қыстауларды басынан өткізгендігі тарихтан белгілі.

Қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» ұлы қасірет болып мәңгі сақталып қалады. Жоңғарлардың жойқын шабулының нәтижесінде қазақтар шайқас даласында жүз мыңға жуық жауынгерлерінен айырылды, ал қорғансыз халықтың шығыны одан әлдеқайда көп болды. Кейбір деректерде бір миллионға жуық халық қырғынға ұшырады, әсіресе Жетісу жері қатты зардап шекті. Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы бейбіт елді аяусыз қырғынға ұшыратты.

Сол тарихи сын сағатта Кіші жүз ханы Әбілқайыр (1693–1748) ерекше көзге түсті. 1724 ж. Әбілқайырдың қолбасшылығымен қазақтар алғашқы жеңіске жетті. Сондай-ақ,

оның 1725 ж. жоңғарларға қарсы жорығы да нәтижелі болды. Ол кезде жоңғарлардан Отырар, Шымкент, Түркістан, Сайрам қалалары азат етілген болатын. 1726 ж. күзде жоңғарларға қарсы азаттық күресті ұйымдастыру мәселесін талқылауға жалпы қазақ құрылтайы шақырылды. Құрылтай Ордабасы тауында өткізілді. Құрылтай жалпы қазақ әскерінің қолбасшысы етіп Әбілқайыр ханды сайлады [2, 128–138 б.].

Құрылтайдан кейін күтілген аса маңызды жеңіске қазақ әскері 1728 ж. көктемде жетті. Ұлытаудың етегіндегі Бұланты өзені маңындағы «Қара сиыр» деген жерде қазақ әскері жоңғарларға ойсырата соққы берді. Бұл шайқас халық жадында «Бұланты шайқасы», ал соғыс даласы «қалмақ қырылған» деген атпен қалған еді. Қазақ халқы жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық күрестен екінші тарихи жеңіске 1730 жылдың көктемінде жетті. Бұл оқиға Балқаш көлінен 120 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай жатқан Алакөл маңында өткен Анырақай шайқасында болған еді.

Шайқаста Әбілқайыр хан қолбасшылық етті. Анырақай шайқасында майдан даласы 200 шақырымға дейін жетіп, қазақтар ұлы жеңіске жетті. Алайда, осы жеңістерді қазақ халқы одан әрі жалғастыра алмады. Оған қазақ қоғамының саяси элитасы арасындағы бақталастық кедергі жасады. Оған Болат хан қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығында ұлы хан болу үшін саяси күрестің басталуы себеп болды. Ұлы хан болуға бірден-бір үміткер қазақтың біріккен әскерінің бас қолбасшысы, Кіші жүз ханы Әбілқайыр болатын. Бұланты мен Анырақай шайқасындағы тарихи жеңістерден кейін Әбілқайыр ханның беделі мен саяси салмағы да арта бастағанды. Бірақ ұлы хан бола алмайтынын білгеннен кейін ол өз әскерімен Кіші жүздеп ордасына көшіп кетті [2, 143–147 б.].

XVIII ғасырдың 20 жылдары қазақ халқы үшін тарихта ел басына күн туған кезең болды, көршілес елдер

тарапынан болатын шабуылдар халықты көп күйзеліске ұшыратты, әсіресе жоңғарлардың шығыстан ойран салып ірі соққылар беруі, қазақтардың әлеуметтік-экономикалық өміріне қиындата түсті. Сыртқы саясаттағы жағдай қазақтарды орын алған жағдайдан шығу жолын іздеуге мәжбүр қылды. 1726 жылы Кіші жүздің ханы Әбілқайыр, старшиндар Сүгір, Едікбай, Қажыбай, Құлымбай және басқалары Ресейге, оның қол астына өту туралы өтініш білдіру арқылы Қойбағарды жіберген еді. Алайда ханның өтініші ол жылы жауапсыз қалдырылды, сонда да Әбілқайыр хан өзінің бодандығынан және пиғылынан қайтпай, 1730 ж. қыркүйекте Уфа арқылы елші жібереді. 1731 ж. 19 ақпанда императрица Анна Иоанновна Кіші жүздің қазақтарын Ресейдің қол астына алу туралы грамотаға (ресми құжатқа) қол қойды. Әбілқайыр ханнан ант қабылдау үшін Ресейден сыртқы істер коллегиясының тілмәші, дипломат А. И. Тевкелев бастаған елшілік жіберілді.

Әбілқайыр 1731 ж. 10 қазанда Ресей империясының қарамағына кіргендігі жөнінде ант берді. Ант беру арқылы ол Ресеймен тату тұруды, орыс қарамағындағы башқұрттармен Еділ қалмақтарының қазақ жеріне шапқыншылығын тоқтатуды, Ресейдің көмегімен жоңғарлар басып алған жерлер мен қалаларды қайтып алуды көздеді. Осылай өзінің беделін арттырып, үш жүздің басын біріктіріп өзі билеуді, хандықты балаларына сайлау тәртібімен емес, мұрагерлік жолымен қалдыруды жүзеге асырмақ болды.

Сөйтіп, ол жеке мүддесімен қатар халықты апаттан сақтауды да ойлады, оған Бөгенбай, Есет батырлар мен Құдайменде мырза қосылды. Кіші жүздің Ресей бодандығын қабылдауының жан-жақты негіздерін теріске шығармай, Әбілқайырдың жеке көреген саясатын естен шығармау қажет, ол ресейлік әкімшілікке сүйене отырып, барлық саяси қарсыластарының көзқарасын әлсіретуді, жеке билікке

күресуде әлсіздігі қарсыластарынан жоғары тұруға үміттенді.

Әбілқайырдың және оның жақын серіктестері, беделді батырлар Бөгенбайдың, Жәнібектің, Есеттің және т.б. басты мақсаты барлық қазақ руларын біріктіру және Ресейдің формалды қамқоршылары арқылы орталықтандырылған мемлекет құру болды. Алайда, Кіші жүз ресейлік бодандықты қабылдаған соң Қазақстандағы жағдай күрделі болып қалды. Сонымен бірге, Қазақстанды Ресейге қосу көшпенділер мен келімсектер арасында шаруашылық өзара қарым-қатынас жасау үшін мүмкіндіктер туғызды, сауаттылықты, сауданы жандандыруды тарату, қазақ ауылдарын осы жерден шығатын барлық салдармен бірге, капиталистік-өнеркәсіптік қатынастың орбитасына енгізу үшін мүмкіндіктер орнатты [3, 20 б.].

Ұзаққа созылған жоңғар-қазақ соғысының ең соңғы кезеңі халқының жадында «Шанды жорық» деген атпен қалған. Сол соғыста 1771 жылы Сұлтанмамет және оның ұлдары қалмақтарға тойтарыс беруге дайын болып, өздерін көрсете білді [4, 123 б.]. Мұрағаттық құжаттарға сүйенсек, Сұлтанмамет және оның ұрпақтары қазақ халқына Ертістің оң жағалауларындағы жерлерін қайтару үшін зор еңбектерін сіңірген [5]. Сұлтанмамет султан – XVIII ғ. әйгілі тұлға, Шыңғысханның ұрпағы, Қазақ хандығының беделді султаны, ол Абулмамет хан мен Абылай султанның атынан Орта Ертіс өңірінде қазақтарды шебер басқарды [6, 5 б.].

Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңінде Қазақстандағы шаруалар қозғалыстарын зерттеушілер Ресей империясы халықтарының ұлт-азаттық қозғалыстар күресі тарихының бір бөлігі ретінде қарастырады. Соның бірі Сырым Датов басшылығымен жасалған қозғалыс болды. Кіші жүзде қазақтардың қарсы шығудың негізгі себептері қазақтарға Оралдың «ішкі жағына» ауысуға патшалықтың тыйым салуы, қазақ

ақсүйектерінің бір бөлігі құқықтарына қысымшылық ету, ханның шексіз билігі мен оның жақын арадағы адамдарын теріс пайдаланушылығы болды. Кең көлемді аймақтардың Ресейге қосылудың аяқталу кезеңінде бүрк еткен Исатай Тайманов батырдың жетекшілігімен 1836–1838 жж. Шаруалар көтерілісінде жаппай қарсы шығудың отарлыққа қарсы және феодалға қарсы бағыттылығы аса айқын көрінді.

XIX ғ. ұлт-азаттық қозғалыс тарихында 1837–1847 жж. көтерілісі ерекше орынды алады. Ресей саясатына көлемі, әсер ету, қамсығу, ұзақтылығы, қайраттылығы бойына ол қазақ халқының алдағы, келесі қарсыластарынан айтарлықтай ерекшелігі бар. Кавказ таулықтарының қозғалыстарымен 10 жыл бойында хан Кенесары Қасымов басшылығымен отарлық жаулап алуға, Орта жүзде әскери желілердің құрылысына және көтерілістің округтерін ұйымдастыруға басталған наразылығы қуатты империясының күштерін, құралдарын алаң етті, қырғыздар жерлерінде жеңілісімен аяқталған Орта және Кіші жүздерінің бөліктерін әскери жаулап алу мерзімдерін ығыстырды. Бұл патшалықтың отарлық саясатына қарсы қазақ халқының ең күшті қозғалысы болды.

1916 ж. көтеріліс қазақ халқының көп ғасырлық ұлт-азаттық тарихында ерекше орынды алады. Империализм және бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайларында Амангелді Иманов және көтерілістің басқа жетекшілері өз уақытында Сырым Датұлы, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісұлы, Кенесары, Наурызбай Қасымов бастаған тәуелсіздік үшін күреске халықты шақырды.

Тұңғыш рет ұлт-азаттық көтерілістен кейін Кенесары Қасымов жетекшілігімен 1916 ж. көтеріліс кең аймақтың барлық өңірлерін жаулап алып, бүкіл қазақтық сипатқа ие болды. Көтеріліс отаршылдыққа қарсы және антиимпериалистік бағытқа ие болды. Осы көтерілістердің барлығы сан жылдар бойы қазақ халқының жадында сақталды. Ата-бабаларының тәуелсіздікке

жету үшін жасаған ерліктеріне жігерленіп, қазақ ұл-қыздары 1986 ж. кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы шықты. Сол «Желтоқсан оқиғасы» тәуелсіздіктің, азаттықтың, демократиялық жаңғырудың бастауы болды. Ол жас жігіттер ар-намыс пен елдік рух жолында теңдікті талап еткен тегеурінді күш-қайнарының тоғысқан шағы еді. Ел мен ұлттың тәуелсіздік хұқын қорғау үшін бас көтерген желтоқсандық жігіттер мен қыздардың бұл қадамы шын мәнінде ерлік еді. Міне, осы қанды оқиғадан кейін бес жыл өткен соң, Қазақстан тәуелсіздік туын тікті.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Республиканың саяси басшылығы өз азаматтарының құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге айрықша назар аударды. 30 тамызда қабылданған еліміздің Конституциясында адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсіліне, діни көзқарасына байланысты ешқандай кемсітуге болмайтындағы анық айтылған.

Елімізде Президент қызметінің енгізілуі қоғамдық-саяси өмірде терең саяси реформалар жүргізуге мүмкіндік берді. Қазақстанда бір партиялық жүйенің орнына көппартиялық жүйе қалыптаса бастады. 1996 жылдың 30 қаңтарынан бастап екі палаталы парламент жұмыс жасап келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарына еркіндік берілді. Тауар тапшылығы жоғалып, өнім сапасы жақсарды. Қазақстан Республикасының азаматтары экономикалық еркіндіктің арқасында меншік иелеріне айналды.

1993 ж. 15 қарашада Ұлттық валюта-теңге айналымға шықты. Осы күнде теңгеміз тұрақты, сенімді қаржы бірлігі болды. Жаңа Тәуелсіз Қазақстан Республикасы халықтың жаңа тиімді тұрмысын қалыптастыру жолындағы күрделі экономикалық реформаларды өте сәтті жүзеге асыра алды. Мұндай орасан зор өзгеріс оңайшылықпен келген жоқ еді. Жетпіс жылдан астам қалыптасқан

сананы, дүниетанымды өзгерту міндеті де оңайға соқпады.

Н. Ә. Назарбаев еліміздің Қарулы Күштерін құрды. БҰҰ-ның шешімімен тарихқа «Бейбітшілік миссиясы» ретінде енген, Семей ядролық полигонын жабу секілді ғаламдық маңызға ие шараларға қол жеткізді. Еліміздегі аса өзекті әрі кезек күттірмес басты мәселеміздің бір болып саналатын – тіл саясатын тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біз парасатты байыптылық танытып жүргізіп келе жатырмыз.

Дегенмен, Қазақстан халқы мынаны түсінулері керек: қазақ тілі осы мемлекеттің негізгі қолданыс тілі. Бұл тіл осы мемлекеттен басқа ешбір елде дами алмайды, бұл тілдің басқа Отаны жоқ. Мемлекеттік саясатта бұл тілге алдағы уақытта да басымдылық беріледі. Қазақстанды өз Отаным деп есептейтін әрбір азамат бұл тілді білуге міндетті. Тіпті қазақстандық патриотизм бізді осыған жетелеуі қажет.

Қазақ елінің дәл жүрегінен, Еуразия кіндігінен барша қазақстандықтардың мақтанышы әрі ұлттық жетістігіміз-Астана қаласы бой көтерді. Елордамыз-республиканың бас қаласы-Астана

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Аяған, Б. Ғ., Әбжанов, Х. М., Махат, Д. А.** Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы : Раритет, 2010. – 448 б.

2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) / Бес томдық. – Т. 3. – Алматы : «Атамұра», 2002. – 768 б.

3 **Қасымбаев, Ж.** Государственные деятели казахских ханств (XVIII век) – Алматы : Білім, 1999. – 288 с.

4 **Кабульдинов, З. Е.** Султанмамет султан: государственный деятель, дипломат и батыр. Издание 1-се. – Алматы, 2018. – 304 с.

күннен-күнге көркейіп қанат жайып келеді. Табысты жүргізілген сыртқы саясаттағы жетістіктердің арқасында Қазақстан Республикасы БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ИКҰ секілді беделді халықаралық ұйымдардың салмақты мүшесіне айналып қана қоймай, мемлекетаралық қарым-қатынастарда да еліміздің мәртебесін көтеретін саяси оқиғаларға, тарихи кезендерге де бастамашы болды [4].

ҚОРЫТЫНДЫ

Өсіп-өркендеген және қуатты Қазақ елі Елбасы бастаған жаңғырулардың мақсаты мен мазмұны болады. Еліміздің нығайып халықаралық беделінің өскенін көрген әрбір қазақстандықтың кеудесінде мақтаныш сезімі пайда болады. Қазір іргелі тәуелсіз ел, демократиялық дәстүрді берік ұстанған қуатты мемлекет болды. Тарихты жасайтын тұлғалар тағлымы өскелең ұрпақтың ұлт мүддесіне қызмет етуіне жол ашып қана қоймай, әлемдік өркениеттің дамуына да ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халқы ынтымақтасып, жалпыұлттық, ұлтаралық бірлікті нығайтуға, рухани-мәдени жаңғыруға қол жеткізілді.

5 Султаны и батыры Среднего жуза (вторая половина XVIII в.). Сборник документов / Составитель Сирик В. А. – Алматы : Литера-М, 2018. – 560 с.

6 **Кабульдинов, З. Е.** Султанмамет султан : государственный деятель, дипломат и батыр. Издание 1-се. – Алматы, 2018. – 304 с.

7 <https://e-history.kz/kz/contents/view/2419> [Электронды ресурс].

Материал баспаға 24.12.18 түсті.

Б. Қайрат¹, Д. Зейнолаев², Б. Ж. Ельмуратова³

Из истории сохранения независимости Казахстана

^{1,2,3}Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 24.12.18.

B. Kairat¹, D. Zeinollayev², B. Yelmuratova³

From the history of preservation of independence of Kazakhstan

^{1,2,3}S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 24.12.18.

В статье приведены сведения из истории борьбы за сохранение независимости казахского народа, кратко описаны основные достижения страны в современный период, а также рассказывается о том, какие меры принимаются для укрепления государственной независимости Казахстана.

The article presents information from the history of the struggle to preserve the independence of the Kazakh people, briefly describes the main achievements of the country in the modern period, and also describes what measures are being taken to strengthen the state independence of Kazakhstan.

А. Б. Қалыш¹, А. Ш. Аққалиева²

¹т.ғ.д., профессор, Тарих, археология және этнология факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы;

²студент, Тарих, археология және этнология факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы
e-mail: 'kalyshamanzhol@gmail.com

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ
ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ**

Бұл мақаланың басты мақсаты: жекелеген этнографиялық, археологиялық ескерткіштердің зерттелу деңгейіне көңіл бөліп, Ақтөбе облысының Ойыл ауданының тарихи-мәдени мұрасына сипаттама беру, басқа өңірлердегі мәдени ошақтарымен байланыстылығын анықтау. Солардың қатарында әскери бекініс қирандылары, Көкжар көне мешіті және басқада тарихи-мәдени, сәулет ескерткіштері.

Кілтті сөздер: Ақтөбе облысы, өлкетану, мәдени мұра, ескерткіш, этнография, археология.

КІРІСПЕ

Ақтөбе облысының батысында орналасқан Ойыл ауданының қалыптасу тарихы жөнінде біраз мәліметтер бар. Ойыл өңірінің ортағасыр мен қазіргі заман тарихы жөнінде деректер зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілді. Өңірдің көне тарихының хронологиялық шеңбері 12000 ж. бұрын мезолит дәуірінен басталып, XIII ғ. басына дейінгі мерзімді қамтиды. Ойыл атауы ежелгі қазақ тарихынан ойып тұрып орын алады.

Үстімен Ұлы Жібек жолы өткен Ойыл өңірдің бастан кешкен оқиғалары–тарихшылардың еңе алмай отырған тың тақырыптары. Араб елшілері мен орыс саяхатшыларының жолжазбаларын, қағазға түсірген сызбаларын зерттеп, олардан қалған мұралармен тереңірек танысқан сайын Ойыл өңірінің тарихы қаншалықты тереңде жатқанына көзіңіз жете түседі [1]. Сонымен, қатар Ойыл ауданының мұрасы этнография саласы бойынша да толыққанды зерттеуді қажет етеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі Ойыл мен Қуырдақты өзендерінің аралығында 34 000 гектардан астам алқапты алып жатқан, Барқынның сынсыған орманды құм төбелерінің өзі толық ашылған жоқ [2]. Өңірде ортағасырлық қалалық мәдениеттен кенде емес екенін дәлелдейтін жәдігерлер баршылық.

Қазақ жерін XIX ғ. шарлаған А. И. Левшин өзінің белгілі еңбегінде Үлкен Қобладан өткенде, сол жердің айналасында қалалар болғанын жазған. П. И. Рычковтың «Орынбор топографиясы» деген еңбегінде сол жерде саны 30 шақты ірі құрылыстың қирап жатқанын, каналдың, үлкен көлемде бау-бақша орындары болғанын жазады.

2003, 2005 жж. жүргізілген археологиялық экспедиция барысында Мәулімберді қорымы деген Алтын Орда кезеңіндегі ескерткіштерді аршып-тазарту, ғылыми сараптау нәтижесінде, осы қорымда қалалық мәдениеттің XIV–XV ғ. бастап XX ғ. дейін дамып келгені дәлелденді. Тағы бір экспедиция

қорымдағы ерте темір ғасыр обаларын аршып, күйдірілген кірпіштен тұрғызылған «сағана» үлгісіндегі мазарларды зерттеді. Сондай-ақ, осыған іргелес аумақтарға барлау жасап, ерте кезеңнің біраз ірі ескерткіштер орнын анықтады.

Көнекөз қариялардың аңыз әңгімелерінде, Жошы ұлысының Алтын Орда феодалдық мемлекеті шапқыншылығына ұшырап, XIV-ғ-дың II жартысында жоқ етілген Мәулімберді қаласы болған делінеді [3, 52–54 б.]. Барқынқұмның астындағы қала – Мәулімберді, Жемге жақын Кеңқияқ елді мекеніндегі ханның сүйегі қалған қорым да осылай аталады. Қорымның өзі ерте темір дәуірінен келе жатқанымен, атауы ортағасырлық тұлғамен байланыстырылады. Филология ғылымының кандидаты Мақсат Төлмұраттың жазуынша, Батыс аймақта Мәулімберді кең таралған антропонимнің қатарына жатады [4].

Ертеректе Барқынқұм төбелерінен табылған тас құмыралар, шыны ыдыстардың сынықтары осыған дәлел болады. Барқынқұмнан табылған тас мүсіндерді зерттеушілер X–XIII ғғ. жатады деп есептейді. XI–XII ғ. қыпшақ дәуірінде Ойыл поселкесіне таяу Қаңқайда көне ескерткіш тас мүсін – балбал табылған. Тастан ер, әйел мүсіндері жасалған. Ойыл тарихының тереңде екенін дәлелдейтін Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайында сақталып тұрған ерекше туынды – балбалтас. Ескерткіш Ойыл селосынан 8 шақырым жерде, Барқын құмынан біраз тереңнен табылды.

1970 ж. Борсық құмынан табылған биіктігі 98 см, ені 42 см тас мүсіннен тізерлеп отырған әйел пішіні анық көрінеді. Ашық сары құмнан орындалған. Мүсіннің басы көтеріңкі, қолымен сәбиін аялаған ана бейнесі. Бет-әлпеті, көзі, мұрны, аузы шебер бедерленген, бүйірінен белі қыпшаланған әйел мүсінін жазбай тануға болады [3, 56 б.].

Қарауылтөбе, Егізқара мазары, Қырықбалалардың тарихына алғашқы

жасалған болжамда: «Экспедиция кезінде ұшырасқан орта ғасырлық мазар, кесене қалдықтар Ақтөбе облысы Жошы ұлысы мен Қазақ хандығы кезеңдері ескерткіштерінің шоғырлана бой көтерген өлкелерінің бірі екендігін анықтап берді. Бұған бір ғана Ойыл ауданында табылған ескерткіштер тобы куә бола алады» [5].

Ойыл өңірінде археология саласы бойынша үлкен ғылыми жаналық ашқан Құмсай (Қырыққоба) қорымы. Бұл Барқынқұмына қарсы бетте орналасқан, Ойыл өзенінің оңтүстік жағалауындағы төбешіктер. 2010–2012 жж. жазында Құмсай қорымында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Экспедицияның ғылыми қызметкерлері ерте қола дәуірінде өмір сүрген адамдар деп болжайды. Үйіндісінің ара қашықтығы сақталған. Көше тәртібіне де келеді. Обалардың қабақта тұруы жаугершілік замандағы қарауыл, алыс-жақынды шолуға ыңғайлылығы болса керек [6].

Алып адам мүсіндері де осы Ойыл өзені бойынан Құмсай қорғандарынан табылды. Ақтөбе археологтары Ойылдан ежелгі алып адамдардың қорғанып тапты. Зерттеушілердің айтуынша қазба жұмыстары жүргізілген қорымда адамдардың сүйектері ірі, бойлары екі метрге дейін жетеді. «Көзге қырыққа жуық ірі төбелер түседі, ұсақ қорғандар да бар. Бұл бүгінге дейін сақталған тарихи ескерткіштердің бірегейі. Мұндай қорған еш жерде жоқ», – дейді тарихи өлкетану мұражайдың ғылыми қызметкерлері. Қорған тарихы төрт жарым мыңжылдықты құрайды. Нақты 4290 жылдың мұрасы. Мұны Германия лабораториясы дәлелдеді [7].

Бүгінде Ойылдың батыс жақ іргесіндегі – Қарауылтөбе биіктігінде көлемі жағынан үлкен оба кездеседі, ол ерте темір ғасырының, яғни сармат кезеңінің ескерткіші, б.з.д. V–III ғғ. аралығы кезеңдерін қамтиды.

Кіші жүздегі ұлт-азаттық күресінің тарихында Ойыл көтерілісшілерінің

орны бар. Көтерілісшілер қарулы патша үкіметінің ауыр соққысына қарамастан 1868 ж. 6 мамырда Ойыл әскери бекінісін салдырмау мақсатында өңірдің «Жамансай» жерінде 20 мың қолмен келіп 7 күн бойы фон Штемпельдің Ойыл бекінісі үшін әкеле жатқан материалдары тиелген 400 арбасы бар 500 солдатын қоршап тұрды. Қақтығыста қаза тапқаны, жараланғаны бар әскерлер Калмыков қорғанына шегініп кетеді. Орал облысы әскери губернаторы Н. А. Веревкин өзі бастап, құрамына мұздай қаруланған 1700 солдаты бар арнаулы отрядпен 1868 ж. 21 маусымда Барқынқұм маңына келеді. Қолға іліккеннен өзге қаруы жоқ көтерілісшілер оларға қатты қарсылық көрсете алмады.

Осыны пайдаланған, жүрген жерін қырып дікендеген атты казак әскерлері 1868 ж. шілдеде қырда Ойыл бекінісі мен ойдағы Ойыл елін қоршап, басшыларымен қоса көтерілісшілерді Қазыбек биігінде аяусыз қырып жазалаған. Сол Қазыбек биігі – қазір Қарауылтөбе деп аталады. Орынбор мұрағат жазбасында Қазыбек Орынборда аса ықпалды би болған екен [3, 59, 112 б.]. Осы киелі Қарауылтөбеде биыл, 2018 жылдың қазан айында аудан жанашырлары мен мәдениет қызметкерлерінің күшімен «Туған жерге тағзым» аясында биіктігі 45 метр мұнара бой көтерді. Мұнара Ойылдың түнгі «темірқазығы» секілді алыстан бағдар беріп тұрады [8].

Ойыл бекінісінің салынуы 1865 ж. басталып, 1867 ж. пайдалануға беріледі. Қалашық Ойыл өзенінің оң жағалауынан жоғары, құрылысы жергілікті жердің саз топырағынан соғылған кірпіш тастармен тұрғызылды. 1-бөлігіне әскери тұрғындарға арналған құрылыс, шіркеу орналасты. Ал, солтүстік батысында Көкжар жәрмеңкесінің тас корпустары мен мешіт орналасты. Бекіністің басым бөлігін сауда үйлері мен керуен сарайлары құрады. Құжаттардағыдай, Ойыл бекінісінен шығысқа қарай және Барқынқұмнан

солтүстікке қарай ескі бархандардың арасынан қатты плиталық күм өндірілді.

Бекіністің солтүстік шығысында 10 шақырым жерде Құсқара алқабында гипс бар екендігі айқындалды. Губернатор Крыжановский: «Біздің басты мақсатымыз осы өлкені толығымен игеріп, өзімізге бағындыру екені сөзсіз. Сол себептіде Барқынқұмдағы жәрмеңкені Ойылға ауыстырып және жағалай Ойыл өзені, ауыз суы да қасында, бекініс шатқал басына салынбақ, орыс мұжықтарын қоныстандыруға таптырмайтын өлке екенін» айтады [3, 115–122 б.].

Елімізде сақталған ерекше орын – Ойылдағы Көкжар жәрмеңкесі кезіндегі ғимараттар. Ойыл бекінісіндегі жәрмеңке жөнінде мәліметтерде 1885 ж. Закаспий теміржолының өмірге келуі кейбір керуен сарайларының қызметін тоқырауға тіреді. Ойыл жәрмеңкесінің жыл сайын сауда айналымы арта түсті. Орал губернаторы: «Бекіністегі жәрмеңке саудасына қажет құрылыс нышандарының саны толығып, қосымша 3 тауар қоймасы тұрғызылды. 1892 жылы Ойыл жәрмеңкесінің барысы 2 ай мерзімге ұзарды. Былтырғы жылмен салыстырғанда түскен табыс 2 есеге жуық. Тіпті менің атыма Орал және Рязань теміржол желісі әкімшілігі тарапынан ұсыныс түсіп өз қызметін бастап кетті. Олар Закаспий теміржол желісінің бір тармағын Сағыздан Ойыл бекінісіне тартпақшы. 48 км жол құрылысы аяқталуға таяу. Осы бекініс арқылы Орынборға тура жол тартылса, бұл іс бәрімізге пайдалы болары анық», – деп жазады.

Бұл жерде анық байқағанымыз, бекіністегі жәрмеңкенің беделінің арқасында Ойылға теміржол келуге шак қалғанын аңғарамыз. Уездік Көкжар қаласы Ресейдің негізгі сауда-саттық жолдарының түйіскен орны, керуен жолының орталығы болған. Мешіт, жәрмеңке комитеті, сауда дүкендері барлық инженерлік өлшеммен салынған, мал соятын жер, көпестердің қызыл қыштан, қарағайдан тұрғызылған

үйлері түзу көше болып орналасқан. Ел арасындағы қарым-қатынас орнап, сауда-саттық дамып, спорт пен мәдениеттің дамуына серпіліс берген. Жәрмеңкеде мал, мал өнімдері, ағаш, темір бұйымдары, ыдыс-аяқ, мата сатылған [1].

«Негізгі ғимараттары сақталған. Бірақ Кеңес үкіметі кезінде керуен сарайы мен лау жойылып кетті. Лау 1929 ж. дейін жұмыс істеген. 1937 ж. шаруашылыққа қолданылды. Сол жылдары жәрмеңке кезінде түсірілген суреттер музейде сақтаулы. Елдегі қуғын-сүргін жәрмеңке жұмысын әлсіретіп, соңында жабылды. Қудаланған Ойыл азаматтары туралы құжаттар да тым аз. Негізгі жәрмеңке туралы құнды деректер Орынбор мемлекеттік мұрағатынан табылуда. Бәрі сол жерде сақтаулы», – деді Ойыл музейінің экскурсия жетекшісі Дулат Исабаев. Жәрмеңкеге Орал, Орынбор, Саратов, Мәскеу, Ақтөбе, Атырау, Кавказ көпестері, және өзбек, түрікмен, Иран саудагерлері келген. Тіпті бірнеше рет үнді саудагерлері де келді деп көне көз қариялар айтқан.

Ойылдағы жәрмеңкенің ашылып жабылуы үлкен той-салтанат болып өткен. Қашаған, Нұрым, Мұрат Мөңкеұлы, Құрманғазы Мералының Мұхиты, Тұрдалының Қызылы, Есір Айшуақұлы, Қалнияз секілді жыршылар, күйшілер арнайы келген. Жәрмеңкеде атақты тарышы Ш. Берсиевтің әкесі Берсе жұмыс істеген [9].

Бекініс кезінде жәрмеңке қатарларының есігі жеке-жеке дүкен, әр дүкеннің артында кішкентай есігі бар алдында сатушының киіз үйі тігулі тұрған екен. Р. Гельмгольц деген автордың «Орынбор саудасы дала қазақтарының Ойылына ауысуы» мақаласында «Бүкіл Ресейдің даңқын аспанға шығарып, саудада Еуропа, Азияны аузына қаратқан Нижний Новгород, Орынбор жәрмеңкелерінің мәні мен сәні 1880 жж кете бастады. Олардың беделін күрт түсірген Ойыл жәрмеңкесін тарих лажсыз мойындады» деп жазады [10].

Ойыл бекінісі кезінде салынған тарихы терең ғимараттардың бірі – Көкжар мешіті. Кеңес үкіметіне дейін Ақтөбе облысы аумағында мұрағат құжаттарына қарағанда 1917 ж. дейін 200 мешіт халыққа қызмет еткен. Кеңес үкіметі тұсында 200 мешіттің көбі жермен-жексен болып тек бірнеше мешіт аман қалды. Ақтөбе облысында ең ескі мешіттің бірі саналатын Ойыл мешітінің салынуы патшалы Ресейдің сауда қатынасы мен отарлау саясатына қатысты. Деректерде мешіт іргетасы 1863 ж. Ойыл бекінісінің бұрын қаланған. Ойыл мешітінің құрылысын Орынбор мешіттерінің құрамдас бір бөлшегі деуге болады. Ойыл мешітінің алғашқы бас имамы болған С. Ізтілеуов 1871 ж. Ойылдың 21-ауылында туған. Мәдениеттің діни университетінде білім алды. Ол А. Байтұрсынұлымен, Х. Досмұхамедұлымен, Ә. Бөкейханұлымен кездескен. С. Ізтілеуов 1926 ж. Ойыл мешітіне хазірет болды [3, 147 б.].

Мешіт тарихына қатысты ел аузында тараған аңызға толы әңгімелер бар. Соның бірі, Ойылдағы жер асты жолының мешітпен ұштасындығы. Қызылдардан қашқан бай-көпестер мүліктерін атқа артқан күйі мешітке кіріп кетеді. Соңынан кірген кеңес жауынгерлері түк таппай дал болып, бас шайқасқан.

Аңыздың ақиқатында, 2010 ж. Алтынбек қажының айтуына қарап жылу жүйесін кіргізу үшін мешіт қабырғалар іргесін қазғанда іргетасынан төмен қарай ұласып жатқан 3 м. қабырғаға тап болған. Яғни мешіттің үстіңгі бөлігіндей бөлме, мешіт астында да болған деген сөз. Оған дәлел мешіт қабырғасының қалыңдығы. Тағы бір дерек, терезе жақтауын бұрғымен тескен кезде, 1-ші кірпіштің түсіндей қызыл ұнтақтар ұшса, орта тұсында ақ ұнтақ ұшады, бірақ жарып қарағанда кірпіштер арасынан ешқандай ақ қоспа табылмаған. Кірпіштерге биенің сүтін қосқан деген ел аузындағы мәліметке тағы бір дәлел дейміз [11].

Ойыл – жырау, билер сөйлеп, батырлар ту көтерген жер. Елдің белі соғыс ауыртпалығынан қайысқан күндерде, Ойыл бойына тары егіп, жүзі күнқакты, қара жұмысқа қайраулы бір қазақ – Шығанақ Берсиевтің есімі әлемді шарлап кетті. Ол 1924 ж. қолы қысқа үкіметтің көмегін күтпей, ұжымдық еңбекпен, өзінің жұлдыз руы 500 түтінін біріктіріп, Ащыойыл өзенін бөгеді ұйымдастырды.

«Шығанақ тарысының биіктігі атты кісінің бойымен бірдей, жиілігі сондай арасынан жүріп өту мүмкін емес. Кейбір келдектің бір қауызында 2 егіз дән болатынын көрдім. Тарының пісіп-жетілуіне қарай жоғары шашағын қиып алып, бір келдекті 3 кезеңде жинайтын. Сұрыптап 1 гектардан шамамен 1 шелектей егіз тары тұқымын жинайтын. Әрине, бірқатар құпия іс-сырларын әбден нәтижесіне көз жеткізбей жария ете бермейтін» – деп еске алады диханның шәкірті И. Мамаев. 1942 ж. ол кезде адам ойына келмеген құпия тәжірибеге тәуекел етті. 0,1 гектар жерге тарыны 2 мәрте сеуіп, жинады. Шаршы метрге 230 дән түсетіндей етіп, агрономдар қазіргі тілімен «шаршылап себу» әдісін қолданды. Нәтижесі күдіктерді сейілтп, рекордтың тұғырын мықтап бекітіп, әлем таныған рекордқа ұласты [3, 223–226 б.].

Бір айтарлығы, Шығанақ жасаған әлемдік рекорд әлі күнге қайталанған жоқ. 1944 ж. туған жерде диханға арнап ескерткіш пирамида (авторы – архитектор Т. Бәсенов) орнатылды. Мазар бейітінен 200 метрдей жерде салынған. 1965 ж. Ш. Берсиев ауылында ескерткіші орнатылды [12, 38–40 б.].

Ойылдағы тарихи-архитектуралық ескерткіштерінің тағы біреуі – «Қызыл

мектеп». Ойыл өңіріне М. Күмісбайұлы, балалары Дәукен, Мұқаш, Серікбай, Ғұсман есімдері жақсы таныс. Мендібай Көкжар жәрменкесі кезеңінде қазынашылық қызметін атқарып, алғашқы оқу ошағы – «Қызыл мектептің» ашылуына қаржылай да, басқалай да қыруар қайрат қосты. Сол сияқты Ботағөз батырдың ақ тамы, мазары және ескерткіші, Махамбет, Исатайдың сенімді серігі болған Ш. Жарылғасұлының «Шернияздың ағы» деп аталған әйгілі бейіті, құлпытасы, елге танымал сынықшы Сүлеймен ата мазары басқа да осындай ескерткіштері өңірдің шежірелі тарихы болып саналады [13].

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұлы даланың әрбір қырына, шоқысы мен төбесіне бабаларымыз белгі қойып кеткен. Ұрпағы өз жері, Отанын біліп жүруі үшін солай жасаған. Ежелден ата-бабамыз «Елдің елдігін сақтау үшін ердің ерлігін» дәріптеген. Еліміз деп еңіреп өткен ерлерге қашанда құрмет көрсетіліп, тағзым еткен. Батырлар даңқының асқақтауы, иен далада еңселі ескерткіш-кесенелердің, қорым-қорғандардың табылып-ашылуы, бой көтеруі – ел жадының жаңғырғанының айғағы.

Президент Н. Ә. Назарбаев «Біз тарихымызды өзіміз жаңғыртуымыз міндет. Керек десеніз, әрбір ауылдың түп-тарихын зерделеп, зерттеп жазып, ұрпағымызға мұра етіп қалдыруымыз қажет» – деп атап өткені белгілі. Қорыта келе айтарымыз, тарих төрінен орын алар, еліміздің бір бөлшегі саналатын туып өскен өлкеміз – Ойылымның құндылықтары – шежірелі ескерткіштерінің, тарихи-мәдени мұрасының ізі сайрап жатыр.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Құрманбеков, Б.** Ойыл жәрменкесі. – Ақтөбе : А-Полиграфия, 2012. – 56 б.

2 **Дүйсеғалиева, Б.** Ойыл орманы, барқын құмы // Егемен Қазақстан. – 2014, 19 ақпан.

3 **Бақтыгерейұлы, С.** Ойыл / Ред. Қ. Ахметов. – Астана : Фолиант, 2009. – 304 б.

4 Мәулімберді қорымы. Өзірл. И. Жаймағамбетова // Ақтөбе. – 2018, 18 қазан.

5 **Бисалиев, Ж.** Тарихтың құм басқан құпиясы // Ойыл – 2011, 21 маусым.

6 **Қойбағаров, С.** Қырықоба : құмға көмілген төрт мың жылдық тарих // Ақтөбе. – 2012, 2 тамыз.

7 Ақтөбеде алыптар зерттеліп жатыр. Ақтөбе археологтары Ойыл ауданынан ежелгі алып адамдардың қорғанын тапты : Зерттеу // Керек.INFO. – 2014. – № 1–2.

8 Жарықтанған мұнара – Ойылдың «темірқазығы» // Ойыл – 2018, 11 қазан.

9 Ойылым менің – ойдағы елім : тарихшы Е. Тілеповтың Орынбор қаласы мұрағатынан алған тың деректерінен // Ойыл – 2006, 10 тамыз.

10 **Қазмағамбетов, К.** Ойдағы ел – Ойыл тарихтың көзі – Көкжар // Ойыл. – 2011, 9 маусым.

11 **Самаликова, Ж.** Арды ойлаған азаматтар үшін Ойыл мешітінің орны бөлек // Ойыл – 2012, 12 шілде.

12 Ақ тарының атасы / құраст. Б. Шоланов, С. Әлібеков. – Алматы : Қайнар, 1981. – 216 б.

13 Ақтөбе облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері. 13 томдық. – 6-т. Ойыл ауданы. – Ақтөбе, 2011. – 220 б.

Материал баспаға 24.12.18. түсті.

А. Б. Калыш¹, А. Ш. Аккалиева²

Историко-культурное наследие Уильского района Актюбинской области

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 24.12.18.

А. В. Kalysh¹, А. Sh. Akkaliev²

Historical and cultural heritage of the Uille district of Aktobe region

^{1,2}al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan. Material received on 24.12.18.

Целью данной статьи явилось выявление степени изученности отдельных этнографических, археологических памятников Уильского района Актюбинской области, а также определение связи историко-культурного наследия с другими регионами. В числе замечательных памятников историко-культурного наследия региона – остатки военной крепости, древняя мечеть Кокжар, другие памятники, архитектуры и культуры.

The purpose of this article was to identify the degree of knowledge of individual ethnographic, archaeological monuments of the Uille district of the Aktobe region, as well as to determine the connection of the historical and cultural heritage with other regions. Among the remarkable monuments of the historical and cultural heritage of the region are the remains of a military fortress, the ancient Kokzhar mosque, other monuments, architecture and culture.

А. М. Кульмаганбетова¹, З. Ж. Марданова²

¹магистрант, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы; ²т.ғ.к., профессор, «Қазақстан тарихы» кафедрасы меңгерушісі, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹aygul.kulmaganbetova@mail.ru; ²zuleikha_m@mail.ru

«ДАУА» ГАЗЕТІ – ӨЛКЕТАНУ ТУРАЛЫ ҚҰНДЫ ДЕРЕК

Туған өлкенің бай тарихын зерттеу және түсіну белгілі ғалым, инженер-металлург, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Жеңіс Мардановтың ерікті азаматтық миссиясына айналды. Бұл тұжырымның әділдігі Жеңіс Марданұлы Мардановтың «Дауа» газетінің беттерінде ізденушілік, мұрағаттық және ағартушылық, ғылыми және публицистикалық қызметімен расталады.

Кілтті сөздер: Өлкетану, «Дауа» газеті, Жеңіс Марданов, Павлодар облысы.

КІРІСПЕ

Егемендіктің алғашқы жылдарында Жеңіс Марданов және оның жақын арадағы серіктестері Тілеукең Инсебаев пен Амантай Қалиев «Дауа» газеті арқылы ондаған жылдар бойы тыйым салынған ел мен аймақтың қоғамдық-саяси, шаруашылық-экономикалық және мәдени-тарихи даму құбылыстары мен процестері туралы халыққа өзінің дәлелді сөздерін жеткізді [1].

Алғашқы басылымдардан бастап өлкетану газеті бетінде тек өлкенің тарихына ғана емес, Павлодар жерінің белгілі тумаларына да назар аударылады, шежіре бойынша материалдар, естеліктер, күнделіктер мен хаттар жарияланады. Газет әлеуметтік-экономикалық, мәдени-білім беру мәселелерін жариялап, өлкеміздің тарихи мұрасын насихаттаумен айналысты.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Дауа газеті» – 1990–1993 жылдары Павлодар облысында жарияланым жасап тұрған қоғамдық-саяси және тарихы басылым болған. Бірінші номері 1990 жылдың қыркүйек айында шыққан. 1992 жылға дейін айына бір рет, одан кейін

екі айдың ішінде бір рет шыққан. Жалпы отыздан астам нөмірі жарық көрген. Таралымы 10 000 дана болды. Газет рәміздік бейне ретінде сегіз қырлы жұлдыз ұсынды.

Шығарушылар алқасында: Тілеукең Ахметұлы, Мүбәрак Жаманбапинов, Тұрсын Жұртбаев, Жеңіс Марданұлы, Мекемтас Мырзахметов, Темірболат Олжабайұлы болған. Жауапты шығарушысы – Нәсіполла Есімұлы деген азамат [1].

«Дауа» газеттің негізгі мақсаттары – халқымыздың өткендегі тарихын жандандыру, оның ғасырлар бойы жасаған асыл мұраларын көпшілікке танытып, бүгінгі ұрпақтың игілігіне айналдыру, қасиетті ана тіліміздің мемлекеттік тіл ретінде өрісінің кеңеюіне ықпал жасау, ата-баба дәстүрінің, әдет-ғұрпының тәлім-тәрбие жұмысына тигізер шарапатын әйгілеу болды.

Халыққа оқу-білімді, ұлттық мәдениетті, өнерді, адамгершілікті, имандылықты, бауырмалдық-ұлтжандылықты уағыздау арқылы ұлттық сана-сезімнің оянуына, елдің туын көтерер қазақ азаматын тәрбиелеу ісіне ат салысу.

Жазушы, филология ғылымдарының докторы, абайтанушы, әуезовтанушы,

алаштанушы Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай пікірінше, «Дауа» газеті халықтың сүйіктісіне айналғаны жайдан жай емес. Оған тек қана осы газетке сай төрт ерекшеліктер байланысты болды – біріншіден, ол «Дауаның» ұстанған бағыты. Тұсаукесер санынан бастап бұл үнкағаз қазақ халқының отарлануының зардаптарын әшкерелуді өзінің ең басты нысанасының бірі етіп алды. Тек өткен күннің озбырлықтарына ғана тоқталмай, жергілікті ұлттан келімсектер басым болып отырған облыстағы коммунистік отаршылдарға қарсы нақты деректер арқылы өткір мақалалар жариялады [2].

«Дауаның» екінші бір ерекше талпынысы – ол тек қана кешегі күннің мұқтажы мен қиянатын қазбалап кетпейді, бүгінгі күннің өзекті мәселесін өткір қойып, байыпты дәріптейді. Үшіншіден, ұлттаралық қарым-қатынас тұрғысынан алғанда «Дауа» тек қана қазақтардың мүддесін ғана көздеп қойған жоқ, барлық тұрғындардың мұқтаждығын көтере білді; өлкенің тарихи шежіресін басып шығаруы және де осы мақалаларда қазақ халқының өз бойындағы кемшіліктері туралы үзбей беріп тұратын пікірлері арқылы ерекшеленді. Осы пайымдаумен біз толығымен келісеміз.

«Дауа» газетінде келесідей рубрикалар болған:

1-ші рубрика – «Танымал ғалымдар мен қаламгер жазушылар шығармашылығынан». Мында мысалы, жазушы, ғалым Мекемтас Мырзахметовтың «Отаршылдық елді мекен, жер атаулары», жазушы Хамза Абдуллиннің «Батыр Баян» дастаны, ақын, М. Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты Ерік Асқаровтың Мағжанның «Батыр Баян» поэмасы жайындағы очеркі, жазушы Смағұл Елубаевтың «Ойлан, қазақ!» (Ағайынға ашық хат) мақаласы, Тұрсын Жұртбаевтың «Дулыға» мақаласы, ақын Бақытжан Қанапиянов «Күйші» (ауд. Т. Жұртбаев) поэмасы, ақын Ұлықбек Есдаулетов «Заман-ай» шығармасы, халық

жазушысы Қалмұқан Исабаевтың «Өмір дауасы» әңгімесі және т.с.с. жарияланды.

2-ші рубрика. «Ел қорғаны батырлар» айдарымен – «Ел ұраны – Абылай», «Абылай мен Кеңесары – қазақ халқының қаһармандары», «Үш жүзге ұран болған ер Қабанбай», «Жігіттік, ерлікті айтсаң – Бөгенбайды айт!», «Батырларымның ішінде бәрінен жоғары тұрған – бәсентің Малайсары мен уақ Баян» (Абылай хан), «Малайсары тауы», «Батыр Баян» мақалалары, олардың шығу тегі туралы шежірелер, «Олжабай аман болса, ел аман» (Абылай хан), «Шақшақұлы Жәнібек», «Бейбарыс сұлтан», «Жалантөс Баһадүр» мақалалары және т.б. жарыққа шықты.

3-ші рубрика. «Ата жұрттың арыстары» айдарымен – «Абай Құнанбаев» «Әлихан Бөкейханов» мақалалары, Міржақыптың «Алашқа», Мағжанның «Окжетпестің қиясында», «Оралы», Шәкәрімнің «Қазақтың түп атасы - батыр түрік», Сәбит Дөңентаевтың «Сарыарқа анамызға», «Адаспаспыз», «Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізу» туралы ашық хаты, Сәкен Сейфуллиннің «1924 жыл», Сұлтанмахмұт Торайғыров «Алаш ұраны» еңбектері, Алаштың азаматтары – Міржақып Дулатов, Мұқаметжан Тынышбаев туралы жарияланымдар басылды.

4-ші рубрика – өлкенің рутайпа шежіресіне арналды. Бұл нағыз шежірешілердің семинары болды деуге болады. Негізінен, Т. Еңсебаевтың «Қыпшақтар», «Наймандар», «Қанжығалы», «Баянаула-Ертіс өңірін қоныстаған рулардың шежіресі», «Сүйіндік атауының төркіні хақында», «Аңыздар ізімен», Қыпшақтар және көне Русь», «Қаракесек елі» мақалалары осы айдармен шықты.

5-ші рубрика. «Ел ауызынан» айдарымен – «Ертістен шыққан көсемсөз», «Сөз жүйесін тапса...», «Кұдай жөнің берсе, орыс тоның береді», «Қаз дауысты Қазыбек бабамыз айтқан екен» мақалалар шықты.

6-ші рубрика – «Имандылық-Шариғаттану». Мындағы жарияланған

материалдар атаулары: «Хиджра», «Хадистер», «Діни ұғымдарға түсінік», «Жаназа», «Ислам ғұрпының атаулы күндері», Мәшхүр Жүсіптің «Қиямет күн», «Өзгеше бір заман болар», «Бес Намаз» өлеңдері, «Мінез-құлық туралы», «Намазға дайындық», «Мұсылман дініне кірген орыс қызы», «Мешітке қамқорлық», «Шариғаттану», «Қызылағаш болысынан шыққан қажылар», «Аруақтарды осылай қорлады», «Адам өлген соң жасалатын ғұрыптар», «Обращение к Мусульманам», «Алланың сыйынан адам безе ме?», «Пендеге иман өзі жол ашады», «Мінәжаттар», «Араб тілінде иман келтіру», «Діни мейрамдар», «Шетелдегі мұсылман халықтарының саны», «Нәпсі», «Жарапазан жыры», «Санаңызға шарапатты сәуле түссе», «Құран сүрелерінің тізімі», «Исламның шарттары», «Кәпірдің көзінен сақтасын».

7-ші рубрика. «Халықтың қабағына кірбін, көңіліне қаяу салатын әділетсіздік, нағандылықты, әр түрлі жамандық атаулыны әшкерелеу» айдарымен келесі мақалалар жарияланды: «Ермак кім болған?», «Сақтаныңыздар, Санников!», «Қазақтарды қуып әкеп қырды», «Напрасные потуги», «Шынғыс хан туралы шындық айтыла ма?», «Патша өкіметінің Қазақстанды әскери отарлау кезеңдері», «Россия империясының жаулап алу саясаты», «Жау – жағадан бөрі – етектен», «Билік тізгіні кімнің қолында?», «Ұлт тағдырын ойласақ», «Қырық екінің хаты және оның салдары», «Павлодар облысы тұрғындарының ұлттық құрамы» (1989 жылғы сынақ бойынша), Советский тип колониализма «Империя Кремля», «Письма русским писателям», «О фальсификации истории края», «Не пора ли домой?», «Куда клонит атаман?» (З. Байжанов. Железинка ауданы, 1993 ж., қараша), «...и стонет степь от унижения», «Одно из направлений русской религии», «О насильственной ассимиляции, которой подвергался Казахстан в нынешнем веке». Мақалалардың аттары өз үшін айтып тұрғандай!

8-ші рубрика. Ономастика мәселелері бойынша мақалалар: «Павлодар облысының топонимдері», «Байырғы атаулар қайтарылсын», «Ертіс ауданы: жоғалған ауылдар, жойылған ауылдар, қайтарылған ауыл-селолар, аты өзгертілген көшелері», «Қызылағаш болысына қарасты ауылдар», «Қимақ мемлекеті», «Архив дерегінің бәрі шындық емес» (Павлодар қаласына неше жыл), «Ямышев бекінісі қашан салынды», «Атауларды өзгерту қиын ба?», «Қай жұрттың қаласында тұрамыз», «Көше аттары», белгілі өлкетанушы, қоғам қайраткері Серік Жақсыбаевтың «Халық депутаттарының Екібастұз қалалық атқару комитетінің төрағасына ашық хаты», «Сөзден іске көшкен жөн» (Баянауыл аудандық кеңесінің назарына).

9-шы рубрика. Басқа да түрлі тақырыптарды қамтып, Я. Махмудуллаевтың «Ата жолы», «Азамат» газетінің, «Халықтың тұтқасы анада», «Бесігіміз түзелер», «Ұлттық ынтымаққа жүгінейік» мақалалары, Алпысбек Әділханұлының «Әрекетке көшейік» мақаласы жарық көрді.

10-шы рубрика – «Бақсылық туралы» деп аталды. Мында Қайса ата туралы, Бәстеми хазірет, Ақбалық хазірет, Жазы батыр туралы жазылды. «Еңбекші қазақ» газетінен «1928 жылғы кәмпеске лаңы», «Зұлмат науқан», «Ертедегі медреселер» жарияланымдар, Қ. М. Жүсіповтің «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шеберлігі» мақаласы, басқа авторлардың «Нұрлыбектің өмірбаяндық өлеңдері», «Кешегі ортада өскен Естай едім...», «Баласы Әлсейіттің Құдайберген», «Арқада бір ақын бар аңқылдаған», «Бұқар жырау мен Байық шешен», «Сәлем айт үш атаның баласына», Серік Жақсыбаевтың «Бұқар жырау», «Бұқар жырау болжамдары» мақалалары, «Тәттімбет ардакерім Арғын асқан», «Болатқожа (Қаракесек) туралы» материалдар шықты.

11-ші рубрика қазақ мектептерінің мәселелерін көтерді. Мында Қабықен Машраповтың және басқалардың

«Алғашқы кеңес мектебі», «Көсегесі қазақтың ұрпағымен көгерер», «Қазақ мектептерінің халі қалай?», ұрпақ тәрбиесі толғандырады», «Қазақ халқының жазуы туралы», «Ұрпағыңды аясаң – ана тілден айырма», «Қазақ деген елімнің болашағы сендерсің» жарияланымдары басылды.

12-ші рубрика. Оқырмандар хаттары мен жерлес ақындар өлеңдері: Арман Қаниевтің «Жан-талас», Бақи Әбдіқадировтың «Құтты қоныс», Мұхит Жақсылықұлының «Жатырқама, Ата-жұрт!», «Бұл қазақ», Фабит Сапаровтың «Атом», Рахат Алтайұлының «Дала», Ш. Құнанбаевтың «Желтоқсан» еңбектері жарық көрді.

13-ші рубрикада Жолатбек Қайдарұлының «Дауадан айрылсақ кім болғанымыз?», «Дауаны» оқығанда өлеңдері, «Дауа» нені уағыздайды?, «Дауа» газетінің екі жылдығына, «Тәңір жарылғасын, Пульс!» жазбалары жарияланды. Бұдан басқа, құттықтаулар, «Дауанды тап», «Дауа!» атты қызықты әңгімелер.

14-ші рубрикада Жәлел Сағындықұлының «Қош, аяулы Жәкеміз!», Елеуке Қалдановтың «Ақ өлімге дауа жоқ!», Жәнібек Көрменовтың естеліктеріне орай «Айырылып Жәнібектен...» «Ақайдың Қасенін еске алу» некрологтары жарияланды.

15-ші рубрикада «Екібастұз – ежелгі кен жайлау», «Әкімге ризамыз, әкімнің орынбасарларына риза емеспіз», «Железинкадан шыққан ғалымдар», «Қыр төсегіндегі Ғылым Академиясы» (Баянауылдан шыққан ғалымдар туралы), «Баянауылдың әйгілі перзенттері» деген материалдар жарыққа шықты [3].

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 «Дауа» газеті. – Павлодар : «Қазақ тілі» қоғамы. – 1990–1993.

2 **Тілке, Ж.** Шежіре : Ертіс – Баянаула өңірі. – Павлодар : Дауа-Қазақстан, 1995. – Кіт. I. – 368 б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе айтқанда, өз елінде өгейсінен қазақ балабақшасы мен мектептер туралы, ана тілінен қол үзген жас ұрпақтар жайлы, имандылық, атамекен, жер атаулары жөніндегі ойлы толғаныстар, ата-баба шежірелерінен үзінділер оқырман қауым талабымен орайлас шығуы – «Дауа» газетінің рухы биік екенін толығымен дәлелдейді.

Жалпы мақалар тізімін зерттесек, «Дауа» газеті білім мен ұғым жайлы, халыққа шарапаты тиген әйгілі жерлес ата-бабаларды – аруақтарды ұрпақтарға таныстыру, имандылық пен рухани байлықты жастарға уағыздау, халықтың өткендегі тарихын мәдени мұраларын, өнерін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын насихаттау арқылы ұлттық сана-сезімді ояту, халықты біліммен қаруландыруды әрқашан көтеріп тұрды.

Газет бетіндегі деректер негізінен жергілікті елдің (ауылдың, ауданның тарихына), өлке мәдениетіне, әйгілі адамдарына қатысты материалдар болғандықтан өте құнды болып келеді. Себебі, өз туған өлкесінің тарихынан бейхабар ұрпақ жат елдің тарихын оқып азамат бола алмайтынына бәріміздің де көзіміз жетті. Ал «Дауа» газетінің кітапхана қорлары мен жеке архивтерде сақталып қалған сандары Павлодар Ертіс, Кереку-баян өңірінің тарихы бойынша таптырмас өлкетанушылық дерек. Ол өз зерттеушісің әлі де күтіп тұр. Бұл қажетті істі біздің ойымызша 2018 жылдың күзінде құрылған Павлодар облысының Ж. Марданов атындағы тарихи-өлкетанушылық қоғам шеше алар еді [4].

3 **Быкай, Ф.** «Алтын тамыр» – аймақ тарихының айнасы // Алты Алаш. – 19.10.2018. [Электрондық ресурс]. – <http://www.alashgazeti.kz/?p=3957>.

4 **Молдайып, С.** Өлкетану – алтын діңгек // Сарыарқа Самалы. – 27.09.2018. [Электрондық ресурс]. – <http://saryarka-samaly.kz/index.php?id=2046>.

Материал баспаға 24.12.18 түсті.

ҚОСЫМША 1



Сурет 1 – Ж. Марданов атындағы тарихи-өлкетану қоғамының құрылтайшы отырысынан кейін (он жақтан екінші тұрған Зулейха Жәнісқызы Марданова)

A. M. Kulmaganbetova¹, Z. Zh. Mardanova²

Газета «Дауа» – ценный источник по краеведению

^{1,2}Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 24.12.18.

A. M. Kulmaganbetova¹, Z. Zh. Mardanova²

The newspaper «Daua» – a valuable source for local lore

^{1,2}S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan. Material received on 24.12.18.

Изучение и популяризация богатой истории родного края было признанием жизни, гражданской миссией известного ученого, инженера-металлурга, кандидата физико-математических наук, доцента Жениса Марданова. Данное утверждение подтверждается исследовательской, просветительской, научно-публицистической деятельностью Жениса Мардановича на страницах основанной и редактированной им газеты «Дауа».

The study and popularization of the rich history of the native land was the recognition of life, the civil mission of the famous scientist, engineer-metallurgist, candidate of physical and mathematical sciences, associate professor Zhenis Mardanov. This statement is confirmed by the research, educational, scientific and journalistic activities of Zhenis Mardanovich in the pages of the newspaper «Daua», founded and edited by him.

ГРНТИ 77.01.09

Н. М. Сеитов

магистрант, Гуманитарно-педагогический факультет, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан
e-mail: nur94_12@mail.ru

ИЗ СТРАНИЦ ИСТОРИИ ДЮСШ РАЙОНА ТЕРЕНКОЛЬ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

Приобщение к истории своей малой родины является темой актуальной и неисчерпаемой для каждого человека в любом возрасте. Наша статья представляет интерес в связи с тем, что сделана попытка раскрыть историю становления и развития детско-юношеской спортивной школы района Теренколь Павлодарской области. Особое внимание уделено тренерам, которые своим упорным педагогическим трудом проложили дорогу в жизнь многим выпускникам школы.

Ключевые слова: краеведение, ДЮСШ, район Теренколь, история спорта, тренерство.

ВВЕДЕНИЕ

Уникальность ДЮСШ района Теренколь в том, что это первая сельская спортивная школа в Павлодарской области. Первоначально как Качирская ДЮСШ она была открыта в октябре 1963 г. при районном отделе народного образования, заведующим которого был А. С. Текенов. Сегодня его именем названа Качирская СОШ № 2.

В школе в то время занимались 300 учащихся по пяти видам спорта: лёгкая атлетика, велоспорт, лыжный спорт, баскетбол, волейбол. Первым директором ДЮСШ был А.А. Хоменков. ДЮСШ в первое время размещалось в здании Качирской СОШ №1 имени А.Н.Ёлгина и кроме спортивных помещений включала две комнаты для администрации.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Занятия проводились в спортивном зале школы, на летних спортивных площадках, в подвальном помещении. С начала открытия школы в ней работала целая плеяда молодых энергичных тренеров: Кацуба Виталий Иванович, Зуенко Лариса Дмитриевна, Зуенко Валерий Михайлович,

с 70-х годов Гальченко Павел Дмитриевич, Мележик Галина Григорьевна, Чернышова Тамара Александровна тренер по лёгкой атлетике, Яценко Пётр Евдокимович тренер по велоспорту, Коваленко Иван Иванович – лыжи и Рубцов Евгений Васильевич тренер по баскетболу.

Высокие результаты в 1970-е годы показывали по лёгкой атлетике Шугаипов Жаксылык ставший чемпионом области и призёром республиканских соревнований в беге на 100 метров с результатом 11,4 секунды; Дятлов Иван по прыжкам в длину стал чемпионом области, призёром республики. В 80-х годах мастером спорта по прыжкам в высоту стал Долгих Александр.

С конца семидесятых годов до 1986 года первенство области среди школьников по лыжам проходило в с.Качиры (ныне с. Теренколь), приезжали команды всех городов и районов области, соревнования проходили на высоком уровне. Воспитанник ДЮСШ Воронько Евгений стал первым мастером в Павлодарской области по лыжным гонкам. В эти годы были подготовлены более 30 спортсменов с первым взрослым разрядом.

Н. М. СЕИТОВ

Наибольший успех в те годы добились велосипедисты. В 1983 г. Королёв Анатолий в составе сборной команды Республики Казахстан на Всесоюзной спартакиаде выполнил норматив мастера спорта международного класса, а тренеру Яценко Петру Евдокимовичу было присвоено Заслуженный тренер КазССР. Им было подготовлено несколько мастеров и кандидатов в мастера спорта. П. Е. Яценко был директором ДЮСШ с 1972 по 1986 гг.

В 1972 году в ДЮСШ было открыто отделение хоккей с шайбой, одним из первых тренеров, кто работает до сих пор в школе, является Коношенко Василий Васильевич. Команды хоккеистов за это время во всех возрастных группах становились чемпионами и призёрами областных соревнований и призёрами республиканских соревнований.

В середине 70-х годов в школе были открыты секции вольной борьбы, настольного тенниса.

Тренерами по борьбе в то время работали Греков Николай Кузьмич, Джанаргалиев Омар Ходисович – преподавал борьбу в селе Береговое. Китаев Ермек Капанович, Алтынбаев Зиннур Измайлович вели секцию настольного тенниса. Немного позже было открыто отделение казахша-курес, тренер – Умурзаков Абай Серикович. Занятия по борьбе проводились в актовом зале автоколонны 2572. За это время было подготовлено двое кандидатов в мастера спорта Анчутин Павел, Джанаргалиев Алихан. Куандыков Мурат и Асылгожин Абай выполнили норматив мастеров спорта по казахша-курес.

Маракшина Вера неоднократно становилась чемпионкой области по настольному теннису, выполнила норматив кандидата в мастера спорта.

На протяжении 10 лет, с 1990 по 2000 год, были большие трудности в спорте в связи с распадом Советского Союза, но школа продолжала работать. В 2000 году началась

реконструкция и восстановление бывшего здания профилактория «Автомобилист», а в 2002 г. уже состоялось открытие этого здания с пристроенным спортивным залом размером 30*18 метров, в котором сегодня находится ДЮСШ.

В настоящее время школа имеет двухэтажное здание с гостиничными номерами на 24 места. Два приспособленных зала для борьбы, а также кабинеты для администрации и тренерско – преподавательского состава. Позже была сделана кровля на здание, провели водопровод и электро-отопление здания.

В 2007 г. был построен спортивный комплекс для игры в хоккей с шайбой, первый в сельской местности с пластиковыми бортами, двумя раздевалками, душем и туалетом.

На сегодняшний день учащиеся школы обеспечены инвентарём и оборудованием почти в полном объёме.

В настоящее время в школе работает 23 тренера по девяти видам спорта, из них десять тренеров штатных и тринадцать совместителей. Двадцать человек имеют высшее образование, три тренера средне-специальные. Директором школы с 1994 по апрель 2017 год работал Коношенко Василий Васильевич, являющийся отличником просвещения Республики Казахстан, неоднократно награждённый медалями, почётными грамотами Акимата и Маслихата области, акимата района.

Заведующим по учебной части ДЮСШ является Сорокин Александр Никифорович, который работает в ДЮСШ с 1988 г. Методистом работает Сорокин Александр Александрович.

В школе культивируются 9 видов спорта: хоккей с шайбой, вольная борьба, борьба «казахша-курес», лыжные гонки, волейбол, баскетбол, футбол, тогыз-кумалак, велоспорт. Контингент учащихся составляет 470 человек. Учащиеся отделения хоккей с шайбой являются неоднократными призёрами республиканских соревнований,

чемпионами областных спартакиад школьников, это учащиеся Гриднев Виталий, Самойленко Иван, Абиев Бауыржан, Малыгин Евгений, Маклашов Владислав, Тевризев Максим, Литвенко Никита, Сахаров Игорь, Перфильев Николай, которые входят в сборную области по хоккею с шайбой.

На зимних республиканских спартакиадах школьников сборная области формируется на базе сборной представляющей ДЮСШ Качирского района. Здесь работают опытные тренеры первой категории В. В. Коношенко, Д. В. Коношенко, благодаря которым показываются высокие результаты.

В отделении по вольной борьбе работают тренера братья Балташевы Нурлан и Айтемир, мастера спорта по вольной борьбе, имеющие первую категорию, с приездом которых, этот вид спорта развивается интенсивно, а также молодой тренер П. С. Марушкевич. Воспитанники которых показывают высокие результаты на областных и республиканских соревнованиях. Были подготовлены пять кандидатов в мастера спорта и более десяти перворазрядников, Ильясов Исламбек в конце 2016 г. стал призёром Чемпионата РК.

В отделении казахша-курес работает воспитанник школы С. Н. Садвакасов. Его ученики становились чемпионами области, занимают призовые места на республиканских соревнованиях. Так, воспитанник Лешков Денис в 2012 г. был в составе сборной Казахстана, где принимал участие в Чемпионате Мира по поясной борьбе в г. Астана, и завоевал титул Чемпиона Мира. Также С. Н. Садвакасовым были подготовлены кандидаты в мастера спорта В. Лешков, А. Ёлгин, Б. Костеренко, Т. Ахметов

Учащиеся отделения лыжные гонки являются неоднократными победителями и призёрами областных спартакиад школьников, в составе сборной

области занимали призовые места в республиканских соревнованиях. Учащиеся С. Ким и Д. Рязко выполнили нормативы кандидатов в мастера спорта. Дарья неоднократный призёр республиканских соревнований в Петропавловске, Риддере и Павлодаре, неоднократная чемпионка молодёжного первенства РК в 2012 году. Уже 25 лет в отделении лыжные гонки тренером работает А. Н. Сорокин, который вместе с тренерами В. С. Наумовым и А. А. Сорокиным развивают этот вид спорта в школе.

В отделении волейбол работают тренера Ю. В. Навумов и Т. Э. Остапенко, Ю. В. Михайлов, О. А. Топко. Под их руководством воспитанники показывают неплохие результаты: заняты призовые места в областных турнирах в г. Экибастузе, с. Теренколь.

В отделении баскетбол работают тренера У. С. Уралов, А. Н. Краснощёков, А. В. Фланчев, которые готовят членов сборной района по баскетболу.

В отделении велоспорта тренером-преподавателем работает Наумов Вячеслав Сергеевич, его воспитанник Зинковский Ярослав в этом году стал победителем Республиканских соревнований на треке, Ярослав входит в состав сборной республики. Открыты отделения по футболу и тогыз-кумалак.

Для того чтобы охватить большее число детей и выявлять способных ребят не только в райцентре, но и в сельских округах детско-юношеско спортивной школой были открыты филиалы по вольной борьбе в селе Береговое, по баскетболу в селе Жанабет и селе Песчаное, по волейболу, футболу и лыжным гонкам в селе Береговое [1].

Ниже приводим воспоминания первых тренеров.

Так, тренер П. Е. Яценко вспоминает: «История ДЮСШ по факту началась с 1967 г., это было открытие спортивных школ по области, первым директором был Хоменков Александр Анатольевич,

мы вместе с ним начинали работать, я после окончания 10-го класса, сразу пошел работать учителем начальных классов, мы начинали работать в старой первой школе, затем я год отработал, поступил в институт заочно, а первую школу открыли в 1964 г., мы помогали заканчивать её строительство, с октября месяца мы перешли работать в первую школу и буквально на следующий год открыли первую спортивную детско-юношескую школу на базе первой школы, у нас там здание сбоку было, контора была, там кабинет был, маленький склад и как тренерская.

На базе первой школы существовало отделение первой школы, отделение гимнастики, отделение спортивных игр. Тренерами в основном были Хоменков А. А. вел легкую атлетику, спортивную стрельбу, дополнительно на базе первой школы мы открыли отделение лыжных гонок, отработав год в 1963 г. был призван в армию, школа только открылась и меня отправили от неё, после демобилизации с армии в 1966 г., я пришел школа потихоньку уже развивалась, сформировалась небольшая база, приобрели немного инвентаря, начал с работы тренера по лыжным гонкам и преподавателем в первой школе, я вел старшие классы девочек, а Хоменков А. А. вел мальчиков, было раздельное обучение, с 1967 г. можно сказать, я уже работал тренером, в 1968 г. меня назначили директором ДЮСШ, так потихоньку стали развивать лыжные гонки, велоспорт открыли, легкую атлетику вела Тамара Александровна Сербиненко, у нас были хорошие ребята, они были чемпионы области, призеры республики, были в составе Павлодарской области и сборной Казахстана это Дятлов Иван, Дятлов Николай, Мудриевская Татьяна, Новакова Нина была чемпионкой области, Республики Казахстан по многоборью и многие другие ребята

Хорошие лыжники были у нас, 50 % сборной области давала и готовила Качирская ДЮСШ среди них были такие ребята Шугаипов, Уралов это были первые лыжники, ребята Сабодаж, Ковалев, Сорокин и др. защищали честь области, честь Казахстана. В легкой атлетике были сильные ребята, также велосипедисты.

Когда мы начинали инвентаря мало было, все равно мы старались, были хорошие ребята, достойные защищавшие честь области, где 3–4 человека из шести, двое запасных представляли Качиры в то время. Первым у нас был Королев Анатолий, который выполнил норматив мастера международного класса, Шугаипов Аблай мастер спорта, Сабодаж Владимир мастер спорта, также норматив в кандидаты мастера спорта выполняли такие ребята как Усольцев, который выполнил данный норматив в 8 классе. Ребята занимались серьезно, также в составе сборной у нас были ребята по велоспорту, выступали на соревнованиях «школьник Казахстана», выступали на всесоюзных соревнованиях, защищали честь Казахстана, сейчас они закончили институты, работают, например Демихов Игорь чемпион на спартакиаде «Школьник Казахстана», окончил школу со знаком «Алтын белгі», закончил университет, в данное время работает в СОШ № 1 им. А. Н. Елгина, есть чем гордиться, есть что вспомнить.

Приятно, что попали они под нашу руку, что то время хоть и было действительно сложное, но мы старались работать друг с другом в команде, доверяли друг другу, они как ученики, а я как преподаватель с ними, вкладывал в них душу, мы всегда дружно выступали, проводили областные соревнования постоянно, первенство по лыжным гонкам, к нам ехали со всей области, готовили хорошую лыжную дорогу, выполняли все нормативы по первому разряду, также по велоспорту проводили многодневки, даже детско-спортивная школа г. Сарань

Карагандинская область, г. Шымкент, г. Караганда, Омск приезжали к нам. Проводили мы соревнования нормально, дети росли, они друг у друга учились, многие достигали хороших результатов, гордость школы наша.

Сейчас отделение борьбы у нас хорошее, в то время были у нас чемпионы, честь Казахстана защищали на международных соревнованиях, проводили даже чемпионат Казахстана по вольной борьбе среди взрослых на базе Качирской ДЮСШ, старались приобретать ковры, форму, также неплохо у нас сейчас развивается волейбол, легкая атлетика сейчас опустила планку, спартакиада не проводится, в свое время мы проводили спартакиады, всю программу легкой атлетики, как пионерские игры, среди взрослых, старались проводить многоборье полностью, десятиборье, семиборье у девочек, все бега, все прыжки, метания, сейчас уклон идет немного в другую сторону, направление стало так сказать более специализированно, специалисты уже не те, которые были раньше. Закрывали все виды спорта, метание копья, ядра, ребята все умели, на лыжах бегали и 10 км нужно было обязательно сдать без учета времени, 5 км на время, на разряд, все учащиеся первой школы имели разряд, были спаренные уроки, ходили на левый берег Иртыша, я делал там лыжню, как положено все размечено, маркировано было 500 м, 1000 м, 1500 м и т.д. Ну это история сейчас уже многие перешли в спортзалы

В 1960-е годы в основном приезжали молодые, это было время освоения Целины, мы допустим еще понятия не имели здесь о спорте, и поэтому к нам приезжали с России, здесь нас обучали, помогали, с Павлодара также. В последующем многие специалисты уехали, так как было тяжело с проживанием, хоть и платили комуслуги, но жилищный вопрос был пока нерешаем, многие отработывали свой положенный срок и уезжали, редко кто оставался, но в то время было много специалистов и на периферии,

действительно они душу вкладывали, но со временем и они уехали, осталось мало тех коренных, которые выросли в тех местах это в с. Песчаное, с. Жанабет, с. Октябрьское тоже местные остались, в Воскресенке, Калиновке были хорошие тренеры, во Львовке, Трофимовке и людей тогда в школах много было, наполняемость в классах, по всем видам спорта дети участвовали, как легкая атлетика полностью, два дня мы проводили спартакиаду, также лыжи 10 км, 5 км мальчики бегали, девочки 5 км и 3 км и пионерские игры проводили отдельно по лыжам, легкой атлетике, а потом перешли на «узкую» как говорится бег 100 м., кросс 3 км.

В 1990-е годы перешел работать в училище, так как в ДЮСШ сложилась неблагоприятная обстановка в то время, в училище я работал 10 лет, также спортзал отремонтировал, потихоньку работал, хоккейный корт сделал, в основном помогали учащиеся, сделали также раздевалки, небольшой тренажерный зал, в спортзале ремонт сделал, окна, полы, футбольную площадку, стойки поставил, тренажеры небольшие гири, штанги

В последующем я ушел работать опять в школу, год поработал во второй школе, с директором к сожалению мы не нашли общий язык и до пенсии я уже работал в СОШ № 1 имени А. Н. Елгина, а потом опять подвал, своя стихия. Откуда начинал, туда и пришел, сделали лыжную базу, потихоньку велоспорт, станки, немного тренажеров, потихоньку приобретали. Как раз 90-е годы было тяжело, но ничего все равно работали, воспитывали ребят многие на истинный путь встали, кто не захотел уже никто не вернет, как душа должна быть у преподавателя, так и ученика, с душой заниматься, отдаваться этому и любить свое дело

Больше всего запомнилась, что ДЮСШ была центром всего движения, объединяла всех в один кулак, было все согласовано, положение составляли вместе, нормативы утверждали, думали о том как

стать чемпионами по многоборью, все старались поэтому у нас был действительно коллектив неплохой, запомнилось как мы проводили спартакиаду, как закрывали полную программу в два дня, как награждали и уже действительно сильнейшие ехали в город и представляли район, у нас всегда были призеры областной спартакиады, тогда мы соревновались с городами, Павлодар–1 место, Качиры–2 место, мы обыгрывали Экибастуз и Аксу в общем зачете. Все виды закрывали, во всех видах выступали, один год было если мы обыгрывали город нам давали премиальные очки, мы один год выиграла всеобщую спартакиаду, но кубок нам не дали, улыбается Петр Евдокимович, слишком много вам будет. Мы зато приплыли на теплоходе с Павлодара до Теренколя, мои учащиеся выигрывали велоспорт, другие по легкой атлетике такие как Мудриевская, Новакова, братья Дятловы чемпионами были и нам как поощрение на теплоходе подарили поездку с Павлодара до Теренколя. Всю ночь мы пели песни, музыка по Иртышу, хорошо провели время. Вот это как раз сильно осталось в памяти

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Сведения из архива ДЮСШ района Теренколь
- 2 Воспоминания ветерана спорта, одного из первых тренеров, а затем директора ДЮСШ Яценко П. Е.
- 3 Воспоминания ветерана спорта, одного из первых тренеров по хоккею и бывшего директора ДЮСШ Коношенко В. В.

Н. М. Сеитов

Павлодар облысы Теренкөл ауданының БЖСМ-нің тарихы беттерінен

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы.
Материал 24.12.18 баспаға түсті.

Я желаю, чтобы Качирский район, ныне Теренкольский всегда был на слуху и где бы мы не выступали нас бы уже знали, с нами считались, уважали. Чтобы нынешнее поколение тренеров, спортсменов достойно несло наше знамя, знамя района Теренколь» [2].

ВЫВОДЫ

В целом, можно констатировать, что ДЮСШ района Теренколь за все годы своего существования внесла большой вклад в развитие спорта в Павлодарской области, подготовила тысячи спортивных юношей и девушек, принимала самое активное участие в воспитательной работе, вела профилактику правонарушений. Конечно, это большой труд педагогов-тренеров, профессиональных спортсменов, которые ежедневно занимались в спортивных залах, участвовали в республиканских и международных соревнованиях, состязаниях, занимая призовые места. Важно, чтобы история спорта не забывалась и воспитанники помнили своих тренеров, свою спортшколу.

- 4 Воспоминания бывшего ученика, а ныне завуча ДЮСШ Сорокина А. Н.
- 5 Воспоминания бывшего председателя добровольно-спортивного общества «Кайрат», тренера по велоспорту Наумова В. С.
- 6 Воспоминания ветерана спорта, тренера по легкой атлетике Чернышовой Т. А.

Материал поступил в редакцию 24.12.18.

N. M. Seitov

From the pages of the history of Children's and youth sports school of the Terenkol district of Pavlodar region

S. Toraighyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.
Material received on 24.12.18.

Кез-келген жастағы адамға туған өлкенің тарихына сүйсіну өзекті, шексіз тақырып болып келеді. Біздің мақаламыз бұл қырынан қызығушылық тудырып тұр, себебі Павлодар облысы Теренкөл ауданының балалар мен жастар спорт мектебінің қалыптасу және даму тарихын ашып көрсету әрекеті жасалған. Ерекше көңіл бөлінгені – бапкерлердің педагогикалық еңбегі. Олар көптеген мектеп тұлғтерінің болашақ өміріне жол ашып берді.

Introduction to the history of their small homeland is the topic of relevance and inexhaustible for every person at any age. Our article is of interest due to the fact that an attempt has been made to reveal the history of the formation and development of the Children's and youth sports school in the Terenkol district of the Pavlodar region. Particular attention is paid to coaches who, through their persistent pedagogical work, have paved the way for many school graduates.

А. Б. Темірханова

магистрант, «Қазақстан тарихы» кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;
Мұғалім, Мемлекеттік тілде оқытатын дарынды балаларға арналған «Зерде» мамандандырылған жалпы білім беру мектебі, Екібастұз қ., 140000, Қазақстан Республикасы
e-mail: alekabb@mail.ru

АҚ ОРДА – ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ МЕМЛЕКЕТІ

Кейінгі ортағасырларда Еуразияның далалық аймағында өмір сүрген Ақ Орда мемлекеті алып жатқан аумағымен, этникалық құрамымен, мәдениеті мен шаруашылығымен одан кейін пайда болған Қазақ хандығы өте ұқсас болды. Осы тұжырымды дамыта отырып, автор Ақ Орда – қазақтың тарихтағы тұңғыш мемлекеті болғанын пайымдайды.

Кілтті сөздер: ұлттық тарих, Ақ Орда, қазақ халқы, мемлекет, мирасқорлық, тарихи сабақтастық.

КІРІСПЕ

XIV–XV ғасырларда Ұлы Дала халқы монғол шапқыншылығының зардаптарынан бірте-бірте арыла бастады. Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік шығысында қала мәдениеті, егіншілік, қолөнер өндірісі жандана түсті. Өлкенің батыс, орталық, далалық өңірі мен оның оңтүстігі, Жетісу және Орта Азия аймақтарымен сауда байланыстары қалпына келтірілді. Сонымен бірге бұл тұста монғолдардың қол астында болып келген ұлыстар мен елдер дербес тәуелсіз мемлекеттер қатарына шықты. Осындай тәуелсіздіктің арқасында Қазақстан жерінде алғашқы рет жергілікті этникалық негізде пайда болған ірі мемлекет – Ақ Орда хандығы. Оның шекарасы Жайық өзенінен Ертіске, Батыс-Сібір ойпатынан Сырдың орта шеніне дейін созылып жатты. Ақ Орданың негізгі халқы ерте заманнан осында мекендеген түркі қыпшақ тайпалары, сондай-ақ, Алтайдан осында қоныс аударған наймандар, қоңыраттар, крейттер, үйсіндер, қарлұқтар және басқалары.

Ақ Орданың негізін қалаған Шыңғыстың немересі Жошы ханның

үлкен ұлы Орда Ежен. Ақ Орда алғашқы құрылған кезде Алтын Ордаға тәуелді иелік болып есептелді, ал іс жүзінде өз алдына тәуелсіз саясат жүргізіп отырды. Ол кезде Алтын Орданың астанасы Еділ бойындағы Сарай қаласы еді. Ал Ақ Орданы билеген Орда Еженнің ордасы алғашында Ертіс алқабында Алақөл маңында, яғни әкесі Жошы ханның алғашқы қоныстарында болды. Ақ Орда хандарының кестесі оларды болған уақытына қарай мынадай ретпен тізеді: Орда Ежен, Сартақ, Қоныша, Баян, Сасы-Бұқа, Ерзең, Мұбарак, Шымтай, Орыс хан, Қойыршақ, Барақ, т.б. [1].

Ақ Орда тарихына байланысты материалдар Муин ад-Дин Натанзи, Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани, Мұхаммед Хайдар Дулат, А. Ю. Якубовский, Б. Д. Греков, А. А. Семенов, Ш. Ш. Уәлиханов, В. Бартольд, Құрбанғали Халид, Өтеміс Қажы, Л. Гумилев, М. Қозыбаев, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина т.б. авторлардың еңбегінде бар [2].

Жас ғалым Қанат Өскенбай осы тақырыпта тарих ғылымдарының

кандидаты диссертациясын қорғады, кейін монография ретінде рәсімдеп баспадан шығарған [3]. Бірақ бұл тақырып біршама жазылғанымен мемлекет тарихы ретінде жүйеленбеген еді. Белгілі қазақ тарихшысы, профессор Зардыхан Қинаятұлы соңғы жылдары аталмыш тақырыпты зерттеп үш монография («Қазақ мемлекетілігінің тарихы». «Адамар», 2007; «Қазақ мемлекеті және Жошы хан». «Елорда», 2004; «Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті» 2 томдық. «Тарих тағылымы», 2010) және 10-нан аса мақала жазып, 6 конференцияда баяндама жасаған [4]. Зерттеулерінің қорытындысында ғалым ағамыз «Ақ Орда қазақтың алғашқы мемлекеті» деген түйінге келді. Біз соны қолдап отырмыз. Егер бұл ғылыми пікірді тарихи санаға енгізсек, қазақ мемлекеттілігі тарихын жүз жылдан аса уақытқа ілгерілете аламыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ақ Орда Жошы ұлысының әскери сол қанатын құрайтын мемлекеттік дербес құрылым ретінде қалыптасып, 240 жылға жуық уақыт (1224–1465 жж.) салтанат құрды. Ақ Орданың мемлекеттік құрылым ретінде қалыптасу процесін төрт кезеңге бөліп қарадық.

1) Ақ орда алғаш шаңырақ көтеріп, Алтын Ордамен саяси қатынасы қалыптасқан жылдар (1224–1244–1245 жж.);

2) Орда Ежен ұрпақтарының Ақ Орданың дербестігі үшін жүргізген күрестері кезеңі (1250–1370 жж.);

3) Орыс хан және оның ұрпақтарының Темір шапқыншылығына қарсы күрестері (1368–1378 жж.);

4) Орыс хан ұрпақтарының Әбілқайыр билігіне қарсы жүргізген күрестері нәтижесінде Ақ Орда «Қазақ хандығы» атауымен қайта жаңғыруы (1428–1465/1466 жж.) [5].

1227 жылы Жошы өліп, оның ұлысы екіге жіктелгенде жарыққа шыққан Ақ Орда хандығы екі ғасыр өмір сүрді. Ақ Орданың отырықшы аудандарында жерді шартты

түрде иелену мен жеке меншіктің түрлері қалыптасты. Көшпелі аудандарда мал шаруашылығы кеңінен дамыды. Ақ Орданың еңбекші халқы хандар мен ақсүйектер пайдасына күшпір, зекет, тағар тәрізді салықтар төлеп, әртүрлі парыз-қарыздарды да өтеп тұрған. Түркі тілдес тайпалар мекендеген Ақ Орданың ресми тілі – қыпшақ тілі, немесе қазақ тілі болып саналады [6].

Ақ Орданың кемеліне келіп, толысқан шағы XIV ғ. екінші жартысы. Ақ Орда хандары хандықтың астанасы Сығанақ қаласында өз аттарынан металл ақша шығарды. 1361 жылы Ақ Орданың билеушісі болған Орыс хан өз жағдайын біраз күшейтіп, енді Алтын Орда тағына отыруға күш салды. 1374–1375 жылдары Еділ бойымен жорыққа шыққан ол Сарайды өзіне қаратып, Хаджы-Тарханды (Астраханды) қошауға алды. Кама бұлғарларының жерін бағындырды. Орыс хан – Жошы ханның тұңғыш ұлы Орда Еженнің жетінші ұрпағы. Ш. Уәлиханов, Құрбанғали Халид, М. Тынышпаев, Хаммер және басқадай тарихшылар Орыс ханды қазақ хандарының атасы деп танып, қазақ хандары кестесін Орыс ханнан бастайды [7, 165 б.].

Ал Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек Орыс ханның шөберелері (Орыс хан-Құйыршық хан-Барақ хан-Барақ хан-Жәнібек хан; Орыс хан-Құйыршық хан – Әнікеболат-Керей). Осыны ескерген қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайыр «Бу Яныбек хан атасының ұлысын (Ақ Орда,- авт.) өзі биледі» десе (Ш.ж-114-б), Б. Ахметов «Гирай и Джанибек унаследовали отцовскую (Барака) власть в Белой Орде» дейді [8, 62 б.].

Орыстарихи әдебиетінде қазақ хандары ордасын «Урусов царев юрт», «Бараков царев юрт» деп атайды. Тарихшылардың арасында Ақ Орданың салтанат құрған уақытын билікке «Токтамыстың келуімен», «Барақ ханның өлуімен» немесе Ақ Орданы Әбілқайырдың басып алуымен тәмамдайтын пікір қалыптасқан. Біздің бұл пікірге айтар уәжіміз бар. Әрине, Барақ

ханның өлімі Ақ Орданың саяси тағдырына үлкен соққы болғаны рас, бірақ онымен Ақ орданың әулеттік билігі үзілген емес, билікті оның ұлы Жәнібек аталасы Керей жалғастырды. Тоқтамысқа келсек ол да Ақ Ордаға жат емес. Жошы ханның қара шаңырағынан тараған ұрпақ.

Бірақ Орыс ханның үстемдігі ұзаққа созылмай, келесі жылы ол Еділ бойынын кетіп, Алтын Ордадағы билікті Мамайға беруге мәжбүр болды. Өйткені, бұл кезде Орта Азиядағы Мауеренахр жеріндегі билікті өз қолына алып күшейе түскен Әмір Темір Ақ Орданың оңтүстік шекарасына шабуыл қауіпін төндірген еді. Ақ Ордаға қарсы шабуылда Әмір Темір Маңғыстау үлесінің билеушісі Түйкөжа оғланның баласы Тоқтамысты пайдалануға тырысты. Әмір Темір Ақ Орданы жаулап алу мақсатын жүзеге асыру үшін қару-жарақ, әскери күш беріп, Тоқтамысты Ақ Ордаға қарсы айдап салды.

Тоқтамыстың алғашқы жорығы (1374–1375 жж.) сәтсіз аяқталды. Бұл соғыста Орыс ханның баласы Құтылық Бұға қаза тапты. Тоқтамыстың екінші жорығы да Орыс ханның баласы Тоқтақия басқарған Ақ Орда әскерлерінен жеңілді. Әмір Темір Ақ Ордаға жорық жасау үшін Тоқтамысты үшінші рет әскермен жасақтады және бұл жорықты өзі бастап шықты. Тек төртінші жорық кезінде Орыс ханның және оның баласы Тоқтақияның қайтыс болуы Әмір Темірдің жеңіске жетуіне мүмкіндік берді. 1377 жылы Орыс хан қайтыс болғаннан кейін, Ақ Орда иелігі оның баласы Темір Мәлікке көшкенді. Осы кезде Тоқтамыс Орта Азия әміршісі Ақсақ Темірге сүйеніп, Темір Мәліктің әскерін талқандайды, сөйтіп 1379 жылы өзін Ақ Орданың ханы деп жариялайды.

Тоқтамыс мұнымен тоқтаған жоқ. Атап айтқанда, Тоқтамыс Ақсақ Темірдің қамқорынан босануға тырысады. Бірақ, 1380, 1391, 1395 жж. Ақсақ Темірдің Тоқтамысқа қарсы жасаған аса үлкен үш жорығынан кейін Алтын Орда тас-талқан

болып қирайды. Темірдің басқыншылық соғыстарының нәтижесінде және ішкі талас-тартыстан 14 ғ. соңы мен 15 ғ. бас кезінде Ақ Орда да әлсіреп қалады. Темірдің басқыншылық соғыстарының нәтижесінде және ішкі талас-тартыстан XIV ғ. аяғы мен XV ғ. бас кезінде Ақ Орда да әлсірейді. Ол Әмір Темірдің боданына айналды [1].

1423–1424 жылдары Орыс ханның немересі Барақ өзінің бақталастарын жеңіп шығып, Ақ Ордада хандықты өз қолына алады. Бұл кезде, Ақ Орданың басты қаласы Сығанақ, сондай-ақ Сырдың орта ағысындағы қалалар Темір әулетінің қолында еді. 1425–1426 жылдары Барақ Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбекке қарсы жорыққа аттанып, Сығанақты және Сырдария бойындағы басқа да қалаларды босатты. Осы жеңістің нәтижесінде Ақ Орда Темір әулетінің үстемдігінен тәуелсіз болып алды. 1428 жылы Барақ хан жауларының қолынан қаза тапты. Ол Ақ Орданың ең соңғы ханы болды.

Сөйтіп, 1227 жылы Жошы өліп, оның ұлысы екіге жіктелгенде пайда болған Ақ Орда екі ғасыр өмір сүрді. Ақ Орданың отырықшы аудандарында жерді шартты түрде иелену мен жеке меншіктің түрлері қалыптасты. Мал шаруашылығы да дамыды. Жер иеленушіліктің інжу, милк, сойырғал сияқты түрлері және тархандық сый тарту болған. Ақ Орданың еңбекші халқы хандар мен ақсүйектер пайдасына күпшір, зекет, тағар тәрізді салықтар төлеп тұрды [2].

Барақ хан өлгеннен кейін Ақ Орда ыдырады да, билік Жошының кіші ұлы Шайбан тұқымынан шыққан Әбілхайыр сұлтанның қолына көшті. Оның 1446 жылы Ақ Орданың астанасы Сығанақ және Ақ Орданың орталық қалаларын басып алғаны шындық. Бірақ, Жәнібек, Керей, Бүрке сұлтан, Ибақ хан бастаған Ақ Орда мұрагерлері Әбілқайырдың билігін мойындаған емес, Әбілқайырдың бірде-бір жорығына қатыспады, оған қызмет көрсеткен оғлан, би, батыр, әмірлердің тізімінде олардың бірде-бірінің аты жоқ

